

*Мақсатым – тіл ұстартып,  
өнер шаппақ...*  
АБАЙ.

«Қазақ тілі мен  
әдебиеті» және  
«Ұлағат»  
жауапкершілігі  
шектеулі  
серіктестігінің  
ай сайын  
шығатын  
Республикалық  
ғылыми-  
педагогикалық,  
әдістемелік  
журналы

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың  
наурыз айынан  
бастап шығады

**4/2016 СӘУІР**

---

## АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева,  
Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,  
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшіһүр Жүсіп,  
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,  
Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

## МАЗМҰНЫ

### Таным табиғатында

С.ШАБАЖАНОВА.	Қазақ тілі мен әдебиетінен оқыту мазмұнын жанартудың басым бағыттары мен түбегейлі өзгерістері.....	5
Э.БАЗЫЛБАЕВА.	Түркі халықтарының әдебиеті.....	10
Т.ТЛЕУОВА.	Арқаның әнді ерттеп, күйді мінген әншісі-Жарылғапберді Жұмабайұлы.....	16
А.ӘЛШЕРІ.	Оқыту мен оқу үдерісін бірлесіп жақсарту мақсатында зерттеу сабағы тәсілін пайдалану.....	19
А.ЖУСИПОВ.	Оқытудағы жаңа тәсіл-диалогтік оқыту.....	21
А.КЕНЖЕХАНОВ.	Дарынды оқушылармен жұмыс жасаудағы Абай шығармашылығының тиімділігі.....	23
Н.ӘМІРҒАЛИЕВА.	«Абайтану» факультативтік курсына арналған жұмыс дәптері.....	30
С.ЖУМИНА.	Жыр дүлдүлі - Жамбыл.....	32
А.РЫСҚАЛИЕВА.	А.Иассауи. «Диуани Хикмет» кітабындағы ой даналығы.....	41
Ә.ТОҚСАНОВА.	М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесіндегі жазушы шеберлігі.....	43
Қ.ИЛЬЯСОВА.	Тұңғыш педагог-жазушы Ы.Алтынсарин салған өрнекті із.....	45
А.МЕНДІБАЕВА.	Қазақ жауынгерінің ерлігі.....	48
А.УМАРОВА.	Махамбет шығармаларының тақырыбы мен идеясы.....	50
Ж.ТАУГУДРЕТОВА.	Расул Ғамзатов. «Ана тілі».....	52
М.БАХАЕВА.	Ахмет Байтұрсынұлы. «Екі шыбын».....	55
Қ.АСАУБАЕВА.	Қасым Аманжоловтың өмірі мен шығармашылығы.....	58
А.ДЖУМАТАЕВА.	Абай өлеңдерінің тілі.....	60
Л.ҚОҢЫРБАЕВА.	Махамбет Өтемісұлы шығармашылығы.....	65
А.СЕРМАҒАНБЕТОВА.	М.Мақатаев. «Елім барда», «Анау-аспан, мынау-бақ».....	68
К.ДҮЙСЕНОВА.	Ертегілер.....	70
Л.ЕЛУБАЕВА.	Ш.Уәлиханов. «Ыстықкөл күнделігі», «Жоңғар очерктері».....	72
Р.ӘБДІКАДЫР.	І.Жансүгіров. «Қулагер» поэмасы.....	74
А.ЖУМАТАЕВА.	М.Жұмабаев. «Түркістан» өлеңі.....	76
Т.БАЙМҰРЗИНА.	Ж.Аймауытов. «Әнші» әңгімесі.....	79
А.НИЕТАЛИНА.	С.Мұқанов. «Саятшы Ораз».....	82
С.РАЙМҚУЛОВА.	Қайталама қос сөздер.....	86
А.ДҮЙСЕНБАЕВА.	Көнерген сөз.....	89
Р.АЛДАМУРАТОВА.	Сөйлем ішіне қойылатын тыныс белгілері. Үтір.....	92
Ұ.БЕРДЕШОВА.	Болымды және болымсыз етістік.....	95
А.ТӨЛЕУҚАНОВА.	Қайталау - оқу анасы.....	98
Э.НҮРШЕЙСОВА.	Сан есімнен өткенді қайталау.....	100
Ж.ПІРЖАНОВА.	Лексикадан өткенді қайталау.....	104
Б.ШАКЕНОВА.	Қазақстанның жеті кереметі.....	108
П.ҚАНАТОВА.	Хат немесе адамдар арасындағы өмірдастан және олардың түрлері мен тілі.....	110
М.НҮРМҰҚАШЕВА.	Не? Қашан? Қайда?.....	117
М.УРЫНҒАЛИЕВА.	Білім сынағында М.Шахановтың өмірі мен шығармашылығына арналған тест сұрақтары.....	118
А.ҚАРАКЕНОВА.	Әдеби кеңістікте Поэзия әлемі.....	125
Ж.ҚҰРЫМБАЕВА.	Сыныптан тыс шара Мұқағали - мәңгілік ғұмыр.....	128
Н.ҚАДЫРҚҰЛОВА.	Семинар-тренинг.....	132
Г.ДӘУРЕНОВА.	Бір тақырыпқа - екі мақала ХХІ ғасыр көшбасшысы.....	135
Г.ӘБІЛМАЖИНОВА.	ХХІ ғасыр көшбасшысы.....	138

## СОДЕРЖАНИЕ

### Познание

С.ШАБАЖАНОВА.	Радикальные изменения и обновления содержания обучения по казахскому языку и литературе.....	5
Э.БАЗЫЛБАЕВА.	Литература тюркоязычных народов.....	10
Т.ТЛЕУОВА.	Жарылғапберді Жұмабайұлы.....	16
А.АЛШЕРИ.	Пути совершенствования процесса преподавания и обучения.....	19
А.ЖУСИПОВ.	Новый подход к обучению и интерактивного обучения.....	21
А.КЕНЖЕХАНОВ.	Вспомогательный инструмент Эффективность творчества Абая в работе с одаренными студентами.....	23
Н.АМИРГАЛИЕВА.	Качественное обучение казахского языка.....	29
С.ЖУМИНА.	Помощь молодому специалисту Жамбыл Жабаев.....	32
А.РЫСҚАЛИЕВА.	А.Иассауи. «Диуани Хикмет».....	41
А.ТОҚСАНОВА.	Профессионализм писателя в рассказе «Көксерек» М.Ауезова.....	43
Қ.ИЛЬЯСОВА.	Педагог Ы.Алтынсарин.....	45
А.МЕНДІБАЕВА.	Мужество казахского солдата.....	48
А.УМАРОВА.	Казахская литература: передовая технология в образовательном процессе Творчество Махамбета.....	50
Ж.ТАУГУДРЕТОВА.	Расул Ғамзатов. «Ана тілі».....	52
М.БАХАЕВА.	Ахмет Байтұрсынұлы. «Екі шыбын».....	55
Қ.АСАУБАЕВА.	Творчество К.Аманжолова.....	58
А.ДЖУМАТАЕВА.	Язык песен Абая.....	60
Л.ҚОҢЫРБАЕВА.	Творчество Махамбета.....	65
А.СЕРМАҒАНБЕТОВА.	М.Мақатаев. «Елім барда», «Анау-аспан, мынау-бақ».....	68
К.ДҮЙСЕНОВА.	Сказки.....	70
Л.ЕЛУБАЕВА.	Ш.Уәлиханов. «Ыстықкөл күнделігі», «Жоңғар очерктері».....	72
РАБДИКАДИР.	И.Жансүгіров. «Қулагер».....	74
А.ЖУМАТАЕВА.	М.Жұмабаев. «Түркістан».....	76
Т.БАЙМҰРЗИНА.	Ж.Аймауытов. «Әнші».....	79
А.НИЕТАЛИНА.	С.Муканов. «Саятшы Ораз».....	82
С.РАЙМҚУЛОВА.	Казахский язык: передовая технология в образовательном процессе Вторичные слова.....	86
А.ДҮЙСЕНБАЕВА.	Архаизм.....	89
РА.АЛДАМУРАТОВА.	Знаки препинания. Запятая.....	92
У.БЕРДЕШОВА.	Положительный и отрицательный глагол.....	95
А.ТОЛЕУҚАНОВА.	Повторение-мать учения Повторение фонетики.....	98
Э.НҮРШЕЙСОВА.	Имя числительное.....	100
Ж.ПІРЖАНОВА.	Повторение лексики.....	104
Б.ШАКЕНОВА.	Семь чудес света.....	108
П.ҚАНАТОВА.	В колледже Виды письма и биографии.....	110
М.НҮРМҰҚАШЕВА.	Что? Когда? Где?.....	117
М.УРЫНҒАЛИЕВА.	Тест Тест по творчеству М.Шаханова.....	118
А.КАРЕКЕНОВА.	Литературный вечер В мире поэзии.....	125
Ж.ҚҰРЫМБАЕВА.	Внеклассная работа Мұқағали-вечная жизнь.....	128
Н.ҚАДЫРҚҰЛОВА.	Семинар-тренинг.....	132
Г.ДАУРЕНОВА.	Статьи по теме Лидер ХХІ века.....	135
Г.АБИЛЬМАЖИНОВА.	Лидер ХХІ века.....	138

## CONTENT

S.SHABAZHANOVA.	Radical changes and update the content of education in the Kazakh language and literature .....	5
<i>Show</i>		
E.BAZYLBAEVA.	Literature of Turkic peoples .....	10
<i>Precious</i>		
T.TLEUOVA.	Zharylgapberdi Zhumabayuly .....	16
<i>To help the young specialist</i>		
A.ALSHERI.	Ways to improve the teaching process and training .....	19
A.ZHUSIPOV.	A new approach to learning and interactive obucheniya .....	21
<i>Auxiliary tool</i>		
A.KENZHEHANOV.	The effectiveness of Abai in working with gifted students .....	23
N.AMIRGALIEVA.	Quality teaching the Kazakh language .....	29
<i>Help the young specialist</i>		
S.ZHUMINA.	Zhambyl Zhabayev .....	32
A.RYSKALIEVA.	A. Yassau. «Diuani Hikmet» .....	41
A.TOKSANOVA .	The professionalism of the writer in the story «Kokserek» M.Auezov .....	43
K.ILYASOVA.	Teacher Y. Altynsarin .....	45
A.MENDIBAIEVA.	Courage Kazakh soldier .....	48
<i>Kazakh literature: advanced technology in the educational process</i>		
A.UMAROVA.	Creativity Mahambet .....	50
ZH.TAUGUDRETOVA.	Rasul Gamzatov. «Ana tili» .....	52
M.BAHAEVA.	Ahmet Baitursynuly. «Eki shybyn» .....	55
K.ASAUBAEVA.	Creativity K. Amanzholova .....	58
A.DZHUMATAEVA.	Language songs Abay .....	60
L.KONYRBAEVA.	Creativity Mahambet .....	65
A.SERMAGANBETOVA.	M. Makataev. «Elim bard», «Anau-Aspan, mynau-bak» .....	68
K.DUYSENOVA.	Fairy tales .....	70
L.ELUBAEVA.	Sh. Ualihanov. «Ystykkөл kündeligi» «Zhоңғар ocherkteri» .....	72
R.ABDIKADIR.	I. Zhansugurov. «Kulager» .....	74
A.ZHUMATAEVA.	M. Zhumabaev. «Turkestan» .....	76
T.BAYMURZINA.	Zh. Aymaulytov. «Әnshi» .....	79
A.NIETALINA.	S. Mukanov. «Sayatshy Oraz» .....	82
<i>Kazakh language: The advanced technology in the educational process</i>		
S.RAIMKULOVA.	Secondary word .....	86
A.DUYSENBAEVA.	Archaism .....	89
R.ALDAMURATOVA.	Punctuation marks. Comma .....	92
U.BERDESHOVA.	Positive and negative verb .....	95
<i>Repetition-the mother of learning</i>		
A.TOLEUKANOVA.	Repeat phonetics .....	98
E.NURPEISOVA.	Numeral .....	100
ZH.PIRZHANOVA.	Repetition vocabulary .....	104
B.SHAKENOVA.	Seven Wonders of the World .....	108
<i>In college</i>		
P.KANATOVA.	Types of letters and biographies of .....	110
M.NURMUKASHEVA.	What? When? Where? .....	117
<i>Test</i>		
M.URYNGALIEVA.	On creativity M. Shahanova .....	118
<i>Literary evening</i>		
A.KAREKENOVA.	In the poetry world .....	125
<i>Vneklasnaya work</i>		
ZH.KURYMBAEVA.	Mukagali-eternal life .....	128
N.KADYRKULOVA.	Training Seminar .....	132
<i>Related Articles</i>		
G.DAURENOVA.	Leader of the XXI century .....	135
G.ABILMAZHINOVA.	Leader of the XXI century .....	138

Таным табиғатында

УДК 37.02(574)

С.ШАБАЖАНОВА,  
«Өрлеу» БАҰО АҚФ  
Павлодар облысы бойынша  
педагогикалық қызметкерлердің  
біліктілігін арттыру институты.

## ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІНЕН ОҚЫТУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУДЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ МЕН ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРІСТЕРІ

Мақалада білім мазмұнын жаңартудың басым бағыттары, оның дәстүрлі жүйеден ерекшеліктері көрсетілген. Сол арқылы қоғамның назарын бұл өзгерістердің қажеттілігіне аударуға тырысады. Білім мазмұнын жаңарту тұлғаның жан-жақты дамуымен қатар оның өмірде табысты болуына жол ашатын педагогикалық жүйе ретінде қарастырылады.

Кілтті сөздер: білім мазмұны, функционалды білім, тілдік және коммуникативтік құзыреттілік, шиыршық тәріздес оқыту қағидаты, өлшемді бағалау, қалыптастырушы, жиынтық бағалау.

Бүгінгі білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында тіл мен әдебиет пәнін оқыту жүйесі түбегейлі өзгерістерге ұшырайтын болады. Бұл өзгерістер уақыт талабынан келіп туындаған, жылдар бойы қалыптасқан жүйені қоғамның қарыштап даму талаптарына сәйкес бейімдейтін үдеріс болып табылады. Бүгінгі мектепте оқушы ақпаратты өте көп біліп, меңгергенімен, оны қолдану, өз қажетіне жарату жағдайында қиындықтарға кездесетіні ешкімге де жасырын емес. Соңғы уақыттарда мектеп оқушыларының функционалды сауаттылығы туралы жиі айтылып, әсіресе, тілдік дағдыларды дамытудың өзекті мәселелері қарастырылып жүр. Мектеп оқушылары өз сөздерін дәйектеп, дәлелді пікірлер айтуда, жинақтап, қорытынды жасауда, қиындықтарға тап болып жатады. Тілдік кемшіліктермен қатар, орфографиялық, пунктуациялық қателерді де жиі жібереді. Мектеп мұғалімдері оқушылардың сауаттылығымен жылдар бойы жұмыс істегенімен, өкінішке орай сол қателер дағдыға айналып қалып қояды, түбегейлі жойылмайды. Бұл білімнің болғанымен, қолданылуының төмен деңгейде екенін көрсетеді. Сондықтан да білім мазмұнын жаңарту - уақыт күтпейтін талап.

Қазақстан өз тарихында жанару мен жаңғыру кезеңдерін бастан

өткеріп жатыр. Елбасы өзінің Қазақстан халқына Жолдауларында ел дамуындағы маңызды мәселелерге тоқтала отырып, білім берудің бәсекеге қабілетті болуына ерекше басымдық береді. Күнде өзгеріп жатқан ғаламда уақыт талабынан қалмай, бәсекеге қабілетті болу үшін бүгінгі білім беру жүйесіне түбегейлі өзгерістер керек. Білім саласындағы басты өзгерістердің бірі ретінде білім мазмұнының жаңаруын айтуға болады. Бұл - уақыт талабынан шығуға деген талпыныстан туған жауапты қадам. Негізгі білімнен функционалды білімге ауысу кезеңінде әрине, көзқарастар қайшылығы орын алатыны айқын. Дегенмен, бүгінгі күннің талабы-осы. Қаншалықты күрделі үдеріс болғанымен, бірақ осы өзгерістер, түбегейлі жаңаруларды қажет етеді. Білім мазмұнын жаңарту жағдайында ерекше басымдық берілетіні-оқушылардың кең ауқымды дағдыларды игеруі. Кең ауқымды дағдылар дегеніміз - оқушының білімді функционалдылықпен және шығармашылықпен қолдануы, сын тұрғысынан ойлауы, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, өз әрекетінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана алуы, коммуникативті қарым-қатынас тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды пайдалануы, топпен және жеке жұмыс жасай білуі. Бүгінгі мектеп кең ауқымды дағдылардың негіздерін меңгерген оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасып дамуына қолайлы білім беру ортасын құруды мақсат етеді. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда дәстүрлі педагогикадағыдай көп ақпарат беріп, көп білгізу емес, оқушылардың тілдік және коммуникативтік құзыреттілігін дамыту алдыңғы қатарға шығады. Оның ішінде тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын қалыптастыру басты нысанаға алынады.

Жаңа бағдарламаның мақсаты коммуникативтік тәсілдер арқылы оқушының тіл туралы, ұлттық және жаһандық мәдениеттің маңызы туралы түсінігін кеңейте отырып, қазақ тілін табысты үйретуді көздейді.

Білім мазмұнының жаңаруы бекітілген негізгі 3 құжат арқылы жүзеге асады.

- Пән бойынша оқу бағдарламасы
- Оқу жоспары
- Өлшемді бағалау бойынша нұсқаулық.

Пән бойынша оқу бағдарламасы білім беру бағдарламасына тікелей қатысы бар құжат болып табылады. Онда пәннің құрылымдық сипаттамасы, білім беру бағдарламасы үшін маңызы және оны сыныпта іске асырудың педагогикалық тәсілдері ұсынылған.

Пән бойынша оқу бағдарламасы 8 тараудан тұрады:

- Пәннің маңыздылығы.
- Бағдарламаның мақсаты.
- Пәнді оқытуға қойылатын талаптар.
- Қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдер.
- АКТ қолдану құзыреттілігі.
- Оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту.
- Оқу нәтижелерін бағалау.

Пән бойынша оқу бағдарламасында ерекше назар аударатын компонент - оқу мақсаттары.

Оқу мақсаты-соңғы нәтижені көрсететін тұжырым: мұғалім

оқушыларға үйреткісі келетін негіз. Оқу мақсаттарының ерекшелігі - олардың сараланып берілетіні. Жалпы мақсаттар мен тілдік мақсаттардың жеке-жеке көрсетілуі.

Оқу жоспары - белгілі бір пән және сынып бойынша мұғалімдерге арнап әзірленетін құжат. Оқу жоспары белгілі бір пән аясында қамтылатын материалдардың барлығын қамтиды және онда бұл материалдарды қандай ретпен оқытуға және оқуға болатыны ұсынылады. Оқу жоспарының ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді түрлері бар.

Оқытудың негізгі мазмұны тілдік дағдыларды меңгеруді көздейді. Оқушыларды төрт дағдының барлығын белсенді түрде пайдалануға ынталандырады. Ол тиімді оқу арқылы жүзеге асырылады.

Тиімді оқу белсенді, бірлесіп оқу, оқудағы саралау, пәнаралық байланыстыр, оқушылардың қажеттіліктеріне қарай әрекет ету, электронды оқыту және жаңа технологияларды пайдалану, оқу диалогтарын құру, модельдеуді қарастырады.

Жаңарған білім беру мазмұнының бүгінгі білім беру мазмұнынан басты айырмашылықтары ретінде бірнеше аспектілерді жеке бөліп атауға болады. Басты ерекшелігі ең алдымен, пән мазмұнының спиральді қағидатпен берілуі. Бұл дегеніңіз - оқушының белгілі бір дағдыны жүйелі түрде жеңілден күрделіге өту қағидатына сәйкес игеруі. Мәселен, грамматикалық нормаларды сақтау бойынша оқу мақсаттарын игеруде оқушы 2-сыныпта мұғалімнің көмегімен түбір және көмекші сөздерді ажырататын болса, келесі сыныпта негізгі түбірге жұрнақты жалғау арқылы туынды сөз жасап, түбірлес сөздердің мағынасын ажыратады, 4-сыныпта күрделі сөздердің түрлерін ажырата алатын болады. Спиральді (шиыршық) тәріздес оқу қағидаты дегеніміз – біріншіден, оқушы мектептегі оқу үдерісінің барлық кезеңінде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқиды; екіншіден, әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптық немесе пәннің күрделілігі арта түседі; үшіншіден жаңа тақырыпты өту алдыңғы тақырыптармен тығыз байланысты және алдыңғы алынған ақпараттың мазмұны аясында қарастырылады.

Шиыршық тәріздес оқыту қағидатының негізгі басымдығы:

- оқушы пәнді қайталап оқыған сайын ақпарат бекітіліп отырады;
- шиыршық тәріздес оқыту қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы жеңіл идеялар анағұрлым күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді;
- оқушыларға бұрын алған білімдерін курстың мақсатына жету үшін қолдану ұсынылады.

Екінші ерекшелігі – оқу мақсаттарының Блум таксономиясы бойынша берілуі. Яғни, оқушылар алдымен ойлаудың білу, түсіну, қолдану, кейін талдау, жинақтау, бағалау деңгейлерін игеретін болады. Үшінші ерекшелігі -оқу үдерісінің ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар арқылы ұйымдастырылуында. Дәстүрлі педагогика тілімен айтатын болсақ, бағдарлама, күнтізбелік, күнделікті сабақ жоспарлары арқылы сабақтың ұйымдастырылуы.

Бүгін әлем рухани-адамгершілік тәрбие мәселелеріне баса назар аударып отыр. Себебі технология қарыштап дамыған сайын, адамның

ішкі рухани құндылықтары да одан кенжелеп қалмауы керек. Осы бағытта оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, оқушының адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру – жаңа білім мазмұнының басты полсапасы болады. Бүгінгі білім жүйесінің артықшылықтары бар болғанымен, бірақ кейбір қайталаулар, тым көп апарат пен талап, білім мазмұнындағы алшақтық – көкейкесті мәселелердің бірі. Жаңа білім мазмұны осы алшақтықты ескере отырып, білім беру деңгейлері аралығында пән бойынша сабақтастықты ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қоюға жұмылдыруды көздейді. Оқушы белсенді әрекетке түсе отырып, өзіндік тәжірибе, өмірлік тәжірибе жинақтайтын болады, бұл оқытудағы жүйелі-әрекеттік ұстанымды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл жаңа білім мазмұнына тән басты 6 ерекшелік. Шәкәрім Құдайбердіұлы: «Оқытудың ең үздік тәсілі – әңгіме, ол мұғалімнің тәлімгерлік шеннен түсіп, оқушылармен тең дәрежеде ақиқат іздеушіге (оқудағы болса да) айналады. Әңгімелесуде басты мәселелер: Отан, адам бойындағы Руханилық пен Адамгершілік туралы ой толғау керек» деп тұжырымдап кеткеніндей, білім мазмұнын жаңартудағы басты мақсат оқушыны жеке тұлға ретінде тәрбиелеу, оның негізін рухани-адамгершілік тәрбиеге бағыттау, баламен тең қарым-қатынас орнатып, оның көзқарастарын құрметтеу, оның өзіндік тұжырым жасауына мүмкіндік бере отырып, әлеуметтік дағдыларды еркін игеруін сол арқылы табысты да бақытты өмір сүруін қамтамасыз ету болып табылады.

Білім мазмұнын жаңарту жағдайындағы тағы бір өзгерістер бағалау жүйесіне қатысты. Дәстүрлі бағалау жүйесіндегі олқылықтарды ескере отырып, бағалаудың жаңа жүйесі жасалынды. Дәстүрлі педагогикада қолданылатын салыстырмалы бағалау, мұғалім бағалауы толығымен жаңару үдерісін бастан өткереді. Ең бастысы, бағалаудың айқындылығы, әділдігі мен тепе-теңдігі, ашықтығы, ынталандырушы, түзетуші қағидаттарға негізделуі, түпкі мақсаты бағалаудың оқушының өзін-өзі дамытуына ықпал етуі болып табылады. Негізгі өзгеріс - бағалаудың 2 түрінің болуында, қалыптастырушы және жиынтық бағалау. Қалыптастырушы бағалау дегеніміз оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз ететін және оқу үдерісін дер кезінде түзетуге мүмкіндік беретін бағалаудың түрі болып табылады. Ол келесі қағидаттарға негізделген:

- оқытудың бір бөлігі («оқыту үшін бағалау»);
- барлық оқу мақсаттары қамтылады (оқу мақсаттары барлық сыныптарда пәндер бойынша оқу жоспарларында нақтыланып белгіленген);
- бағалау белгіленбейді;
- оқу мақсаттарына жеткендігі бағалау өлшемдеріне сәйкес жүзеге асады;
- әр оқушының ілгерілеуі туралы кері байланыс беріледі;
- ҚБ нәтижелері оқыту сапасын, оқу бағдарламасын жақсарту үшін қолданылады.

Қалыптастырушы бағалау әр сабақ сайын жүргізіліп отырса, бағалаудың екінші түрі-жиынтық бағалау бөлімі, тоқсан және жыл бойынша жүргізіліп

отырады. Жиынтық бағалау – белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, триместр, оқу жылы, орта білім деңгейі), сондай-ақ оқу бағдарламаларындағы балл және баға қойылатын бөлімдер, ортақ тақырыптарды аяқтаған кезде жүргізілетін бағалаудың түрі. Қалыптастырушы және жиынтық бағалау педагогикалық жүйеде өлшемді бағалау деп аталады.

Білім мазмұнындағы жаңартулар мен өзгерістер бұл қазақстандықтардың алға қойған мақсаттарына жетудегі негізгі бағыты болып табылады. Бұл жүйеде педагогтің қызметіне үлкен жауапкершілік пен асқан табандылық қажет болады. Жарқын болашақтың, жасампаз істердің бастапқы негізі болып табылатын бұл өзгерістер қазақстандық серпінді дамуға өз үлесін қосатын болады.

Әдебиеттер

1 Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту аясында қазақ тілінде оқытатын мектептердің қазақ тілі мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015 ж.

2 Бастауыш мектеп оқу бағдарламаларындағы өзгерістер. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, «Білім беру бағдарламалары орталығы» материалдары.

3 Өлшемді бағалау. Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, «Білім беру бағдарламалары орталығы» материалдары.

#### **Радикальные изменения и обновления содержания обучения по казахскому языку и литературе**

В статье рассматриваются основные вопросы обновления содержания школьного образования, их отличия от традиционной системы образования. Статья имеет цель обратить внимание общественности на изменения, происходящие в сфере среднего образования. Обновление содержания школьного образования рассматривается как педагогическая система, обеспечивающая всестороннее развитие личности, его успешность в социуме.

Ключевые слова: содержание образования, функциональная грамотность, языковые и коммуникативные компетенции, спиральнообразное образование, критериальное оценивание, формативное, суммативное оценивание.

#### **Radical changes and update the content of education in the Kazakh language and literature**

In the article the basic questions of updating of maintenance of school education, their differences, are examined from the traditional system of education. The article has a goal to pay attention to public changes what be going on in the field of secondary education. Updating of maintenance of school education is examined as a pedagogical system, providing all-round development of personality, his success with society.

Key words: maintenance of education, functional literacy, language and communicative competences, спиральнообразное educating, criterion evaluation, формативное, суммативное evaluations.

**Э.БАЗЫЛБАЕВА,**  
**«Жалтыр жалпы орта білім**  
**беретін мектеп» мемлекеттік мекемесі.**  
Павлодар облысы,  
Май ауданы

## **ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ** **ӘДЕБИЕТІ** (8-сынып)

Түсінік хат

Бұл бағдарлама негізгі орта мектептің 8-сынып оқушыларына арналып құрастырылған. Еліміз егемендік алғаннан кейін әлемдегі көптеген елдермен түрлі саладағы байланыстар жасалып, қазақ халқының тәуелсіздігі мойындалып, еліміздің ұстанған бағыт-бағдарлары айқындалды. Туысқан халықтардың жақындасуына қолайлы нәтижелерге қол жеткізілді. Бұл мәселеде түркі тілдес халықтардың бір-бірімен байланысы, достық пен ынтымақтастық қарым-қатынастардың орнығуына ғылым мен өнер барынша ықпал етуі тиіс. «Түркі халықтарының әдебиеті» бағдарламасының мақсаты- оқушыларға тамырлас халықтар әдебиетінің әйгілі ақын-жазушылардың шығармашылығымен таныстыру. Бағдарлама шеңберінде оқушылардың білімін кеңейтіп, мазмұнын тереңдете түсіп, оқушылардың эстетикалық, адамгершілік, мейірімділік қасиеттерін молайту көзделуде. Бағдарлама тарихи-әдеби кезеңдер принципін құрылған. Шолу тараулардан және монографиялық бөлімдерден тұрады. Бағдарламада әдеби материалдардың туу дәуірлеріне қарай негізделіп, екі бөлімге топтастырылды. Бірінші бөлім. Ежелгі түркі әдебиеті(түркі тілдес халықтарына ортақ әдебиет) Екінші бөлім. Түркі халықтарының әдебиеті.

Оқу бағдарламасы

(8-сынып, аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат)

I бөлім. Түркі халықтарының ежелгі әдебиетіне шолу. 5 сағат.

Түркі тектес халықтардың тарихи тағдырластығы, ежелден қоныстастығы, тілдерінің, әдебиеті мен мәдениетінің жақындығы, оның ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің үлгілеріндегі ұқсастығы, ортақ сюжеттерді туғызуы.

Орхон ескерткіштері. Олардың іргелі ел-Түркі қағанатының тұсында жазылғандығы. Тасқа қашалып жазылған дастандардағы Түрік қағанатының құрылуы мен құлдырауы. Ежелгі түркі дәуірінің қоғамдық, әдеби, мәдени өмірін жыр еткен жырлар: «Күлтегін» жыры, «Білге қаған», «Тоныкөк».

Қорқыт-VIII ғасырда Сыр бойында өмір сүрген батыр, атакты күйші, аңыз кейіпкері туралы. «Қорқыт ата кітабы»-түркі тектес халықтардың ежелгі тарихын, байырғы тұрмысын, әдет-ғұрпын, салт-санасын, ақындық дәстүрін танытатын эпикалық, әрі тарихи мұра.

Жүсіп Баласағұни «Құтты білік», Махмұд Қашқари «Түркі тілдерінің жинағы», Ахмет Яссауи «Даналық кітабы», Сүлеймен Бақырғани «Бақырғани кітабы», Қыпшақтың жазба кітабы «Кодекс куманикус», т.б. түркі халықтарына кең таралып, жалпы халықтық ортақ мұраға айналып кетуі.

II бөлім. Түркі халықтарының әдебиеті. 28 сағат.

**Әзірбайжан әдебиеті**-4 сағат. Әзірбайжан әдебиеті-түркі халықтары әдебиеті ішіндегі өзіндік бай тарихы, көп ғасырлардан бері жалғасып келе жатқан өзіндік көркем сөз дәстүрі бар әдебиеттердің бірі.

Низами Ганджауи (1141-1209)-әзірбайжан классикалық әдебиетінің негізін қалаушы. «Хамса» (бес дастан), «Сырлар қазынасы», «Ескендір-наме», «Қысрау мен Шырын», «Ләйлі-Мәжнүн», «Жеті ару» үлгісінің негізін салудағы еңбегі.

«Жеті ару» дастанында ақын мемлекетті қашанда әділ, парасатты, білімді, мейірімді, қарапайым халыққа жаны ашитын адам басқаруы керек деген идея ұсынады. Дастанның басты қаһарманы-Баһрам. Ол Иран елінің патшасы. Баһрам жастық шағын сауық-сайранмен өткізеді де, жасы ұлғайған шағында патша болып ел басқарады. 2 сағат.

Мырза Фатали Ахундов (1812-1876)- әзірбайжанның реалистік әдебиеті мен драматургиясының негізін қалаушы қаламгері, ағартушы, ойшыл философы.

М.Ф.Ахундовтың «Мемлекеттің «игі жақсылары» және Ерші Жүсіп туралы хикая» деген шығармасы әзірбайжан әдебиетіндегі реалистік прозаның бастамасы болды. Хикаяда өңеші кең, құзғын құлқынды, қара басының қамы үшін өз халқын сатып жіберуге әзір тұрған, қорқақ, әрі зұлым әкімдер-«игі жақсылар» қай заманда да болған (2 сағат).

**Өзбек әдебиеті**-4 сағат. Өзбек әдебиетінің түркі тілдес халықтарының ортасындағы тарихы мен әдебиет саласындағы орны.

Әлішер Науаи (1441-1501)-өзбек халқының ұлы ақыны, данышпан ойшылы.

Әлішер Науаидың «Ескендір қорғаны» дастанының басты қаһарманы Ескендір патшаның протопиті-Александр Макендонский екені мәлім. «Ескендір қорғаны» дастанында өзге патшаларға үлгі боларлықтай әділ, ақылды, қайырымды патшаның жинақталған бейнесін жасайды (2 сағат).

Хамза Хакімзада Ниязи (1889-1929) әлеуметтік оқиғаларға мезгілінде үн қосып, мәдени жаңалықтардың жаршысы болғандығы. Хамза-драмалық шығармалардың асқан шебері. «Аса құрметті аналарға хат», -аялап, адам етіп қыз өсіру аналық парыз екендігі. «Оқуға үндеу»-өзбек жастарына арнау (2 сағат).

**Қырғыз әдебиеті**- 2 сағат. Түркі тілдес өзге халықтар сияқты, қырғыз халқы ауыз әдебиетінің де алуан жанрадағы үлгілері көп. Қырғыз халық фольклорында аңыз, ертегі, мақал-мәтел, тұрмыс-салт жырлары, күлдіргі әңгімелер, мысалдар кең орын алды.

“Манас”-қырғыз халқының батырлық эпосы. Жырдың негізгі идеясы -халықтың бостандығы, бірлігі, бақытты өмір үшін қаһармандық күресі. Жырда көпшілік халықтың думан-сауықшыл, жарқын, жайдары мінездерінің, дәстүрлерінің әсерлі суреттелгендігі. Ас туралы жырдың

жорық жырына ұласуы. (2 сағат).

**Түркімен әдебиеті**-5 сағат. Түркімен халық ауыз әдебиеті-эпостық шығармалар мен ертегілерге мейлінше бай болып келеді.

Түркімен ертегілері «Біреуге ор қазба-өзің түссесің», Нысапты мен нысапсыз», «Ақыл мен Бақыт» (1 сағат).

Мақтымқұлы Фраги (1733-1772) - түркімен әдебиетінің ірге тасын қалаушылардың бірі. Мақтымқұлы-халықтың озық ойлы, данышпан ақыны, түркімен әдебиетінің классигі екендігі. Ақын жырларының өзекті тақырыбы-адамгершілік, гуманистік идеяны ту етіп көтеру. Мақтымқұлының туған жер, қарапайым халық, ізгілік, адамгершілік жайында жырлары («Тең емес», «Ат керек», «Дегейсің», «Боларсың», т.б. ақын ретінде танытты (2 сағат).

Молланепес Қадырбердіұлы (1810-1962 )-түркімен халқының атақты ақыны және көрнекті музыканты.

«Таһир мен Зухра» дастанының түркі тілдес елдер арасына кең тараған сюжет желісінде өрнектелуі. Ақынның ойшылдық дәстүрмен өзінше, ел өміріне, ерекшелігіне бейімдеп жырлауы Зухра мен Таһир образын суреттеу арқылы азат махаббатты, жан-дүние пәктігін, тазалық, ізгілік жайлы жырлай отырып, бас бостандықты аңсаған жастар бейнесін сомдауы (2 сағат).

**Қарақалпақ әдебиеті**- 4 сағат. Қарақалпақ халқының өзіне тән өте бай ауыз әдебиеті бар. Қарақалпақ халқының жазба әдебиеті негізінен XVIII ғасырдан басталады.

Жиен жырау-XVIII ғасырда өмір сүрген көрнекті қарақалпақ сөз зергері.

«Қырық қыз» дастанының негізгі идеясы-туған елді шет елдік басқыншылардан азат ету, сыртқы жауға қарсы күрес, достық пен махаббатқа адалдық.

«Қырық қыз» дастанының негізгі кейіпкерлері-Гүләйім мен Арыстан, Сарбыназ, Алтынай бастарына қандай ауыртпалық түссе де, қиын-қыстау кезеңдерге төтеп беріп, алған беттерінен қайтпайды, алға қойған мұрат-мақсаттарынан жаңылмайды (2 сағат).

Бердақ Қарғабайұлы (1827-1900)-XIX ғасырдағы қарақалпақ әдебиетінің ең көрнекті өкілдерінің бірі. Бердақ-өз заманының көкейкесті мәселелерін сан қырынан келіп, көсіле жырлаған ақын.

Ақынның гуманистік ой-пікірлері оның «Жақсырақ», «Керек», «Іздер едім», т.б. лирикалық өлеңдерінде айқынырақ бейнеленген (2 сағат).

**Ұйғыр әдебиеті**-3 сағат. Ұйғыр халқы көп ғасырлық тарихында аса бай, әр түрлі жанрлы болып келетін ауыз әдебиетін өмірге әкелді. Олардың ішінде, халықтық жырлар, ертегілер, аңыздар, күлдіргі әңгімелер, батырлық пен ғашықтық дастандар, мақал-мәтелдер т.б (1 сағат).

Білал Назым (1825-1900)- XIX ғасырдағы ұйғыр әдебиетінің аса көрнекті өкілдерінің бірі. «Назыгүм» киссасының жанрлық сипаты. Тарихи оқиғаның суреттелу ерекшелігі. Манчжурия отаршыларына қарсы күреске қатынасқан ұйғыр әйелі Назыгүм образы. Оның батыл, өжет ерлік күрестерінің нанымды берілуі (2 сағат).

**Татар әдебиеті**-2 сағат. Татар халқының жазба әдебиеті көне дәуірлерден

басталды. Татар халқының ауыз әдебиеті тұрмыс-салтқа байланысты туған өлең-жырларға бай болып келеді. Сондай-ақ ертегінің сан алуан түрлері, батырлар жыры, лиро-эпостық жырлар, мақал-мәтелдер, т.б татар көркем сөз өнерінің алтын қорынан кен орын алған (1 сағат).

Ғабдолла Тоқай (1886-1913)- татар реалистік әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, атақты ақын, дарынды публицист. Ақынның «Шәкіртке кездесу», «Татар қыздарына», «Кітап» т.б өлеңдері татар әдебиетін түр жағынан да, мазмұн тұрғысынан да байытпа түсті (1 сағат).

**Башқұрт әдебиеті** -2 сағат. Башқұрт ауыз әдебиеті формасы жағынан да, мазмұны тұрғысынан да мейлінше бай болып келеді. Башқұрт мақал-мәтелдері (1 сағат).

Салауат Юлаев (1752-1800)- башқұрт халқының ұлттық батыры, аса дарынды ақыны. «Салауат батыр» тарихи жырында ер азаматтың намысын қозғап, жалаң қылышы жайдақ атпен жауға батыл шабуға үндеген жырлары осы кезде, ат жалында, жорық қосының астында туды (1 сағат).

**Тәжік әдебиеті**- 2 сағат. Тәжік елі туралы мағлұмат. Ауыз әдебиеті. Оның түркі тілдес елдер әдебиетімен байланысы (1 сағат).

Әбдірахман Жәми (1414-1492)- шығыстың ұлы ақындарының бірі. Бірі болса да бірегейлік күрделі жалын көтеріп кеткен данышпан ақын. «Гүлстан» жыры (1 сағат).

Қорытынды сабақ 1 сағат.

Оқушылардың икем-дағдыларына қойылатын талаптар:

1. Бағдарламада ұсынылған әдеби мәтінді, үзінділерді, өлеңдерді дұрыс, шапшаң және мәнерлеп оқи алулары;
2. Көркем мәтіндерді ауызша мазмұндап айтып беруі;
3. Ұнаған жырларды жаттау, мәнерлеп оқу, алған әсерлерін айта білуі, сезімдерін ақынша толғап, ақынша тебірене жеткізуге талаптануы.
4. Шығармалардың ең басты оқиғаларын бөліп ала білуі, жүйелі түсінікті баяндауы.
5. Өзіне ұнаған бір шығармаға рецензия-пікір жазуға талаптануы.
6. Шығарманың тіл көркемдігін, жазушының эстетикалық табысын анықтап, талдай алуы.
7. Өздері қалаған шығармалары бойынша ғылыми сипаттағы мақала, реферат, талдау жасай білуге икемделуі.
8. Әдеби шығармада бейнеленген оқиғалар мен кейіпкерлер әрекетін өзіндік көзқарасын білдіре отырып, сипаттай алуы;
9. Мәтінге қысқаша жоспар құра білуі;
10. Оқыған шығарма сюжетінің ізімен немесе еркін тақырыпта әр түрлі шығармашылық жұмыс түрлерін (өлең, шағын әңгіме, ертегі, т.б.) құрастыра алуы тиіс.

Тақырыптық-күнтізбелік жоспар.

8-сынып

(аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат)

№	Мазмұны	Сағат саны	Мерзімі
	Түркі халықтарының ежелгі әдебиетіне шолу. 5 сағат		

1	Тасқа жазылған ескеркіштер	1	
2	«Қорқыт ата кітабы»- тарихи мұра	1	
3	Жүсіп Баласағұни. «Құтты білік», Махмұд Қашқари «Түркі тілдерінің жинағы»	1	
4	Сүлеймен Бақырғани. «Бақырғани кітабы», Қыпшақтың жазба кітабы «Кодекс куманикус»	1	
5	Шығармашылық жұмыс.	1	
Түркі халықарының әдебиеті-28 сағат.			
6	Әзірбайжан әдебиеті. Низами Ганджауи «Жеті ару»	1	
7	Дастанның басты қаһарманы-Баһрам	1	
8	Мырза Фатали Ахундов- әзірбайжанның реалистік әдебиеті мен драматургиясының негізін қалаушы каламгері, ағартушы, ойшыл философы.	1	
9	«Мемлекеттің «игі жақсылары» және Ерші Жүсіп туралы хикая»	1	
10	Өзбек әдебиеті. Әлішер Науаидың «Ескендір қорғаны» дастаны	1	
11	Ескендір- әділ ел билеуші.	1	
12	Хамза Хакімзада Ниязи -драмалық шығармалардың асқан шебері.	1	
13	«Аса құрметті аналарға хат», «Оқуға үндеу» өлеңдері.	1	
14	Қырғыз әдебиеті. “Манас” — қырғыз халқының батырлық эпосы.	1	
15	Жамбы атыс.	1	
16	Түркімен әдебиеті. «Біреуге ор қазба-өзің түсесін», Нысапты мен нысапсыз», «Ақыл мен Бақыт» ертегілері	1	
17	Мақтымқұлы Фрагидың «Тең емес», «Ат керек» өлеңдері	1	
18	«Дегейсің», «Боларсың» өлеңдері.	1	
19	Молланепес Қадырбердіұлы. «Таһир мен Зухра» дастаны.	1	
20	Бас бостандықты аңсаған жастар.	1	

21	Қарақалпақ әдебиеті. Жиен жырау-ХVIII ғасырда өмір сүрген көрнекті қарақалпақ сөз зергері. «Қырық қыз» дастаны	1	
22	«Қырық қыз» - қарақалпақ халқының батырлық эпосы.	1	

23	Бердақ Қарғабайұлы-«Жақсырақ», «Керек», «Іздер едім», т.б. лирикалық өлеңдері.	1	
24	Өлеңдердің көркемдік ерекшеліктері.	1	
25	Ұйғыр әдебиеті. Ұйғыр мақал-мәтелдерінен.	1	
26	Білал Назымның «Назығұм» қиссасы.	1	
27	Ұйғыр әйелі - Назығұм образы.	1	
28	Татар әдебиеті. Татар мақал-мәтелдерінен.	1	
29	Ғабдолла Тоқайдың «Шәкіртке кездесу», «Татар қыздарына», «Кітап» өлеңдері.	1	
30	Башқұрт әдебиеті. Башқұрт мақал-мәтелдері.	1	
31	Салауат Юлаевтың «Салауат батыр» тарихи жыры.	1	
32	Тәжік әдебиеті. Ауыз әдебиеті. Түркі тілдес елдер әдебиетімен байланысы.	1	
33	Әбдірахман Жәми «Гүлстан» жыры	1	
34	Шығармашылық жұмыс. Қорытынды сабақ	1	

Әдебиеттер:

1 Келімбетов Н., Канафин Ә. Түркі халықтары әдебиеті. Алматы: «Рауан», 1996.

2 Әдеби жәдігерлер. 1 том. Көне дәуірдегі әдеби ескерткіштер.

3 Қазақ әдебиеті. 8-сынып. -Алматы: Мектеп, 2012.



**Т.ТЛЕУОВА,  
Қ.Кемеңгеров атындағы  
жалпы орта білім беру  
мектебі.**

Павлодар облысы  
Баянауыл ауданы

## **АРҚАНЫҢ ӘНДІ ЕРТТЕП, КҮЙДІ МІНГЕН ӘНШІСІ – ЖАРЫЛҒАПБЕРДІ ЖҰМАБАЙҰЛЫ**

Арқаның дәстүрлі ән мектебінің айтулы өкілінің бірі – Жарылғапберді Жұмабайұлы. «Әнді ерттеп, күйді мінген» дейтін жампоздың нақ өзі. Заманында әнші Жарылғап, балуан Жарылғап атанған. Әнші болғанда, ауыл арасының жайдақтай салатын жаман-жұман айғайшысы емес, асқақтатып көтергенде, аспандағы құс қайырылған ғаламат дауыс иесі болған өнерпаз. Екі әншінің бірі батылы барып сала бермейтін «Ардақ», «Шама», «Топайкөк» секілді қайталанбас әндердің шығарушысы.

Жарылғапберді Жұмабайұлы 1851 жылы Павлодар облысы, Баянауылдың оңтүстігінде 35 шақырым Жылыадыр деген жерде дүниеге келген. Ол жер Күркелі ауылдық округіне қарасты Шоманкөл ауылынан 6-7 шақырым жерде. Жасында кедей болып, кісіге жалданып жүрген. Бертін келе шаруасы күйленген. Өзінен бала болмай, асырап алған Мұқыл деген баласы болыпты. Ол Керекуде жұмыскер болса керек. Жарылғапберді шала сауатты, қу тілді, мысқылға шебер болыпты.

Жарылғапберді жасынан әнге әуестенеді. Той-думанда ән салады, бала әнші атанады. Ел арасында жыр, қиссаларды жатқа айтып жүреді. Оның әншілігі Шорман бидің тұқымдары ауылына жетеді. Халқының өнерін аса қадірлеген Мұса Шорманов інісі Мұстафаны жіберіп шақыртып алады. Ән айтқызып тыңдап көреді. Жас әншінің өнеріне сүйсінген Мұса мырза сыйлы-құрметті жиындарға, өзімен тізгіндес адамдардың дастарханына барғанда Жарылғапбердіні бірге қасына ертіп жүре-тұғын болған.

Жарылғапберді өнердің әр қырынан көрінген тума талант иесі болған. Оған сандақ әнші, шебер домбырашы, дарынды сазгер, ақын деген сипаттама бере аламыз. Жарылғапберді қушықеш, мысқылшыл, палуан болған деседі. Жарылғапбердінің палуан денелі, алып адам болғандығына дәлелді деректерді Зейтін Ақышевтің мақаласынан табамыз. Жаяу Мұсаның Салығы бұл турасында былай дейді: «Жарылғап қажы батырға сәлем берем деп біздікіне келді, атам онда тың, аттан түспеген кезі, скрипка, қобыз тартады, қаршыға салады. Екеуі бір күн, бір түн қалжыңдасып, езу жимай күліп қызыққа кенеліп қалып еді. Жасым 14-15 шамасында,

ананы-мынаны аңғаратын кезім. Жарылғапберді кенкілдеп күлгенде, өзін-өзі көтеріп алып, отырған орнына тастап жібергендей көрініп еді маған». Жарылғапбердінің балуандық бітім-болмысына айғақ боларлық деректі әншінің ет жақын туысы Әмірбек Оралбайұлы асқақал былайша айтып қалдырыпты: «Ол кісінің тұлғасы Қажымұқанға ұқсайтын еді. Бойы мен басы үлкен, екі иығына екі кісі мінгендей, көзі тостағандай, дөңгелек бет, қара торы, бертің келе сақал-шашы бұрыл тартқан адам еді. Жасында талай күреске түскен, асқан балуан адам болған».

Жарылғапберді ағамыз жасы жер ортасынан асқан шағында Меккеге барып, қажылық міндетін орындап, хақ жолына бет бұрыпты. Одан кейін әнді қояды дейді. Бірақ нақты дерек жоқ. Сүйегі қазір Баянауланың Күркелі өңіріндегі Жарылғап қорасы деген жерде жатыр. Ана бір жылдары басына шағын тас орнатылып, темір қоршау қойылған екен. Дегенмен бұнда аты-жөні (Жұмағұллы деп жазылған) мен туған жылы (1838) жаңсақ көрсетіліпті. Ал нақты туған-өлген уақыты: 1851-1914ж.ж. 2012 жылы Жарылғапберді әншінің рулас туыскандары, яғни мәмбет руынан тараған ұрпақтары әншінің басын қайта көтерген болатын.

Арқаның үлкен әншісінің бірі – Жарылғапберді дейді. Жарылғапбердінің өзі шығарған «Топайкөк» әнінде:

*Көкшетау, Баянауыл жер науаны,  
Елінен көктей гүлдеп шығады әні.  
Баурында Көкшетаудың көкке шығып,  
Толғантып Жарылғаптың салған әні.  
Жарылғап ескі әншінің маңғазы еді,  
Әнді ерттеп, күйді мінген ардагері.  
Осы әнді Көкшетаудан әкелдім деп,  
Баянға алып келіп жайған еді, -*

деген өзіне берген мінездемесі бар. Ол әннің айрықша бітімі, асқақ та паң мәнері Мұхтар Әуезовті де тәнті еткен болуы керек. «Абай жолында» бұл әнге айрықша мән беріп, Тоғжанға Абайдың «Топайкөкті» арнайы үйреткенін, кейін Әйгерім мен Абайдың табысуына да сол әннің дәнекер болғанын ерекше толғаныспен жазған ғой. «Айтушысына кездеспей жүр екен ғой сорлы! Мынадай боп айтылған «Топайкөкте» арман жоқ деп танданысты да» деген сөздерді Ерболдың аузына бекерден-бекер салмаса керек.

Сол Әуезов сүйсінген «Топайкөкті» соншалық мән-мағынасын сақтап, бүкіл мәнер нақышында шырқайтын Жарылғапберді өзі де «әнді ерттеп, күйді мінген» маңғаз әнші болатын. Аспайтын, саспайтын, алқынбайтын, жұлқынбайтын, қай әнді де желпілдетпей, елпілдетпей, жеріне жеткізе, мазмұнын барынша аша айтатын Жарылғапбердідей енді әншінің туар-тумасын Құдайдан басқа ешкім білмейді. Ол ән де айтатын, ән де шығаратын даусы асқақ, үні биік, таңғы ауадай тұнық еді. Жиені Қайыржамал Тоқпанованың еске алуы бойынша: «Нағашы ағамыз қолына домбыра алып шырқағанда жанында отырған адамның құлағы тарс болып бітіп қалады, үйдегі әйнектердің шынысы қозғалады екен. Оның әндерін екінің бірі айта алмайды. Дауыстары жетпейді», -депті. Шынында да

Жарылғапберді Біржаннан кейінгі ән шығарғыш адам болыпты.

Жарылғапберді ағамыз «Гауһар тас», «Ардақ», «Шама», «Топайкөк» сияқты қазақ музыка мәдениетінің биік мұнарасына көтерілген, бірегей әндер шығарып, олардың өзін үлкен шеберлікпен орындаған.

Жарылғапберді – ән өнерінде өз мектебі болған дархан әнші. Оның әншілік, орындаушылық дәстүрінен тағылым алған әншілер Баянаула атырабында аз емес. Олардың қатарында Балабек Ержанұлы, Сапарбек Құдайбергенұлы, Қайырбек Райымбекұлы, Бісімліл Балабекұлы, Сайрам Нұрланұлы бар. Қазақ ҚСР халық әртісі Қали Байжанов пен әйгілі әнші Әміре Қашаубаев та Жарылғапбердінің шәкірттері болып саналады.

Өзінің айтуы бойынша Қали он сегіз жасынан бастап Арқаның белгілі әншісі Жарылғапбердіден ән үйрене бастайды. Оның қасына ертіп, шәкірт болып көп жылдар жүреді. Қали Жарылғапбердінің сүйікті шәкірттерінің бірі болады. Қалидың шығармашылық өміріне Жарылғапбердінің өнегесі көп септігін тигізеді. Зор игіліктің қадамы болды. Қалидың орындауында да, Жарылғапбердінің орындауында да, А.Затаевич айтқандай, өзіндік ерекшелік бар. Ол әнді салған жерден аспандатып, көтеріп алып кететін жерінде бой жеткізбей, ән оюлайтын, қиыстыратын, күйкылжытатын жерлерінде қазақ әншілерінде аз келетін өзінің қою, төмен дауысын дүрілдетіп, дыбысы жай кездің өзінде ар жағында бір алапат күз жатқаны сезіледі. Жарылғапберді Шыңғыс Уәлиханов және Мұса Шормановтармен араласа жүріп, Көкшетау, Қызылжар, Омбы өңірлерінде шыққан әндерді Баянаула мен Ертіс бойына жеткізген. Қобызшы Қанқожа, Шоқанның інісі, әнші, әрі ақын Қозыкеңмен дос болған.

Жарылғапбердінің махаббат тақырыбына арналған әндері кезінде көп болған көрінеді. Алайда, халық жадында солардың көбі сақталмаған. Ал бүгінгі күні бізге келіп жеткен «Үш дос», «Ғайни», «Шұбартау», «Қаракөз», «Нұркүланда», «Ардақ», «Шама», «Топайкөк» сынды әндерді келер ұрпаққа, елге кеңінен жайып, таныстыру бүгінгі ұрпақ біздің бәріміздің де парызымыз. Жарылғапберді әнші әр адамның жүрегінен берік орын алуы тиіс.

Әдебиеттер

1 Төлеутай Е. «Баянауылдың дәстүрлі ән өнері», -Алматы, 2006.

2 Алдабергенов К.М., Арын Е.М., Баткеева Б.Т. «Біртуар дара тұлғалар» Павлодар «Университет баспа орталығы», 2003

3 Жәмінов Н.Ж., Жәмінов Ж.Н., «Құтты аймақ» Павлодар, 2012.

4 Жапанова Ү.Н., «Павлодар өңірінен шыққан ғұлама адамдар» Павлодар, 2007.

5 Байбосын С. «Жарылғапбердінің де жағасына қол салдық па?», 2011.

*Мұғалімдерге көмек*

**А.ӘЛШЕРІ,**

**М.Әуезов атындағы  
жалпы орта мектебі.**

Оңтүстік Қазақстан облысы,

Отырар ауданы

## **ОҚЫТУ МЕН ОҚУ ҮДЕРІСІН БІРЛЕСІП ЖАҚСARTУ МАҚСАТЫНДА ЗЕРТТЕУ САБАҒЫ ТӘСІЛІН ПАЙДАЛАНУ**

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі — оның жан-жақты білімінен, ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жана әдістерін меңгеруімен өлшенеді. Білім сапасы-басты көрсеткіш десек, сол білім сапасын арттыру мақсатында қолданылатын түрлі әдіс-тәсілдерді атап көрсетуге болады. Сондай тәсілдердің бірі - білім кеңістігінде кеңінен танымал жапондық зерттеу сабағы тәсілі. Зерттеу сабағы-мұғалімдер тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған ынтымақтастық педагогикалық тәсіл. Зерттеу сабағы -оқушылардың білімдерін көтеру мақсатында өткізіледі. Зерттеу сабағы барысында мұғалімдер:

- Мұғалімдер тобы (кем дегенде 3 мұғалімнен) қатысады;
- Сабақ жоспарларын бірлесе құрады;
- Үш деңгейдегі оқушыларды анықтайды;
- Зерттеуді, бағалауды, бақылауды, талдауды бірлесе жүргізеді.
- Оқушылармен сұхбат жүргізеді;
- Өріптестерімен бөліседі.

Біз өз мектебімізде зерттеу сабағы циклін өткізу үшін зерттеу жұмыстарын жоспарлап, ұйымдастыратын А.Әлшері (қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі), А.Дүйсенбаева (қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі), М.Исаева (ағылшын тілі пәні мұғалімі), А.Ізтілеуова (тарих пәні мұғалімі), Ф.Рымбаева (музыка пәні мұғалімі), Г.Серікбаева (мінезгер) сияқты мұғалімдерден топ құрдық. Зерттеу сабағы тәсілін жүзеге асыру үшін топ мүшелерімен ақылдаса келе, «Сабақ үрдісінде жана тәсілдердің тиімділігі» тақырыбы бойынша 5 «А» сыныбында зерттеу сабағын жүргізуді жоспарладық.

Зерттеу сабағын жүргізу үшін А, В, С деңгейлі оқушылар анықтап алынды. Алғашқы зерттеу сабағын (қазақ тілі) талдау барысында оқушыларға өз бетімен орындау үшін деңгейлік тапсырмалар дайындау ұсынылды. Екінші зерттеу сабағы (ағылшын тілі) алғашқы сабақтың қорытындысындағы ұсыныс ескеріле отырып құрылды және өткізілді. Сабақта оқушылар деңгейлік тапсырмалармен жұмыстанды, сабақтың

талдау нәтижесінде үшінші зерттеу сабағына шығармашылық тапсырмаларды күрделендіріп беруге ұсыныс жасалды. Алдыңғы сабақтан соңғы ұсыныс, оқушымен сұхбат нәтижесі ескеріле отырып, мұғалімдердің бірлесуімен үшінші зерттеу сабағының (қазақстан тарихы) жоспары құрылып, өткізілді.

Үш цикл аяқталған соң мұғалімдердің бірлесуімен зерттеу сабағы қорытындыланды. Нәтижесінде жалпы сыныптағы әр түрлі деңгейдегі оқушылар бойынша өзгерістерді анықтап, төмендегідей қорытындыға келдік: С деңгейіндегі оқушылар:

- Берілген мәтінмен жұмыс жасай алды;
- Жеңіл сұрақтарға жауап беріп, қатесін тауып, өз бетімен жұмыс жасауға ынталанды. В деңгейіндегі оқушылар:
- Алған білімдерін қолданып, тірек-сызбалармен жұмыс жасай алды;
- Қосымша материалдармен жұмыс жасап, өз бетімен білім алуы үшін жоспар құра алды. А деңгейіндегі оқушылар:
- Проблемалық сұрақтарды анықтап, жауап табуда ізденді. Өз білімдерін шығармашылық тапсырмаларды орындауда, логикалық сызбаларды құрастыруда қолдана алды.

Бұл зерттеу жұмысы тек оқушылардың білім сапасын көтеруге ғана бағытталып қойған жоқ, сонымен қатар мұғалімдердің де жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану құзыреттіліктерін жетілдіруді мақсат еткен болатын. Осыған байланысты, пән мұғалімдеріне төмендегідей ұсыныстар жасалды:

- Өз бетімен жұмыс белгілі бір мақсатқа бағытталған, оқушы орындай алатындай етіп таңдалуы тиіс;
- Өз бетімен жұмыс оқушының бар ынтасын салып жұмыс істейтіндей, қызықты етіп әзірленуі керек;
- Тапсырмалар жеңілден күрделіге қарай бағытталуы қажет.

5 «А» сыныбында жүргізілген зерттеу сабағын қорытындылай отырып, сабақтағы өз бетімен жұмысты жетілдіруде оқушылардың деңгейі міндетті түрде ескерілуі керек деген түйін жасалды. Жеке жұмысты берер алдында, оқушылар тақырыпты топта талдаса жақсы нәтижеге жетуге болады. Сабақта бағалау парағын ұсыну, өлшемдік бағалауды енгізу, өздері қол жеткізе алатын нәтиже ғана емес, сабақ бойы қандай іс-әрекетпен айналысатынымен хабардар болып отыруға мүмкіндік береді, бұл олардың өз-өздерін реттеп үйренуге, өз бетімен жұмыс жасай білуге дағдыландырады деген қорытынды жасалды. Ең бастысы, осы зерттеу нәтижесінде 5 «А» сыныбындағы білім сапасында оң өзгеріс байқалды.

Іс-әрекеттегі зерттеу адамдардың тәжірибесін, тәжірибе туралы түсінігін және тәжірибе жүргізілетін жағдайды түсінуін өзгертеді. Ол жаңа үлгілерді - жаңа өмірлік бағыттарды қалыптастыра отырып, «сөйлеу», «тәжірибе» санаттарының мазмұнын өзгертеді. Жалпы зерттеу сабағының мұғалімдер үшін тиімділігі:

Әдеттегіге қарағанда білім алғандығының анағұрлым анық, әр түрлі қырларынан және егжей-тегжейлі дәлелін көруге;

Мұғалімнің пікірі бойынша балаларды оқыту барысында ие болуға тиіс, ал шындығында жағдай қандай екендігі арасындағы айырмашылықты көруге;

Оқытудың нәтижесінде оқушылардың қажеттіліктерін барынша

қанағаттандыратындай етіп қалай жоспарлау керектігін түсінуге;

Зерттеу сабағының мүмкіндіктерін өзінің педагогикалық тәжірибесінде қолдануға көмектеседі. Қай кезде де мұғалім мектептегі негізгі тұлға болып қала бермек, себебі оқушы білімді өз бетімен меңгеруі үшін оған жетекшілік қызмет атқаратын мұғалім. Мұғалім тек өз сабағында өз шәкірттерін жетелеуші ғана емес, кәсіби құзыретті, жан-жақты білімді, заман ағымына сай жаңашыл болса, өз идеялары мен ой-мақсаттарын әріптестерінің де санасына сәуледей сіңіріп, еріксіз еліктіріп, соңынан ілестіретін көшбасшы бола алады. Зерттеу сабағы - оқушыға саналы білім беруді көздеген бір мақсатқа жұмылған ұстаздар шеберханасы десек артық айтқандық емес.

**А.ЖҮСПОВ,**

**№54 жалпы орта мектебі.**

ОҚО, Абай ауданы,

Шымкент қаласы,

Ынтымақ елді мекені

## ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ТӘСІЛ-ДИАЛОГТІК ОҚЫТУ

Мақсаты:	Диалогтік оқыту, әңгіменің түрлері мен сұрақтың түрлері жайлы түсінік қалыптастыру. Мұғалімдерге сабақ барысында диалогті ұтымды пайдалануды үйрету.
Күтілетін нәтиже:	1. Оқу үрдісінде диалогтік оқытуды қолданудың маңызын түсінеді; 2. Әңгіменің түрлері жайлы мәлімет алады; 3. Сұрақты нақты қоюдың тиімділігін ұғынады, қолданады; 4. Жаңа әдіс-тәсілдерді сабақта қолдануды үйренеді.
Түйінді идеясы:	Диалогтік оқыту әдісін қолдану арқылы оқушылардың сабақта пікірлесу ортасын құра білудің маңызын, берер нәтижесін түсінеді.
Ақпарат көзі	Интернет материалдары.
Ресурстары	Слайд-таныстырылым, постер, түрлі-түсті маркер, стикер, бейнероликтер.
Сабақтың барысы	
Коучинг сессияны өткізу кезеңдері	Коуч пен коучингке қатысушылардың атқаратын іс-әрекеті
Сәлемдесу және қатысушыларды коучингке енгізу	-Армысыздар, құрметті ұстаздар! Бүгінгі біздің коучингімізге қош келісіздер! «Бос ыдысты толтыр» тренинг («Өмірдің үзік сырлары» кітабынан)
Топқа бөлу Мақсаты: Мұғалімдерді коучинг тақырыбына енгізу. Нәтижесі: жұмыс атмосферасына бейімделеді.	Жүрек, қол, бас суреттері бейнеленген қиындылар арқылы топқа бөледі. Қолдарына қандай сурет алса, сол суретке байланысты бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді (мысалы: «Қолыңыз дерт көрмесін», «Басыңыз аман», «Жүрегіңіз ауырмасын», т.б.)Шульман «үш көмекші» деп «бас, жүрек, қолды» атаған. Ол осы атаған қасиеттер болған жағдайда ғана оқыту табысты болып саналады деп есептейді. Мұндай пікірді біз ұлы ақынымыз Абай Құнанбайұлының қара сөздерінен де кездестіреміз. «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» - деп ұлы Абай атамыз айтқандай, жаңа форматты мұғалім осы үш көмекшіні дұрыс пайдалана білуі керек.

<p>Стратегия: «Миға шабуыл».</p> <p>Мақсаты: қызығушылығын ояту.</p> <p>Слайд.</p>	<p>Бейнефильм «Құнанбай» фильмінен үзінді. «Түнгі студия» телесұхбат, «Егіздер» бейнеролигі.</p> <p>Осы бейнероликтен не байқалдындар? Әңгімелесудің қандай түрі жүргізілді? Нәтижесінде әңгімелесудің үш түрі бар екендігін біледі.</p> <p>1) Әңгіме-дебат. 2) Зерттеушілік әңгіме. 3) Кумулятивтік әңгіме.</p> <p>1) Диалог дегеніміз не? 2) Диалогтік оқыту дегенді қалай түсінесіздер? 3) Әңгіме дегеніміз не? 4) Сұрақты қалай қою керек? 5) Сұрақтың қандай түрлері бар?</p> <p>Мұғалімдер өз ойын түрлі-түсті стикерге жазады. Әр топ өз жазбаларын оқиды.</p> <p>- «Бүгінгі коучингтен не күтесіз?» - деп сұрақ қоямын.</p> <p>- Бүгін біз сіздермен осы коучинг барысында диалогтік оқыту туралы, әңгіменің және сұрақтың түрлері туралы мағлұмат алып, жоғары дәрежелі сұрақтарды құрастырып үйренетін боламыз.</p> <p>3. Коуч қатысушылары тақырып пен мақсатты айқындайды.</p> <p>Слайдтан коучинг тақырыбы, мақсаты мен күтілетін нәтижесі көрсетіледі. 2 мин.</p> <p>4. Слайдтан диалогтік оқыту туралы шағын теориялық ақпарат беріледі.</p>
<p>Практикалық бөлім.</p> <p>Топтық жұмыс.</p> <p>Стратегия: «Жауабынды толықтыр» әдісі.</p> <p>Мақсаты: оқыту мақсатындағы диалог пен күнделікті қолданатын қарым-қатынас диалогын ажырата алады?</p> <p>Күтілетін нәтиже: Оқыту мақсатындағы диалог туралы түсініктерін нақтылап, дамытады.</p> <p>Топтық жұмыс:</p> <p>Мақсаты: диалогтік оқытудың кумулятивтік әңгіме түрін біледі.</p> <p>Нәтиже: Кумулятивтік әңгіме, оның барысын біледі.</p> <p>Слайд. Кумулятивтік әңгіме барысында байқалатын жайлар көрсетіледі:</p> <p>Топтық жұмыс:</p> <p>Стратегия: «Әңгіме-дебат», «Зерттеушілік әңгіме»</p> <p>Мақсаты: Диалогтік оқытудың әңгіме-дебат, зерттеушілік әңгіме түрін, айырмасын біледі.</p>	<p>«Диалогтік оқытудың маңыздылығы» бейнеролик. 5 мин.</p> <p>1. Сұрақ түрлері. 2. Сұрақ қоюдың техникасы. 3. Әңгіменің үш түрі.</p> <p>«Рөлдік ойын». Топпен жұмыс.</p> <p>1-топ. «ҰБТ-оқушының білім көрсеткіші емес» Әңгіме-дебат 2-топ. «Оқушыны ҰБТ-ға дайындаудың тиімді жолдары» Зерттеушілік әңгіме 3-топ. Пед. кеңес «Жылдық қорытынды» Кумулятивтік әңгіме 10мин</p> <p>Слайд:</p> <p>Әңгіме-дебат барысында:</p> <p>1. Ой-пікір алшақтығы; 2. Әркім өз шешімінде қалады; 3. Қарым-қатынас <i>иә, бұл солай, жоқ, олай емес</i> деген бағытта жүргізіледі. 4. Бірлеспейді, бәсекелестік; Кумулятивтік әңгіме.</p> <p>1. Пікір айтылды. 2. Бір-біріңіздің пікірлеріңізді тәзімділікпен тыңдадыңыздар. 3. Идеялар қайталанды, бірақ үнемі бағалана бермейді.</p>
<p>Нәтиже: «Әңгіме-дебат», «Зерттеушілік әңгіме» түрін өзектендіреді, сабақта қолдана алады.</p>	<p>Зерттеушілік әңгіме:</p> <p>1. Әркім ақылға қонымды мәлімет ұсынады; 2. Әркімнің идеясы пайдалы деп саналғанмен, мұқият бағалау жүргізіледі; 3. Қатысушылар бір-біріне сұрақ қояды.</p>

<p>Слайд.</p> <p>Әңгіме-дебат, Зерттеушілік әңгімеге тән белгілер көрсетіледі.</p> <p>Стратегия. «Допты қағып алу» Қорытынды.</p> <p>Мақсаты: Диалогтік оқыту туралы алған дағдыларын жинақтап қорыту.</p> <p>Нәтиже: «Диалогтік оқытуды сабақтарында қолданудың маңыздылығын өзектендіреді».</p> <p>Кері байланыс.</p>	<p>4. Қатысушылар бір-біріне сұрақ қояды және айтқандарын дәлелдейді; 5. Топтағы қатысушылар келісімге жетуге тырысады, ұмтылады.</p> <p>«Допты қағып алу» ойыны арқылы сұрақ-жауап жүргізу. 2 мин.</p> <p>«Тау рефлексиясы». Бүгінгі коучинг бойынша мына суреттегі тауды «Диалогтік оқыту» деп алсақ, сіздер осы тақырып бойынша өзіңізді таудың қай жеріндеміз деп есептейсіздер? Міне, осыған сәйкес, алдарыңызда жатқан стикерлерге коучинг бойынша не түсінгеніңізді, екі сәтті кезенді, бір ұсынысыңызды жазып, таудың суретіне жабыстырыңыз.</p> <p>Қатысушы мұғалімдер коучинг бойынша түсінгенін стикерлерге жазады. Коучинг кезінде өздеріне ұнаған 2 сәтті кезенді, 1 ұсыныс тілегін жазып, таудың суретіне жабыстырады.</p>
---	--

### Көмекші құрал

**А.КЕНЖЕХАНОВ,**  
**Алғабас орта мектебі.**  
**ШҚО, Күршім ауданы**

## ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДАҒЫ АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Жалпы білім беретін орта мектептер мен негізгі мектептерде оқушылармен жұмыс жүргізу қазіргі таңда алдыңғы қатарға қойылған. Оқушының қабілетін дамыту, жекелей және топпен жұмыс жүргізуге дайындау және соған дағдыландыру әр мұғалімнің міндеті десек қате айтпаспыз. « Оқушы жанып тұратын шырақ, тек сол шырақты жаға білу ұстаз еңбегі» дегендей оқушының ынта-жігерін оқуға оята білуде бізбен сіздің мақсатымыз бір.

Осы жағдайларды ескере отырып шағын жинақталған мектептегі оқушылармен жұмыс жасаудың мақсат, міндеттерін айқындауды жөн көрдік. Сол себепті де алдымызға мынандай мақсат қойдым:

1. Оқушының теориялық, практикалық, психологиялық даярлығы мен жеке дара ерекшеліктерін ескере отырып, оларды іздену жұмыстарына бағыттау.

2. Оқушының сабақта алған теориялық материалды мәселелік тапсырмаларды өз бетімен орындауға дағдыландыру;

3. Өз бетімен білімін толықтыру. Өзін-өзі бақылау, үнемі білімін толықтырып отыру.

4. Шығармашылық жұмыстарға қызығушылықтарын арттыру,

шығармашылық жұмыстарды баспа беттеріне ұсыну;

Осындай мақсатты құрғаннан соң міндеттемелер жасауды жөн деп санадық:

1. Оқушының қабілетін жетілдіруге жарамды мотивация туғыза отырып ізденуге берілген материалдың қызықты тартымды келелі мәселеге құрылуын қамтамасыз ету.

2. Оқушылардың интеллектуалды дамуы аз уақыт ішінде қабылдау дәрежесінің жоғары мөлшеріне бағыттай отырып, белсенді практикалық іс-әрекетке жетелеу.

3. Шығармашылық қатынас арқылы іскерлік дағдыны қалыптастыру.

4. Оқушының іс-әрекетін бақылап, белгілі бір мақсатқа жүйелеп, бағыттап өз бетімен жұмыс істеуге баулу.

5. Оқушының білімі мен дүниетанымын, ой-өрісін, эстетикалық сезімін, патриоттық рухын, еркін ойлай білуін дамыту.

6. Оқушылардың қызығушылығын ішкі қажеттілігін, талпынысын ояту.

Осыдан күтілетін нәтиже:

1. Дарынды оқушылар шығармашылығы жанданады.

2. Оқушылар болашағына тың жоспарлар құрып, өз бағыттарын айқын сезінеді;

3. Абай шығармашылығы орта мектептерде, ШЖМ-те үлкен қолданысқа ие болып, оқушылар Абай шығармашылығынан толықтай хабардар болады;

4. Абай шығармашылығы басқа пәндерде қолданылатын болады;

5. Шығармашылық сайыстар мен жобаларда жүлделі орындарға ие боламыз.

Жалпы қазіргі заман талабы да оқушының өздік жұмыс жасауын қамтамасыз ету болып табылады. Саналы шығармашыл оқушы тәрбелеп шығу біздің басты міндетіміз. Бала болашақтағы орнын қазірден білуі керек.

Ал енді осы қабілетті оқушымен жұмыс жасаудың да өз орны барын ескерейік. Қабілетті оқушы дегеніміз ол жан-жақты, оны мен солын таныған тұлға деп білеміз. Әр пән мұғалімі оқушыны өзіндік жоспар бойынша дайындайды. Сол себепті оқушы жан-жақты пәнді игеруі де шарт. Жоғарыда аталған мақсаттарға сүйене отырып, оқушылармен жұмыстың тиімді тәсілдерін пайдалануда қазақтың бас ақыны – Абай Құнанбайұлы шығармашылығы тиімді деуге болады.


Абай ағамыздың көптеген шығармашылығы, қара сөздері тікелей осы бала тәрбиесіне негізделгені сөзсіз. Мұны барша жұрт жақсы біледі. Сонымен қатар мұғалімнің тағы бір ұтымды жері, Абай шығармашылығын біз дарынды, қабілетті оқушыға пайдалана отырып, Абай өмірі мен өлеңдерін толығымен келер ұрпағымызға дәріптейміз. Абай ағамыз жан-жақты болғаны да баршамызға аян. Ахмет Байтұрсынұлы атап айтқандай: «Абайды біз көзбен көріп білмесек те, көргендердің айтуынан білеміз» демекші біз Абайды естіп, білген, оқыған деректермен дәріптеп оқушы санасына сіңіруіміз қажет. Сол себепті де Абай шығармашылығы қабілетті оқушылармен жұмыс жасауда өте тиімді.

Мен бұл жобада Абай шығармашылығын математика пәнімен байланыстыра отырып, қабілетті оқушымен жұмыс жасаудың бірнеше нұсқасын көрсетуді жөн деп санадым. 7-11 сыныптар үшін «Абай жолы» романының оқиға желісі бойынша есеп пен әдебиетті ұштастыруды қолға алдым. Бұл үшін романның нақты деректеріне сүйеніп көз жеткізу керек болды. Мұндағы мақсатым – біріншіден, романнан үзінділер келтіре отырып, сол замандағы халықтың салт – дәстүрін танып білуге, романдағы кейіпкерлерінен үлгі – өнеге алуға баулу; екіншіден – толық романды білу үшін оқушылар құмарлығын арттыру. Соның бірнеше түрін ұсынуды жөн санадым. Мұнда тек тіл мамандары емес басқа әріптестеріме пайдасы тиер деген ойда болдым. Мысалы мына бірнеше тапсырмаға назар аударайық:

I. Құнанбай олжасы («Абай жолы» романы, I том 100 бет) Аға сұлтан Құнанбай Қарқаралыға өз қаржысына мешіт салдырып, оның ашылу рәсімінде болып мұсылман қауымнан алғыс алады, мырза атанады. Қайтарда Шұбартау, Дегелең, Абыралы қойнауына жайлаған ауылдар арқылы жүреді. (Абай шығармасы есеп сабағында, «Абай жолы» романынан).

Есеп шарты: Шұбартау, Абыралы, Дегелең қойнауын жайлаған 10 ауылдың ру басылары Құнанбайға сәйгүлік сыйлайды. Кестені пайдаланып, сан тізбегі арқылы сол 10 ауылдан алған сәйгүліктер санын анықта.

Есептің шарты:



3 5  $a_3, a_4, a_5, a_6, a_7, a_8, a_9, a_{10}$

$$S_{10} = 120$$

$$d = 5 - 3$$

$$d = 2 \quad S_n = \frac{2a_1 + d(n-1)}{2} \cdot n \quad \text{формуласын қолдана отырып есептейміз,}$$

$$\text{бұдан } S_n = \frac{3 \cdot 2 + 2(10-1)}{2} \cdot 10 = 120$$

Жауабы: Құнанбайға 10 ауыл 120 сәйгүлік сыйға тартқан.

Бұл тапсырма математика саласымен тығыз байланысты, математиканың арифметикалық прогрессия тәсілімен шығатын бұл есеп қабілетті оқушының ойлау қабілетін арттырса, енді бірде «Абай жолы» романына шолу жасайды.

II. Мұсылманқұл соғысы («Абай жолы» романы, I том, 158 бет), Құнанбай мен Жігітек руларының арасындағы қақтығыс, жер дауы, ел дауы.

Есеп шарты: Құнанбай және жігітек сарбаздарының саны – 2040. Құнанбай қолы жігітектен 2 есе көп болса, әрқайсында неше сарбаздан болады?

Есептің шығарылу үлгісі:

Жігітек – x

$$\left\{ \begin{array}{l} \text{Құнанбай} - y \\ \text{Теңдеу} \end{array} \right\} \text{құрамыз: } \left\{ \begin{array}{l} x+y=2040 \\ y=2x \end{array} \right. \Rightarrow \left\{ \begin{array}{l} x+2x=2040 \\ 3x=2040 \end{array} \right. \Rightarrow \left\{ \begin{array}{l} x=2040:3 \\ x=680 \end{array} \right. \Rightarrow \left\{ \begin{array}{l} x=680 \\ y=2 \cdot 680 \\ y=1360 \end{array} \right.$$

Жауабы: Құнанбайда 1360 сарбаз, Жігітекте 680 сарбаз болған.

Осы сияқты тағы бір есеп шығауға болады, мұнда оқушы әдебиет пен математика саласының тығыз байланыста екенін түсінеді.

III. Асық ойыны («Абай жолы» романы, I том, 70-бет). Оспан, Сұмағұл Абайдың тетелес өскен інілері Оспан мен Сұмағұлдың асықтарының саны – 60. Сұмағұлдың асық саны Оспаннан 3 есе көп. Әрқайсысында неше асықтан?

Есеп жоғарыда көрсетілген үлгі бойынша шығады. Сонда дұрыс шығарған жағдайда жауабы: 15 асық Оспанда, 45 асық Смағұлда.

Бұл есеп сабағымен байланыс ретінде жүріп қабілетті оқушының «Абай жолы» романының кейіпкерлерімен де танысуға мүмкіндігі болатынын көрсетеді.

Қабілетті оқушыға шығармашылық тапсырмалар берудің тағы бір тиімді тәсілі ол- ақын шығармашылығына арнау жазу. Бұл өлең жолдары немесе хат жазу арқылы жүзеге асатын құбылыс. Мұнда кез – келген ақынға, мерей тойлар мен айтулы оқиғаларға арналған өлеңдер жаздыруға болады. Сонда оқушының қабілеті кеңіп, шығармашылық жұмыс жүзеге асады. Оны мынандай жолмен жүзеге асыруға болады. Өлеңнің соңғы буындарын жазып, алдыңғы жолдарын өздері құрастыру:

*арнаған,  
бар ма адам?!*

.....  
*тараған!* – деп тақтаға

жазу арқылы көрсетіп оқушы қабілетін білуге болады. Сонда оқушы шығармашылығы төмендегідей анықталуы керек:

*Өмір жолын ақындыққа арнаған,  
Өлеңінен үлгі алмаған бар ма адам ?!*

*Абай деген ұлы менің бабамнан,*

*Өлең болып шуақ – сәуле тараған!* - осындай бірнеше шумақтар арқылы арнау шығарып, оқушы шығармашылығын баспаға да ұсынуға боларына көз жеткіземіз.

Мұндай жұмыстарды күнделікті сабақта қосымша курстар мен факультативтік сабақтарда кеңінен қолдануға болады. Осындай шығармашылық жұмыстар:

«Сүйемін туған елімді»  
Қадамы болашаққа сенімді,  
Сүйемін туған, байтақ елімді  
Тәуелсіз Отан үшін қашан да,  
Қорғаймын Ұлан байтақ жерімді.  
Көз жетпеген асу менен беліңе,  
Бәрін берем, жан да берем еліме.

Қалып ішіп, жұтайыншы ауанды,  
Шарқ ұрайын, шомылайын көліңе.

Абылай да ел басқарған кешегі,  
Әділдікпен көш бастаған деседі...

Енді міне, Нұрсұлтандай ағамыз  
Ұлы жолда Бәйтеректей мәуелі!

Тоқанова Назым (9-сынып оқушысы)  
«Елімнің тұңғыш президенті»

Нұрға бөлеп тыныштығын даламның,  
Орындалды арман-мақсаты бабамның.

Тәуелсіздік тасы мәңгі қаланып  
Еркіндіктің дәмін татқан баламмын!

Мақсаты мен тілегі бір елімнің,  
Сәні болды тәуелсіз бұл жерімнің.

Нұрсұлтандай алашымның ардағы  
«Шоқ жұлдызы» сән беретін көгімнің!

Нұрлы жолды мәңгі еліне арнаған,  
Біздің елде Нұрсұлтандай бар адам.

Қазағымның бойтұмары, тірегі,  
Бойтұмардан еркіндік сәуле тараған.

Назерке Айтпаева (9-сынып оқушысы).

Шағын жинақталған мектептердегі баламен жұмыс жасаудың тағы бір ұтымды түрі ол шрифтограммалармен жұмыс жүргізу болып табылады. Мысалы шахмат атының жүрісімен жүргізу арқылы Абай өлеңдерінің аттарын табу, мұнда айта кететін бір жай бұл сабақ түрі дене шынықтыру пәнімен пәнаралық байланысқа түседі, сонда ол төмендегідей көріністе болады:

Шрифтограммаларымен жұмыс.

1. «Шахмат атының жүрісімен»

1қ	н	қ.	4с	і	ң.	бқ	с
р	е	з		я	ы		с
о	а	а	г		ы	л	
2ж	д	с	а		а	л	
н	ы	м.	й		б	з	д
а.	а	ұ	т	ә	ғ	л	о
т	ұ	ғ	ы	а	б	ы	
з	р	б	3Д	а.	5м		о

Берілген тор көздерді шахмат атының жүрісі бойынша асып өту керек. Бір басқан тор көзді қайталауға болмайды. Дұрыс шешкенде Абай өлеңдерінің атын оқуға болады. («Қансонарда», «Жазғытұрым», «Дұтбайға», «Сегіз аяқ», «Мәз болады болысың», «Қыс»)

Бұл тапсырманың да тиімділігі жоғары, өйткені шахмат ойыны адамның ойлау жүйесіне жүргізілген жаттығу. Сол себепті де оқушыға миға шабуыл

әдісі арқылы жүзеге асыруға болады. Күнделікті сабақта мұны бой сергіту жаттығу деп те қолдана сақ артықшылығы болмайды.

Абай өз шығармаларының көбінде қазақтың байырғы тіліндегі ұғымдарды кеңінен қолданады. Бұл оқушының тіл байлығын дамытуда пайдалы. Ол үшін Абай шығармашылығының кем дегенде бір сабақта бір өлеңін оқыта отырып сөздікпен жұмыс ретінде көрсетуге болады. Мысалы мына бір өлеңге назар аударайық:

*Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ,  
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ.  
Ауызомыртқа шығыңқы, майда жалды;  
Ой желке, үңірейген болса сазақ.  
Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті,  
Қабырғалы, жоталы, болса күшті,  
Ойынды еті бөп – бөлек, омыраулы  
Тояттаған бүркіттей, салқы төсті.*

Ал енді, ақынның осы бір өлеңіне мұқият қарап көрейікші. Бір қарағанда ешбір артықшылығы жоқ Абай атамыздың өлеңдерінің бірі. Дегенмен анық қараған адамға 39 сөзден тұратын бұл шумақтың 28-сөзі биологиялық термин болып табылады. Осы тұста дарынды оқушыға тапсырма жүктеуге болады. Абай өлеңінен биология терминіне байланысты термин сөздерді теріп жаз, мағынасына тоқталып, орыс тіліне аударма жаса. Сонда оқушы жауабы төмендегі жауапқа сай келуі тиісті.

Желке – затылок; жақ – челюсть; қоян – заяц;  
Кекіл – челка; ерін – губа; кой – баран;  
мұрын – нос; қабырға – ребро; бөкен – сайгақ; т.б.

Абай шығармашылығындағы осындай ерекшеліктер оқушының жұмысын жан-жақты ете отырып, басқа пәнмен байланысқа түсуін қамтамасыз етеді. Бұл биология, әдебиет пәні мұғалімдері үшін де пәнаралық байланысқа түсуге ықпалын тигізеді. Бұған дәлел ретінде Абайдың тағы бірнеше өлеңдерін алып қарауға болады. Мысалы: «Жаз», «Қыс», «Қараша, желтоқсан мен сол бір екі-ай», т.б. өлеңдерінен биология терминдерін айқын көруге болады.

*«Жаздықун шілде болғанда,  
Көкөрай шалғын, бәйшешек*

*Ұзарып өсіп тұрғанда»,* - деген бір шумақты ғана алайық. Бұл шумақта ақын бәйшешек гүлінің даму, өсу ерекшелігін өлең түріндегі сипатын толық көрсетеді. Осы дәлелдің өзі ғана дарынды баламен жұмыстың үлкен жемісі болып табылады.

Келер ұрпағымыздың саналы болып, жан-жақты білімді болып шығуына осындай жұмыстардың пайдасы көп болмаса, зияны жоқ екенін білеміз. Сол себепті де пәнді қызықты өткізу арқылы біздің ұтымды жағдайымыз көп болады.

Қазақ әдебиетінің ауқымды тарауларының бірі – халық ауыз әдебиеті. Халық ауыз әдебиетінің өзі бала тәрбиесіне, дамуына негізделгенін кезінде М.Ғабдулин мен М.Әуезов атап кеткен. Енді осы халық ауыз әдебиетінің бір тармағы – жұмбақтардың өзі дарынды баламен жұмыс жасауға септігін

тигізеді. Мұнда бала ойлау қабілетін дамыта отырып ізденіс үстіне түседі. Сондай жұмбақтар үлгілері Абай атамыздың да шығармашылығында кездеседі, мұны да дарынды оқушының өздік жұмысына кіргізуге болады. Мысалы Абайдың Шәкәрім Құдайбердіұлына жасырған жұмбақ үлгілерін алуға болады. Абай:

*Сыналар, ей, жігіттер, келді жерің,  
Сәулең болса, бермен кел, талапты ерің.  
Жан құмары дүниеде немене екен –  
Соны білсең, әрнені білгендерің.*

Шешуі: Білмекке құмарлық (Абай Құнанбаев, Шығ. екі. томдық тол жинағы, Алматы – 1957, I тарау, 144 бет)

Осындай тағы бір Абай жұмбағын жасырып көруге болады.

*Алла мықты жаратқан сегіз батыр,  
Баяғыдан соғысып әлі жатыр.  
Кезек-кезек жығысып, жатып-тұрып,  
Кім жығады белгісіз түбінде ақыр.*

Шешуі: Қыс пен жаз, күн мен түн, тақ пен жұп, жақсылық пен жамандық. (Абай. Айтылымш кітап. I том, 142 бет)

Осындай жұмбақтар жасыра отырып бала санасына жаттығу жұмыс ретінде беруге болды. Мұндай тапсырманы үй жұмысы ретінде берсе ізденушілік, жауапкершілік артады. Ал енді осы жұмбақты Шәкәрім жауабымен салыстырып көрелік:

*Мұны тапсам ойланып, ақын деңіз,  
Таба алмасам, ақылды болар неміз?  
Қыс пенен жаз, күн мен түн, тақ пен жұп,  
Жақсылық пен жамандық – болды сегіз–*

деп салыстырып, жауапты тексеруге де болады.

Дарынды баламен жұмыс жасау қазіргі білім талабына сай жүргізілуі керек деп ойлаймын. Мұғалім қазіргі қоғамда – шебердің қызметін атқарушы, сондықтан да шебер қандай оқушы тәрбиелесе, келер ұрпақтан сондай нәтиже күтуге болады. Сол себепті дарынды баламен жұмыс жан – жақты әрі қарқынды жүргізілуі керек. Осы тұста Абай атамыздың шығармашылығы мен пәнаралық байланыстың атқарар міндеті зор.

Әдебиеттер

1 «Қазақстан мектебі» журналы. -Алматы. 1995. № 7.

2 Түменбаева К. «Абай шығармашылығы есеп сабағында» мақаласы, -Алматы. «Қазақстан мектебі» 1995. №7.

3 Абай. Айтылымш кітап. I том, 142 б.

4 Абай Құнанбаев. Шығ. екі. томдық тол жинағы, -Алматы. 1957, I тарау, 144 б.

5 Өміралиев Қ. «Абай афоризмі».

6 Сыбанбеков Қ.Ж., Игісінова Ж.Т., «Қазақстан мектебі» журналы. -Алматы. 1995. № 7, 35 б.

7 Әуезов М. «Абай жолы» роман-эпопеясы, I том; -Алматы, «Жазушы» баспасы. 2007.

8 «Абай» өлеңдер жинағы, Алматы, «Жазушы» баспасы, 1976.

**Н.ӘМІРҒАЛИЕВА,**  
**А.Құсайынов атындағы орта**  
**ЖББМ-балабақшасы.**  
 Батыс Қазақстан облысы,  
 Бөкей ордасы ауданы,  
 Мұратсай ауылы

## «АБАЙТАНУ» ФАКУЛЬТАТИВТІК КУРСЫНА АРНАЛҒАН ЖҰМЫС ДӘПТЕРІ

Бұл курсқа арналған жұмыс дәптерін қосымша материал ретінде қолдануға болады. «Жұмыс дәптерінің» мақсаты-оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін дамыту, шығармашылықпен жұмыс жасауына жағдай туғызу, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру; Абай шығармаларын түйінді пікір ретінде өмірде қолдана білуге үйрету. Жұмыс дәптеріне сын тұрғысынан ойлау, саралап дамыта оқыту технологияларының элементтері енгізілді.

Жұмыс дәптерінің оқушы жұмысын бағалауда, оқушымен жеке жұмыстануда маңызы зор деп есептеймін. Жұмыс кезінде бірде-бір оқушы назардан тыс қалмайды, әр оқушыға мүмкіндік береді.

1-сабақ.

Адамзаттың Абайы.

1. Абайдың 150 жылдығына арналған мерекеде жасалған «Бүкілдүниежүзілік мәдениеттегі жарқын оқиға» атты баяндаманы дүниежүзілік деңгейде кім жасады? Баяндама мәтінін оқы. Баяндамадан үзінді келтіріп жаз. \_\_\_\_\_

2. «...Егер Абай болмаса, ХХ ғасырдың басында-ақ адамзаттық кемелділікке, суреткерлік салиқалылыққа, стильдік әр алуандылыққа заманмен бірге аттап, замандаспен мұндас бола алатындай жазба әдебиет мектебі, шын мәніндегі Абай мектебі қалыптаспас еді ...», -деген Н.Ә.Назарбаев сөзі төңірегінде өз ойыңды өрбіт. \_\_\_\_\_

3. Н.Ә.Назарбаев баяндамасының мәтінімен жұмыс жасап, Елбасының көркем тіл шеберлігіне талдау жаса. Бейнелі сөздерді тап. \_\_\_\_\_

4. БҮҮ кестесімен жұмыс.

Білемін	Білгім келеді	Үйрендім

5. Сөзжұмбақ шешу.

1. Құнанбайдың Абайға еркелетіп қойған аты (Қарашұнақ)
2. Абайдың үлкен әкесі, атақты би (Өскенбай)
3. Абай қай айда туды? (тамыз)
4. Абайдың сүйікті жұбайы (Әйгерім)


6. Шығармашылық жұмыс. Кестені толтырыңыздар.

Абай шығармаларын М.Әуезов 5 түрге жіктейді	Абай шығармаларын сен неше түрге жіктер едің?
1. Абайдың жас шағындағы өлеңдері; 2. Абайдың лирикасы; 3. Абайдың поэмалары; 4. Абайдың аудармалары; 5. Абайдың қара сөздері.	

2-сабақ.

Ақын өмір сүрген заман, ата-тегі, туып-өскен ортасы, алған тәлім тәрбиесі.

1. Топтастыру. Абай жайлы не білесіз?



2. Мына кестені толтыр.

Мен білетін Абай	Абайдың үрім-бұтағы	Абай елінен шыққан

3. Шығармашылық жұмыс.

« ... Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ,

Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ.

Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,

Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ,»-

үзінді Абайдың қай өлеңінен алынған? Абай пікірімен келісесің бе? Өз ойыңды өрбітіп жаз.

4. Тұрағұл Абайұлының «Әкем Абай туралы» естелігін пайдалана отырып, Абай дағдыларын, мінез-машықтарын жаз.

\_\_\_\_\_



**С.ЖУМИНА,  
Қаракөл жалпы орта білім  
беретін мектеп-балабақшасы.**

Батыс Қазақстан облысы,  
Қаратөбе ауданы,  
Ақтай-сай ауылы

## **ЖЫР ДҮЛДҮЛІ-ЖАМБЫЛ**

Мақсаты: білімділік-Ж.Жабаевтың өмір жолы, ақындық қызметі, шығармашылығынан мәлімет беру. Ақынның суырып салмалық қыры, айтыс өнеріндегі өзіндік өрнегін таныту, толғауларын үлгі ету; дамытушылық – оқушыларды өзіндік ізденіс жұмыстарына баулу, ой-өрісін, рухани жан дүниесін байыту, еркін сөйлеу дағдыларын жетілдіру; тәрбиелік – жыр дүлдүлі атанған Ж.Жабаевтың ұлы тұлғасын дәріптеу, «ХХ ғасырдың Гомері» атанған, өмірі мен шығармашылығымен екі ғасырды тұтастырған ұлы жырауды құрметтеуге, елін сүюге тәрбиелеу. Түрі: ғылыми-практикалық конференция сабақ. Әдісі: зерттеу, ізденіс. Пәнаралық байланыс: тарих, театр. Көрнекілігі: Ж.Жабаев портреті, түрлі фотосуреттер, кітаптар көрмесі, «Аңыз адам» журналы, №08-2011, Ж.Жабаев жыр жинағы I, II том «Жазушы» баспасы, т.б.

Барысы: Жоспар:

I. «Жасымнан атым аян Жамбыл едім»

Жамбылдың шыққан ортасы.

II. «Шежіре» Жамбыл өмірінің хронологиясы.

III. «Жамбылдың маржан жырлары» / Шығармашылығының кезеңдері/

IV. «Өлшеусіз ақындық күш»

а/ Сатиралық өлеңдері.

ә/ Патриот ақын.

б/ Айтыстары.

в/ Шығармашылық өрлеу жылдары.

г/ Лиро-эпостық жырларды өзіндік мазмұнмен жырлауы.

V. «Жүз жасаған емен». Естеліктер.

VI. Қорытынды. Мұғалімнің кіріспе сөзі: Қазақтың халық поэзиясының алыбы Жамбыл Жабайұлының есімі бүгінде дүние жүзіне мәлім. Ғасыр жасап екі заманның бірдей куәсі болған ақын өз тағдырын туған халқымен тұтастырып, оның бар өмірін биік мұратын, мұң-мүддесін жырына арқау етті, дәстүрлі қазақ жырын жаңа дәуірдің талап-тілектеріне орайластыра, жанарта, жасарта білді. Асқақ үнді алып ақын жырау, суырып салма айтыскер Ж.Жабаев 170 жасқа толып отыр. Ол халық поэзиясы мен жазба әдебиетінің арасындағы көпір сияқты

болды. Жамбыл шығармашылығының 75 жылдығы тойланып жатқан күндерде Данияның аса көрнекті жазушысы Мартин Андерсен-Нексенің ақынға жолдаған сәлемінде: «Сіз көшпенділердің өмірінен осы заманғы адамның, еркін азаматтың өміріне мыңдаған жылғы мәдениеттің көпірін салдыңыз», - деп жазуы жай айтыла салған сөз емес. Ол қазақтың суырып салып айтушылығы мен тапқырлығын бүгінгі заманға жеткізіп, шыңдаған, жетілдірген Жамбылдың ақындық өнері халық поэзиясының осы заманғы биік үлгісі екенін көріп, мойындағандықтан айтқан. Ал орыс жазушысы Л.Соболев осы пікірді «Жамбылдың халықтың ақындық дәстүрлерін сақтаушы ретіндегі зор таланты, оның айқын дүниетанымы қазақ әдебиетінің екі бағытын: бұрынғы ауызша поэзия мен қазіргі кәсіби поэзияны біртұтас етіп біріктіреді» деген оймен қорытты. Атақты адамдардың барлығы оған осындай бағаны текке бермеген. Олар Жамбылдың халық поэзиясының шын мағынасындағы алыбы екендігіне көзі жетіп барып айтқан. Жамбыл – шешендігімен, алғырлығымен, бүкілхалықтық эпосты, қазақ поэзиясының образдық құрылымын терең білетіндігімен ерекшеленген адам.

/Жоспармен таныстыру, 10-сынып оқушыларына ізденіс тапсырмалар берілген/

I. «Жасымнан атым аян Жамбыл едім» Жамбылдың шыққан ортасы.

Ұстазы Сүйінбай.

Жетісу өңіріне ғана емес, бүкіл қазаққа аты мәшһүр жыр жампозы Жамбыл Жабаев 1846 жылы 28 ақпанда қазіргі Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданындағы Жамбыл тауының баурайында, Ұлы жүздің ішіндегі шапыраштының екей руынан шыққан Жапа Ыстыбайұлының отбасында дүниеге келген.

Қақаған қар аралас соғып боран,

Ел үрей, көк найзалы жау торыған.

Байғара, Жамбыл, Ханда мен туыппын,

Жамбыл деп қойылыпты атым содан. – деп өзі айтқандай, ақын жаугершілік заманында туған. Деректерге сүйенсек, ол кезде Қазақстанның оңтүстігі, оның ішінде ақынның туған өлкесі – Жетісу өңірі Қоқан ханына бағынған. Қоқан ханы Құдияр мен оның атарман-шабармандары қазақ ауылына көп салық салып, адам төзгісіз зорлықтар жасалған. Қалың бұқараны қайыршылыққа ұшыратып, тентіретуге дейін барған. Ел қокандықтарға қарсы майдан ашқанда Жамбылдың атасы Ыстыбай да Қазыбай, Жапа, Жадыра, Мәйке деген төрт ұлын бастап, көтерілісшілер сапына қосылған. Жауды өкшелей қуып соғысып, аттың жалы, түйенің қомында күн кешіп жүрген сәттердің бірінде Жапаның әйелі – Ұлдан ана Жамбылды дүниеге әкелген. Әкесінің аты Жапа болғанымен, ел Жабай деп атап кеткен. Бұның себебін жамбылтанушылар «Ертеректе Жабай деген ержүрек батыр өткен. Жапаның қокандықтармен соғыстағы ерлігіне тәнті болған ел-жұрт «Тура Жабай сияқты соғысады екен» деп, содан Жабай атанып кеткен деп түсіндіреді.

Арғы аталары дәулетті кісілер болғанымен, Жамбылдың әкесі Жапа «шоқыт шапанды көшпелі кедей болған».

Он үш жасында байдың койын бағып жүрген кезінде ұйықтап қалып, түсінен ақын болып оянған Сүйінбай ұстазы сияқты Жамбылға да ақындық түсінде аян беріп қонса керек. Ол туралы ақын: «Бір күні Жетісай жайлауында жылқы бағып жүріп, түс көріпшім. Түсімде ақсақалды қария келіп: «Өлең аласың ба, көген аласың ба?» - деген. Мен: «Өлең!» - депшім. Оянып кетсем, түсім екен, көкірегімді бір толқын кернеп, алқымыма тығылғандай, дереу үйге жетіп, домбыраны ала салдым да, оңды-солды төгіп-төгіп жіберіп едім, кеудем ашылып, орта түскендей болды», - деп еске алған.

Жүрегіне өлең ұялаған дарынды жас он төрт-он бес жасынан бастап біржолата ақындық жолына түседі. Естелігінде: «Он беске толғанда мен атақы ақын Сүйінбай тұратын ауылға келдім. Домбырамды ұстап оның үйіне таяп келдім де, әндеге бастадым. Өлеңіме риза болған Сүйінбай мені үйіне шақырып алып: «Сенің ақындық дарының бар екен, дауысың да жақсы, ұнайсың, жігітім», - деді. Қарт ақынның тілеуі бойынша мен көптеген әндерді құйқылжыта айтып бердім. Оның біреуін сол үйде отырып шығардым. ...Сүйінбай түні бойы ақындық шеберлік жайында әңгімеледі. Сөйтіп, мен оның шәкірті болдым, оның өлеңдерін жұртқа тараттым», - дейді ақын өнер әлеміндегі алғашқы баспалдақтарын еске ала отырып.

Сөз өнеріне мейлінше жетік, шыншыл да өткір Жамбылдың өнеріне риза болған Сүйінбай: «Өлеңді тыңдаушының көкейінен кетпейтіндей етіп айт. Сенің өлеңдерін жеке адамдардың емес, бүкіл халқымыздың игілігіне айналатын болсын. Көмеймен емес, жүрекпен жырла. Өрқашан әділ сөйлеп, адал бол», - деп оған ықыласпен бата берген. Жамбыл Сүйінбайды өмір бойы пір тұтып, одан үлгі алған.

/«Менің өмірім» өлеңі оқылады./

Жамбыл Жабаев өмірінің тарихи тізбесі:

(хронологиялық тәртіп бойынша)

1846–28 ақпанда Шу өзенінің солтүстік ағысындағы Жамбыл тауының етегінде дүниеге келген.

1860-1861– Жамбыл 14 жасынан бастап өлең айтып, 15 жасында Сүйінбай ақыннан бата алған.

1866-1876– Жетісу жерінен әншілігімен, ақындығымен әйгілі болған Бұрымға, кейінірек Сара Нұрбекқызына ғашық болады.

1890-1891– Белтірік ақынмен, Шыбыл шалмен, Майкөт ақынмен айтысады. Сарыбайдың Кішісаз, Үлкенсаз, Ботасаздағы асында Жамбыл қазақ, қырғыздарға асқан ақындығымен танылады. Атақты әнші-ақын Әсет сияқты серілермен, Сәтбай, Қайрақбай, Қожамберді секілді шешендермен кездеседі.

1895-1897– Сарыбаспен, Құлмамбетпен айтысады.

1907-1909– Досмағамбетпен, Шашубаймен айтысады.

1912 – Сарыарқадан Жетісуға серілікпен келген Балуан Шолақпен кездеседі. Екеуі Алатау өңірін әнмен өлеңге бөлейді.

1913 – Алматының уездік әкімдері Жетісу жеріндегі халық ақындарын жинап алып, Ресей патшасы Романов тұқымының таққа отырғанына 300

жыл толуын құттықтап, өлең айтуға жарлық береді. Жамбыл патшаны мақтаудан бас тартып, «Өстепкеде» деген өлеңін шығарады.

1916 – Елді азаттық күреске шақырған «Патша әмірі тарылды», «Зілді бұйрық» деген жалынды өлеңдерін шығарды.

1919 – мамыр айында Алматы қаласында Жетісу ақындарының тұңғыш слеті өтеді. Слетке Жамбыл қатысып, әділқазылардың ұйғарымы бойынша, барлық ақындарды жеңгені үшін бірінші бәйге, бағалы сыйлық алады.

1934 – Алматы қаласында қазақ көркем өнер қайраткерлерінің бірінші слеті басталды. Жамбыл бас бәйгеге ие болды.

1936 – Мәскеу қаласында өткен қазақ әдебиеті мен көркемөнерінің бірінші онкүндігіне барады.

1937 – Ш.Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» атты поэмасының 750 жылдық тойына қатысады.

1938 – 19 мамыр күні Ленин орденімен марапатталады. Жамбыл Жабаевтың ақындық қызметінің 75 жылдық салтанатты мерекелері бүкілодақтық көлемде аталып өтеді.

1938 – Қазақ КСР Жоғары Кеңесіне депутат болып сайланады.

1939 – «Құрмет белгісі» орденімен марапатталады.

1941 – Көркем әдебиет саласындағы аса үздік еңбегі үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты деген жоғары дәрежелі атақ беріледі.

1941 – «Ленинградтық өренім» деген жалынды өлеңі жарық көреді.

1943 – Халық ақындарының Республикалық айтысы өтіп, оны Жамбыл ашады.

1945 – 22 маусымда жергілікті уақыт бойынша 7 сағат 55 минутта жүрегі соғуын тоқтатады.

1946 – 8 шілдеде Жамбылдың мұражайы мен кесенесі ашылады.

III. «Жамбылдың маржан жырлары.» Шығармашылығының кезеңдері.

1/15жастан-1916жыл аралығы.

2/1917-1940жылдар аралығы.

3/1941-1945 жылдар аралығы.

1. 15 жастан 1916 жыл аралығында діни оқуды өткір сынауы, би-болыстардың озбырлығын, кедей шаруалардың ауыр тұрмысын жырлауы, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысын жырлауы, қуғындалуы. Айтыстары.

2. 1917-1940 жылдар аралығында Ұлы Қазан революциясының жеңісін, ұлы өзгерістерді, Кеңес дәуірін шабыттана жырлады.

3. 1941-1945 жылдар арасы Ұлы Отан соғысына арнаған қаһармандық рухтағы жырлары.

IV. «Өлшеусіз ақындық күш»

а/ Сатиралық өлеңдері.

Жамбыл туындыларының мазмұны бай, тақырыбы сан алуан. Соның ішінде ақын дарындылығының ерекше бір қырын танытқан қомақты да көркем саласы – сатиралық өлеңдері.

Ондай өлеңдері адам мінез-құлқындағы, қоғамдағы ұнамсыздықты, жағымсыз әрекеттерді мінеген ащы сын, өткір мысқылға толы, ақынның

бізге жеткен алғашқы өлеңінен («Шағым») бастап өмірінің соңында шығарған әзіл-сықақ, ажуаларына («Әке әзілі») дейінгі аралықтағы шығармашылығында сатиралық күш бәсеңсіп көрген емес. Ақын назарына іліккен ұнамсыздықтар күлкілі өлеңге айнамай қалмаған.

Жамбылдың үлкен сатирашы ақын екенін оның «Кәдірбайдың төбеті», «Кәкімге», «Сәт сайланарда», «Өстепкеде», «Есенәлі мешкейге» сияқты өлеңдерінен-ақ айқын сезіледі.

«Кәдірбайдың төбеті» - сюжетке құрылған, композициялық құрылымы бар өлең. Ақын жолаушылап келе жатып, бір жігітке жолығып қалады. Жөн сұраса келе, әлгі жігіт: «Ақын болсаңыз, мына төбенің арғы жағындағы Кәдірбай байдың ауылына барып, байдың итін мақтаған өлең жарысына қатыспайсыз ба?» дейді. Мұндай естіп-көрмеген қызыққа сол маңайдағы ақын біткен тегіс жиналған екен.

Жамбыл олардың өлеңдерін тыңдап қараса, байдың бір жақсы иті қаракұрт шағып өліп, ақындар ит иесі байды жер-көкке сыйғызбай мақтап, жұбата алмай әуреге түсіп жатыр екен. Ақыры кезек Жамбылға жетеді.

Жамбыл алдымен байдың және оның итінің мақтауын жеткізе алмай шұрылдаған ақындарды мінеп, «Өлеңін сатқан ақын – ақын емес, олда бір – су жүрек қоян, қоқыс пен тәттіге үймелеген шыбында бір» дейді. Содан соң Кәдірбайдың өзіне шүйлігіп састырады:

Ал, Кәдірбай, құлақ сал,  
Жамбыл сөзін тыңдап қал,  
Итінді жаман демеймін,  
Күзетіп жүр малыңды.  
Көпшілікті бұлдіріп,  
Ұрлап алғандарыңды...

Өлеңдегі күлкінің шарықтаған жері тіптен қызық әдіспен берілген. Иттің қадірі ел үшін Кәдірбайдан артық екенін, ит өлгенше, байдың өзі өлуі дұрыс еді деген ақындық шешім итті мақтау арқылы оның иесі Кәдірбайды келемеж етіп, жанама сықақтау әдістің нағыз үлгісі болып шыққан.

Ауылды торлап аңдыған,  
Қасқырды талап қан қылған,  
Сенен жұртқа ит жақсы -  
Күзеткен қотан ауылды.  
Қайнатып құдай сорыңды,  
Ит өлмей-ақ сен өлсең,

Болар ед тым-ақ орынды, - деп дәулетіне мастанып, асып-тасыған байды масқара етеді.

«Кәдірбайдың төбеті» өлеңі – сатираның түрлі әдістері шебер қолданылған, ақынның да, қазақ сатирасының да биік деңгейін көрсете алатын үздік туынды.

ә/ Жамбыл – патриот ақын.

Жамбыл жырларының негізгі тақырыптарының бірі- Отанды сүю. Ленинградты қорғаудың нағыз ауыр күндерінде шығарылған «Ленинградтық өренім» Ұлы Отан соғысы кезіндегі поэзияның ең

таңдаулы туындыларының бірі болды. Өлең қаланы қорғаушыларға күш-қуат берді, оларды жеңіске жігерлендірді. «Жамбылдың «Ленинградтық өренім» деген жыры жарияланған кез Ленинград халінің аса бір ауыр шағы еді, - деп жазды ленинградтық ақын Александр Прокофьев. – Бұл шақта немістің қоршауында қалған Ленинградта азық өте аз болды... Үйлеріне кіретін су тоқтатылды, канализация істемеді, отын атымен болмады. Жау атқан снаряд пен бомбалардың салдарынан шынысы қирап, терезе біткен аңырайып ашық тұрды, электр жарығы да нашар жанды, тіпті қаладағы үйлердің көбінде жарық болған жоқ. Қалаға жаудың оғы үздіксіз жауып тұрды. Осындай халде Жамбылдың «Ленинградтық өренім» деген жыры газеттерде жарияланды. Халықтың рухын көтеруде ерекше күшті қызмет атқарған бұл жырды Ленинградтың радиосы күніне әлденеше рет оқыды. Жыр үлкен әріппен басылып, көшелерде плакат болып ілінді. Сол плакатты үймелесіп оқысып, көздерінен жастары сорғалаған талай адамдарды кездестірдім. Немістердің самолеттері төбеде ұшып, бомба тастап жүргенде тығылудың орнына Жамбылдың жыры басылған газетті алуға көшеде кезекте тұрған адамдарды талай көрдім».

Ленинград қаласын қорғаушыларға осындай рухани күш берген Жамбыл жырын зор бағалай келіп, Н.Тихонов: «Жамбыл Ленинградқа келіп, оны қорғаушылардың қатарына тұрды», - деп жазды. Жамбылдың майдандағы жауынгерлермен жазысқан хаттары да елімізді жаудан қорғауда үлкен саяси қызмет атқарды десе де болады. Ақынның ұлы Алғадай майданнан хат жолдап, өз бөлімшесінің атына өлеңмен сәлем жолдауын өтінген. «Сіздің өлеңіңіздің бізге көп жәрдемі тиеді екен», -деп жазған. Осы хаттардың бәріне Жамбыл өлеңмен жауап қайтарған. Жамбылдың соғыс тұсындағы өлеңдері дұшпанға қарсы күресте қуатты құрал болды./«Ленинградтық өренім» өлеңі жатқа оқылады./

б/Айтыстары.

1897 жылы Ұлы жүз албан елінің жайлауында Шәрипа деген қыздың ұзатылу тойы болады. Соған қырғыз-қазақтан көп қонақ шақырылады, жүздеген ақ үй тігіледі, ұлттық ойындар ойналады. Осы тойда сегіз қанатты екі үйді жалғастырып, Жетісу мен Ыстықкөлден жиналған даңқты ақындардың айтысын өткізеді. Бірінші, екінші күндері тоғыз ақын айтысады, соның барлығы Құлмамбеттен жеңіледі. Содан арнасынан асқан Құлмамбет «енді Жамбылды шақыртындар» деп үдеп, асқақтап кетеді.

Біреуді Жамбыл деген ел мақтайды,  
Еркек қойдай құйрығын салмақтайды.  
Ақын болса, қайда отыр ол немесі,  
Болар-болмас немесін ардақтайды! – деп сөз бастайды Құлмамбет.

Құлмамбет- сесті ақын. Алдына келгенді бірден бүркітше бас салып, самұрық құстай аспанға іліп алып ұшады. Құлмамбет өзінен жеңілген тоғыз ақынды ақын деп атамайды, оларды кемсітіп, «өлеңші» деп мазактайды. Жамбыл осы жолы Құлмамбетті жеңбесе, онда ақындықпен қоштасатыны рас еді. Ол кезде қазақ даласында айтыста жеңілгені-ақынның өлгені болып саналатын.

1937 жылы 22 қазанда «Лениншіл жаста» жарияланған, Жамбылдың өз айтуынан жазылып алынған өмірбаяндық мәліметте: «...Құлмамбет кілем төсеген алты қанат ақ үйде, ақсақалдардың ортасында отыр екен. Құлмамбеттің түрінде мақтаншақтық және өзіне-өзі сенгендік көрініп тұр. Мені көріп, ол күле бастады. Мұнысы маған қатты батты. Айтыс басталды. Құлмамбет өлеңінде өзінің билікті адамдармен жақындығын, достығын, құрметтейтіндігін айтып, мақтана бастады. Одан кейін өлеңді мен айттым. Сүйінбайдың ақылын еске түсірдім: өтірік айтып сатылмадым. Әлгі Құлмамбет санап өткен адамдардың аттарын атап, әрқайсысына халықтың аузында айтылып жүрген бағаларын бердім. Жаңағы өтірік мақталған адамдардың бәріне ұры, алдаушы, кісі өлтіргіш делінген атақтар берілді. Менің сөздерім әрі күлкі, әрі өткір болды. Сондықтан да айнала қоршаған жұрт бұған қатты күлді. Мен өлеңімді үдете тұскан сайын айналадағы тыңдаушылар қатты ұнатты. Сөйтіп, мен Құлмамбетті жеңіп, Жетісудағы бірінші ақын болдым», - дейді.

Досмағанбет Талдықорған облысының Қаратал ауданында 1883 жылы туып, 1910 жылы 27 жасында қайтыс болған. Ол Түркістан, Бұқара қалаларында медреселерде оқыған, «Иманшарт», «Бәдуам», «Таки Ғажап» секілді кітаптарды жатқа білген. Досмағанбет пен Жамбылдың айтысының қысқаша тарихы мынадай: 1907 жылы қыста жалайыр елінің молда ақыны Досмағанбет Үйсіндегі нағашысы Көбісбайдікіне қонаққа келеді. Көбісбай:

- Жиенжан, өзінді өлеңді жақсы айтатын ақын деп естимін, мына отырған кемпір-шал, қыз-бозбалаларға ән шырқап, көңілдерін көтерсең, - дейді. Досмағанбет көптің тілегін жерге тастамай, қолына домбырасын алып, шырқай жөнеледі. Осы кезде жолаушылап бара жатқан Жамбыл шырқалған әнді естіп, Көбісбайдың үйіне бұрылады. Өзілдеспесе жүре алмайтын Жамбыл келе Досмағанбетті қағытпа сөйлейді:

- Көбеке, аузы-басы пияздай мына бала қай бала?

- Жиен бала, руы – жалайыр, оның ішінде балғалы деген ел болады, нағашыларына сәлем беремін деп келген беті еді, - дейді Көбісбай.

Сол күні түнде Жамбыл «Сүйінбай мен Жантайдың айтысын», Қабан, Қарқабат, Бұқар, Кемпірбай жыраулардың өлең-термелерін айтады. Ертеңіне түстен кейін Досмағанбетті айтысқа шақырып, сөзді Жамбыл бастайды. Досмағанбет те өлеңмен ұстаса кетеді. Жамбыл табиғаттың өзіне сыйлаған өлшеусіз ақындық күшін жақсы сезінеді, сондықтан Досмағанбетті елеусіз көреді. Оны қырғи, қаршығадан қорғалақтап, бұта-бұтаның арасында дірілдеп отыратын шымшық торғайларға теңейді. Досмағанбет те осал ақын емес. Ол Жамбылдың сөздерінен сескенбейді. Жамбылды сөзбен жасытып тастау үшін өзінің жастық, жалынды шақтарына мақтанады. Жамбылға: «Жасың алпысқа келді, дәуренің өтті, сондықтан ән де, өлең де сенен алыстап барады», - дейді. Жамбылды жеңу үшін талай айлаға барады. Досмағанбет Жамбылды қорламақ болып, қасақана оның ақындық дарынына, кеудесіндегі асыл бойтұмарына жармасады. Ондағы мақсаты – Жамбылды қайткенде ашуландыру. Кімде-кім айтыс үстінде қызарақтап, қатты ашуланса – онда жеңілуге бет алғаны.

Мұндай сын сағаттарда Жамбыл сыр бермеген, сасқанын, абыржығанын ешуақытта аңартпаған.

«Түс көріп жатып ақындармен айтысатын» тау қыраны Жамбылға қарсы келіп, бетпе-бет айтысқа шыққан Сарыбастың шын аты – Тілеулі. Ол өлең айтқанда жалаңбастанып, қызара бөртеп, құлағын бұрап, тау суындай тасқиндап, екпіндетіп айтады екен. Сондықтан елі оны Сарыбас деп атап кеткен. Сарыбас өз сөзінің бағасын жақсы білетін: айтысқан адамын өткір тілмен сескендіріп, ықтырып әкететін асау ақын атанған. Ол Ұлы жүздің ішіндегі дулат тайпасының қасқарау руынан. Жамбыл Сарыбасты айтыста жеңген. Жеңгенде анау-мынау өлеңшіні жеңбеген, кәдуілгі азулы, жүйрік ақынды жеңгені белгілі. Сарыбас 1170 тармақты, Жамбыл 1710 тармақты өлеңді дем алмай, тоқтамай, ұзақ айтып тастаған. Бұл – ұлы суырып салмаларға ғана тән қасиет. Атақты ғалым Есмағамбет Ысмайылов «Ақындар» атты монографиясында Жамбылдан:

- Жәке, сіздің Сарыбаспен айтысыңыз қазақтың бұрынғы айтыстарына ұқсаңқырамайды, екі ақын да ұзақ жырлап, бір-бір қайырып, тоқтап отырады, мұның мәні қалай? – деп сұрағанда, Жамбыл:

- Мұны- желілі айтыс дейміз. Аты айтыс болғанымен, дастан ғой, - дейді.

Қазақ поэзиясында «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген сөз бар. Біздің қазақ ақындары осыны шебер пайдаланған. Кешегі Бұқардың Абылай ханға, Махамбеттің Жәңгір ханға, Шернияз ақынның Баймағанбет сұлтанға, Сүйінбайдың Тезек төреге, Жаңақ ақынның Рүстем төреге, Шөже ақынның Тұманбай Алшынбайға айтқаны – нағыз отты, жалынды, тіліп түсетін жырлар. Міне, Жамбыл осы дәстүрді берік сақтаған. Ойындағысын айтпай тұра алмаған Жамбыл «Екейдің қисық шалы» атанған. Мұндай дәстүр өзінің ұстазы Сүйінбайдан қалған. Осының барлығы – Жамбылдың қазақ поэзиясына адалдығының белгісі. Жамбыл- қайталанбайтын тұлға. /Жамбыл мен Құлмамбеттің айтысынан үзінді. Оқушылар жаттап айтысады/

в/ Шығармашылық өрлеу жылдары.

Қазақстанда Кеңес өкіметі орнаған тұста Жамбыл жетпістен асқан қарт еді. Еңбекші елімен бірге өмірдің азапты жолынан өткен ақын сол мезетте «тендік заманы туды» деп ұқты, байлар мен билеушілерді тежеп, кедейлерді алға ұстаған саясатты мақұлдады. Сондықтан ол революция тудырған өзгерістерді ықыласпен қабылдап, оны жырлауға дайын екендігін білдірді. Негізі, Жамбылдың шығармашылық өрлеу жылдары – 30-жылдар іші. Бұл кезде біздің елімізде жаңа қоғамдық құрылыс – социализм жеңді деп жарияланды, жаңа Конституция қабылданды. Қазақстан автономиялы республикадан одақтық республикаға айналды. Өнер адамдарын идеологияны нығайтуға пайдаланды, оларды жаңа қоғамдық құрылыстың артықтығын суреттеуге, осындай заман орнатқан партия, ел басшыларын жырлауға бағыттады. 1934 жылғы КСРО жазушыларының бірінші съезі осындай ұранмен өтті. Онда ауыз әдебиетін жинау, одан үйрену, халық поэзиясына көңіл бөлу мәселесі де сөз болды. Ақын 1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне

катысып, орден алды. Мәскеуді, Ленин мавзолейін аралады. Осындай жағдайлар қарт ақынның көңіл-күйін көтеріп, оны заманын көтеріңкі пафоспен жырлауға итермеледі. Ол социалистік қоғамды, партияны, оның көсемдерін, халықтар достығын мадақтайтын жырлар шығарды. «Қазақстан тойына», «Замана ағымы», «Халықтың сәлемі», «Дастархан жыры», «Өмір жыры» өлеңдерін шығарды./Өлеңдері мәнерлеп жатқа оқылады./

г/Лиро-эпостық жырларды өзіндік мазмұнмен жырлауы.

Ұлы ақын Ж.Жабаев «Садыр патша мен Жамбыл патша», «Көрұғлы», «Манас», «Өтеген», «Сұраншы батыр», «Мұңлық-Зарлық», «Шахнама», «Ерназар-Бекет», «Қыз Жібек» секілді лиро-эпостық дастандарды апталап, айлап айтқан. Айтқанда бір-біріне ұқсатпай, төтенше ізбен, соны соқпақ өлеңмен салтанатты сарайлар тұрғызған. /Оқушылар дастандардан үзінділер оқиды./

V. «Жүз жасаған емен» Естеліктер.

*Жамбыл – ақыл-ойдың алғыры, өзгеге ұқсамайтын дара, оқиша бет-бейнесімен аса зор құбылыс. Оның бір өзі әрі эпик ақын, әрі айтыс ақыны, әрі азаматтық әуеннің де ақыны. Мұхтар Әуезов.*

*Жамбыл жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан сықылды. Оны жинап алып, халқының қолына беру – біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз. Сәкен Сейфуллин.*

*Жамбыл өз халқының ар-намысы, үні, жүрегі және ақиқат шындығы болды. Ол халық пен поэзия сықылды мәңгі жасай береді. Николай Тихонов.*

*Жамбыл өмірге жымия қарап, сынай өскен ақын еді. Оның ойлы көздерінің түбінде қашан да бір сықақ ұшқыны тұратын.*

*Фабит Мүсірепов.*

*Көшпелі сөз зергері, жыр айтудың көшпелі академиясы Жамбыл туған жерінің тауы мен даласын ұзақ жылдар талмастан кезумен өткізді. Марк Тарловский, орыс ақыны*

*Жамбыл – жүз жасаған адам, соның 85 жылы ақындықпен өтті. Ол әлеуметтік және жеке өміріндегі сөзінің көбін өлеңмен сөйлеген кісі.*

*Сәбит Мұқанов, жазушы*

*Жамбыл жырлары Бұғымүйіз, Бесмойнақ жайлауларының гүліндей алуан түрлі. Хош иісі күншілік жерден аңқып тұрады. Ақын жырын тыңдаған сайын көк жайлауға шыққандай әсер аласың.*

*Лияс Жансүгіров.*

*Жамбыл жырлары арқылы қазақ халқы өзі сөйледі. Сондықтан да оның творчествосы мәңгі жасайды. Василий Лебедев-Кумач, орыс ақыны*

VI. Қорытынды. Мұғалім:

Ж.Жабаев М.Әуезов бастаған Москва өнер делегациясын өзінің үйінде қабылдап отырып, сөздің реті келгенде :

-Менің түлкі ішегімнің астарына шейін толған өлең, сілкісем өлең түседі,-депті. Рас сөз, Жамбыл 15 жасынан бастап, бір ғасырлық ғұмырында ұшан-теңіз өлең айтқан жыр-дастан! Жыр-ғұмыр 170 жаста!

Оқушылардың ғылыми ізденіс жұмыстарына алғыс айту.

**А.РЫСҚАЛИЕВА,**  
**№19 орта жалпы білім беретін мектеп.**  
Орал қаласы

## **АХМЕТ ЙАССАУИ. «ДИУАНИ ХИКМЕТ» КІТАБЫНДАҒЫ ОЙ ДАНАЛЫҒЫ** (9-сынып)

Мақсаты: білімділік-«Диуани хикмет» кітабындағы негізгі ойды түсіну арқылы, Ахмет Йассауиді тарихи тұлға, сопылық әдебиеттің өкілі екенін таныту; дамытушылық-жеке тұлға ретінде оқушылардың ізденімпаздық қасиеттерін дамыту; тәрбиелік-хикметтерінің поэтикалық тіліне, ақылы-нақылдарына қазақ ғұламаларының шығармаларымен салыстырмалы талдау жасай отырып, оқушыларды имандылыққа, мейірімділікке, ар тазалығына баулу. Көрнекілігі: оқулық, хикметтер, суреттер, слайдтар, т.б. Түрі: жаңа білімді меңгерту сабағы. Типі: ізденіс сабағы. Әдісі: іздендіру, салыстыру, мәнерлеп оқу, ой қорыту.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру бөлімі. Оқушыларды төрт топқа бөлу. Әр топтың топ басшысын сайлау, бағалау парақшасын беру.

2. Өткен сабақтар бойынша сұрақтар беру. «Нақ сұрақ, дәл жауап»

Берілген сұрақтарға тез жауап беру.

1. Ежелгі дәуір әдебиетін зерттеген ғалымдар.

2. Ежелгі дәуір әдебиетінің кезеңдері.

3. Орхон Енесей жырларындағы негізгі ой.

4. «Күлтегін» жырының қазақ батырлар жырымен ұқсастығы.

5. «Күлтегін» жырының көркем туынды екенін дәлелде.

6. «Оғызнаманың» 40-тан астам жырларының ортақ идеясы.

7. «Қорқыт ата» кітабы.

8. Қорқыт атаның қанатты сөздері.


3. Білу. (Жаңа тақырып)

Ахмет Йассауи сөзіне топтастыру әдісін жүргізу арқылы, сабақтың мақсаты мен міндеттерін айқындау.

Топтастыру. ақын

Тарихи тұлға

Сопы



Еңбегін көне түркі тілінде жазған (шағатай)

Арыстан бабтың шәкірті

Ұлы ойшыл

XI-XII ғ. өмір сүрген.

Бүгінгі сабақтың мақсаты:

1. Ахмет Йассауидің өмірі мен қызметімен танысу.

## **М.ӘУЕЗОВТИҢ «КӨКСЕРЕК» ӘНГІМЕСІНДЕГІ ЖАЗУШЫ ШЕБЕРЛІГІ**

Жалпы мақсаттар	Білімділік-«Көксерек» хикаятындағы қасқырдың тағылық жолға түсу жолдарын суреттеудегі жазушының шеберлігін таныту. Дамытушылық-жазушының аң мен адам арасындағы тартысын суреттеуі арқылы тіршілік үшін күрестің өте күрделі де қиын әрекет екенін дәлелдеуі. Тәрбиелік-табиғатты қорғай отырып, қасқырға деген көзқарасты қайта қарау.
-----------------	---

Оқушылар үшін оқыту нәтижелері.	-оқушылардың ізденіс нәтижесі анықталады; -өздігінен бағалау қабілеттері анықталады; - алған материалдарды тиянақтай алады; -өздігінен ой қорытады, тұжырым жасайды.
Сабакта туындаған негізгі идеялар	-тақырыпты жан-жақты іздейді; -сыни көзқарасы қалыптасады; -топтық жұмыста әр оқушының өз ойы сақталады.
Күтілетін нәтиже	-дәлелді пікірлерімен бөлісе алады; -өз бетінші сөйлеу, ойлау дағдылары қалыптасады.
Көрнекілік	АКТ, топтың алтын ережесі, INSERT әдісі Не білемін? Не білдім? Не білгім келеді? Рефлексия, кері байланыс.
Дерек көздері	М.Әуезов. Әдебиет оқулығы.

2. Ислам жолын уағыздаушы тарихи тұлға екенін білу.  
Міндеттері:
1. «Диуани хикметтің» идеялық мазмұнын айқындау.
  1. Хикметтің көркемдік ерекшелігіне тоқталу.
  2. «Диуани хикмет» басылымдары, зерттелуі.  
Мақсатты айқындай отырып іс-әрекетке көшу.
  - 2.Түсіну. Оқушылар берілген тапсырма бойынша топпен жұмыс орындап, талқылап, келесі топтарға түсіндіреді. Жауап берген топқа әр топ өзіндік көзқарасын білдіріп отырады.
  - 1-топ Ахмет Иасауи-сопылық ілімді насихаттаушы;
  - 2-топ «Даналық кітабы» туралы;
  - 3-топ Даналық кітабындағы философиялық көзқарас;
  - 4-топ Хикметтер өзегі – адам;
  3. Қолдану. Әр топқа тапсырмалар беріледі, берілген тапсырмаларды оқушылар бөліп алып, жұппен орындайды.
  - 1-топ.«Даналық кітабының» поэтикалық тіліне талдау жасау. 36-37-хикметтері берілді.
  - 1-жүп өлең құрылысына талдау жасайды;
  - 2-жүп сөздікпен жұмыс жүргізеді;
  - 3-жүп әдеби теориялық ұғымдарға талдау жасайды.
  - 2-топ. А.Йассауи шығармаларының Абай шығармашылығымен үндестігі.
  - 1-жүп Абайдың «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» өлеңін Иасауидың15-хикметімен салыстырып, үндестігін табады;
  - 2-жүп Абайдың «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңімен А.Иасауидың 45-хикметімен салыстырады;
  - 3-жүп А.Йассауи сақтандырған 5 нәрсемен Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің үндестігін табады.
  - 3-топ. А.Йассауи хикметтеріндегі қанатты сөздер. Ахмет Йассауи айтып еді деген қанатты, гиратты, діни өсиет-насихатқа толы сөздер елден-елге тарағаны белгілі.
  - 1-жүп 36-хикметіндегі, 2-жүп 37-хикметіндегі, 3-жүп 45-хикметіндегі қанатты сөздерді тауып, мағынасын ашады.
  - 4-топ. А.Йассауи шығармаларының зерттелуі, басылымдары.  
А.Йассауи шығармалары туралы пікірлер. (ғаламторды қолдану)
  - 1-жүп хикметтерінің баспа бетіне шыққан жылдары туралы мәлімет айтады.
  - 2-жүп А.Йассауи шығармашылығын зерттеген ғалымдарға тоқталады;
  - 3-жүп А.Йассауи туралы ұлы адамдардың пікірлерін оқиды.
  4. Жинақтау. Осы тапсырмаларды орындауда үйренген 2 нәрсені көрсетіңіз. Бүгінгі сабақ бойынша өзіне әсер еткен ойды жазу, дәлелдеу.
  5. Қорытынды. «Ахмет Йассауи түркі дүниесінің ар-ожданы, қалғымайтын намысы, аспандаған рухы. Өлем картасындағы Түркістан қаласы бүгін түркі халқына ғана емес, Ахмет Йассауи бабамызды да жер бесігінде аялай төрбетіп жатыр. Ахмет Йассауи әлемі тірі! Ғазиз бабамыздың асыл сөздерін қазақ халқы жанына жаратсын, жүрегіне дарытсын. Жаса, асқақта, рухың әуелей берсін, әулие баба!» Р.Сейсенбаев.
  6. Үйге тапсырма беру.

Тапсырмалар	<p>1.«Кубизм» әдісі бойынша әр топ кубиктің көрініп тұрған қырындағы тапсырманы таңдап, орындайды.</p> <p>1) Суреттеңіз.</p> <p>2) Қолданыңыз.</p> <p>3) Салыстырыңыз.</p> <p>I топ – суреттеңіз. (пейзаж) Шығармадағы табиғат суреті</p> <p>II топ – қолданыңыз. (Портрет) Көксеректің биологиялық өсуін суреттеңіз</p> <p>III топ салыстырыңыз. Тағылық өмір мен ауыл өмірін салыстыр (20мин)</p> <p>2. «Буриме» әдісі бойынша төрт жолды өлең құрастыр. Болыпты... Барыпты... Айтып... Қалыпты...</p> <p>3. «Басқаша айт» ойыны. (Тақырыпқа сәкес зат есімнен тұратын бір сөз жаз) Басқаша түсіндір.</p> <p>4. Қорытынды. Кері байланыс.</p>												
	<table border="1"> <thead> <tr> <th>Шығарманың авторы</th> <th>Шығарма несімен ұнады</th> <th>Сүйікті кейіпкерің</th> <th>Жасалған қорытынды</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table>	Шығарманың авторы	Шығарма несімен ұнады	Сүйікті кейіпкерің	Жасалған қорытынды								
Шығарманың авторы	Шығарма несімен ұнады	Сүйікті кейіпкерің	Жасалған қорытынды										

Сабақ бойынша мұғалім мен оқушының әрекеті:

<p>Мұғалім әрекеті</p> <p>-топқа бөлу</p> <p>-жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру</p> <p>- ынтымақтамастық атмосферасын қалыптастыру</p> <p>Топтық жұмыс.</p>	<p>Оқушы әрекеті</p> <p>-тапсырмаларды жеке-жеке орындау</p> <p>-жұпта әр баланың ойы құнды екенін ұғыну</p> <p>-тренинг барысында толық қатысу</p> <p>Топтық жұмыс</p>
--	---

<p>I. Оқушыларға жағымды психологиялық ахуал туғызу, топқа бөлу (2 мин)</p> <p>I. Үй тапсырмасын сұрау (10 мин)</p> <p>1. Оқиға қалай басталған еді?- Қараадыр қасқырлар мекені. Тағылар тірлігі.</p> <p>2. Байланысы - Адамдар шабуылы. Бөлтіріктер тағдыры. Қаталдық.</p> <p>3. Дамуы – Бөлтіріктің Көксерек атануы. Оның адамдардан көрген жәбірі.</p> <p>4. Шарықтау шегі – Көксерек және Құрмаш. Сәбидің таза көңілі, мейірімі</p> <p>5. Шиеленісуі - Көксеректің ауылдан кетуі. Ұяластарымен тез табысуы.</p> <p>Тағылардың тағылық істері.</p> <p>1. Шешімі – Құрмаштың қазасы. Көксеректің жазасын тартуы. Әже зары. Міне, негізгі оқиғасы да есімізге түсті.</p>
---

<p>Модульдер</p> <p>1.АКТ</p> <p>2. Сыни тұрғыдан ойлау</p> <p>3.Білім беруді және оқуды бағалау</p> <p>4.Жаңа тәсілдер, әңгімелесу</p>	<p>Мұғалімнің әрекеті</p> <p>Салтанатты түрде тапсырылған тапсырманы сұрайды және сұрақ-жауап арқылы диалогқа түседі, оқыту мен оқудағы жаңаша әдіс-тәсілдерді іске асырады</p>	<p>Оқушы әрекеті</p> <p>Мұғалімнің бағытымен берілген тапсырмаларды жан-жақты, сыни тұрғыдан ойлана отырып орындайды, топта әр баланың ойы құнды екенін ұғына біледі</p> <p>Жұпта белсенділік таныта біледі</p>
Бағалау өлшемдері:	<p>Сабақтың соңында кері байланыс рефлексия жасайды. Оқушыларды сабақта танытқан белсенділіктеріне қарай бағалайды.</p>	<p>-бағалау өлшемдерін құрастырады</p> <p>-топтар бір-біріне екі жұлдыз, бір тілек айтады</p>
Келесі тапсырма	С.Мұқанов. «Балуан шолақ» повесі.	Үйге: қасқыр туралы естіген, білгендерін жинау.

**Қ.ИЛЬЯСОВА,**  
**Краснояр ОЖББМ.**  
 Батыс Қазақстан облысы,  
 Ақжайық ауданы

## ТҰҢҒЫШ ПЕДАГОГ-ЖАЗУШЫ Ы.АЛТЫНСАРИН САЛҒАН ӨРНЕКТІ ІЗ

Жалпы мақсаты	Ы.Алтынсариннің ағартушылық-жазушылық қызметін меңгерту, «Қазақ хрестоматиясы» кітабының идеялық мазмұны,алған білімдерін қолдана білуге дағдыландыру
Күтілетін нәтиже	<p>а) Ы.Алтынсариннің шығармашылық еңбек жолын, «Қазақ хрестоматиясы» атты кітабының идеялық мазмұнын біледі.</p> <p>б) Мектеп ашу ісін өрістетудегі Ы.Алтынсарин қызметінің, шығармашылық еңбегінің маңызы.</p> <p>с) Ы.Алтынсариннің қоғамдық қызметіне, шығармашылық еңбегіне байланысты талдау жасайды, мысал келтіріп, дәлелдейді.</p>
Тапсырмалар	«Серпілген сауалдар», «Лезде жауап бер», «Қораптағы сұрақтар» әдісі, «Зерттеушілік әңгіме», «Әліпби» әдісі, жұптық, топтық жұмыс, «Өкіл» әдісі, «Бағдаршам», «Бас бармақ», «Екі жұлдыз, бір ұсыныс».

Қажетті жабдықтар	«Қазақ әдебиеті» пәні оқулығы, тақырыпқа байланысты тірек-сызба, кестелер, интерактивті тақта, «Ы.Алтынсарин-тұңғыш педагог, жазушы» тақырыбында жасалған презентация, «Қазақ хрестоматиясы», зерттеу материалдары, түрлі-түсті стикерлер.	
Сабақ барысы:		
Сабақ кезеңдері	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Кіріспе 7 мин.	«Ш. Уәлиханов-қазақтан шыққан тұңғыш ғалым, саяхатшы» тақырыбы бойынша үй тапсырмасын тексеру: «Лезде жауап бер» әдісі бойынша сұрақтар қою. «Қораптағы сұрақтар» әдісі бойынша «жабық», «ашық» сұрақтар беру	Оқушылар ойлана отырып, өз ойларын айтады, сұрақтың дұрыс жауабын табады.  А, В деңгейіндегі оқушылар мұғалімнен, құрбыларынан көмек ала отырып, білімді игереді. (Выготский «ЖАДА»)
Тұсаукесер 5 мин.	Сыныпты үш-төрттен топқа бөліп отырғызу үшін мамандық түрлерінің атаулары бойынша топқа бөлу. Балалар, сіздер өткен тақырып бойынша біраз білім игергендеріңді байқаттыңдар. Бүгінгі тақырыбымыз да қазақ халқының талантты ұлдарының бірі - Ы. Алтынсариннің шығармашылық еңбегіне байланысты болмақ. Мерсердің «Зерттеушілік әңгіме» әдісі бойынша «Тұңғыш педагог-жазушы Ы.Алтынсарин салған өрнекті із» атты жаңа тақырыпты түсініп, оқып зерттеуге, талдауға жұптық, топтық тапсырмалар беріледі.	Оқушылар берілген тапсырмалар бойынша топ болып жұмыстанады. 1. Материалды бөліп оқиды, түсінгендерін постер қорғау арқылы бір-біріне жеткізеді, жетпеген жерлерін толықтырады. 2. «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» әдісі арқылы бірін-бірі бағалайды.  Оқушылар жұмысты рөлге бөлініп орындайды. Мысалы: тайм-кипер уақытты қадағалап отырады, төраға ұйымдастырады, біреуі сурет салады деген сияқты.

Негізгі бөлім 25 мин.	Әр топ ортаға шығып, келесі топқа орындаған тапсырмаларын түсіндіреді. Содан соң жекелеген оқушыларға «Тұжырымдамалық карта» жасау тапсырылады. Әр топқа тапсырма беріледі. Инклюзивті оқытуда бірлескен жұмысты жүзеге асыру мақсатында қолжетімді тапсырмалар беру.  (Кеңейтілген тапсырмалар) Мысалы: «Дәрігер» тобына «Мектебім-үлкен өмір баспалдағы», «Мұғалім» тобына «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» тақырыптарында шағын мәтін құрастырту тапсырылады.	Әр топтың оқушылар «Тұжырымдамалық картасын» ұжым ішінде талдап, қорғайды. Оқушылар «Критериалды бағалау» әдісі бойынша өзін және бірін-бірі бағалайды.
Қорытынды 8 мин.	Қазақтың кеменгер ұлдары Шоқан мен Ыбырайдың өмір жолы, шығармашылығы бойынша «Венн диаграммасын» толтыру. Табыс критеріі бойынша «Ыбырай-қазақтан шыққан тұңғыш педагог» тақырыбында эссе немесе Педагог –жазушы Ыбырай Алтынсаринге «Хат жазу» «Ыстық орындық» ойынына әр топтан бір оқушы шығады. Сұрақтар мен тапсырмалар беріледі. Мысалы: «Аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боларсың, азға қанағат етпесен, көптен құр қаларсың» деген даналық сөз жазушының қай шығармасында кездеседі деген бағытта. Үйге тапсырма беру. Оқу материалын тұтастай оқып, «Ашық» және «Жабық» сұрақтар дайындау, алампордан Ыбырайдың шығармашылығына байланысты зерттеу материалдарын іздеп табу Формативті және суммативті бағалау.	Ортаға шыққан оқушыға бүгінгі тақырыпқа байланысты сұрақтар қояды. «Өлшемді бағалау» әдісі бойынша жиналған балды бағаға айналдыру  Кері байланыс жасау: «Сабақ бойынша түйінді сөздер жазу», алдағы жұмыста - рымда ескеру үшін «Оқушы үні» (Д.Раддок) сауалнама жүргізу.



## ҚАЗАҚ ЖАУЫНГЕРІНҢ ЕРЛІГІ

Мақсаты	Әңгіменің мазмұны мен мәтінің тіліне талдау жасау, кейіпкерлерге мінездеме беру.		
Күтілетін нәтиже	1. Әңгіме мазмұнына талдау жасай алады, Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен батырлардан үлгі алады; 2. Берілген сұраққа сәйкес сыни ойлай алады; 3. Әңгіме бойынша өз ойын шығармашылықпен жеткізе алады.		
Түйінді идеясы	Батыр туса - ел ырысы.		
Қолданылатын модуль түрлері	Диалогтік оқыту, СТО жобасы, АКТ пайдалану. Дарынды және талантты балалармен жұмыс, жас ерекшелігіне сай оқыту, оқыту мен оқудағы көшбасшылық, ОҰБ.		
Сабақ кезеңдері	Сабақ барысындағы іс-әрекет		
	Стратегиялар	Мұғалім мен оқушылардың іс-әрекеті, талқылау	
Ұйымдастыру кезеңі (1 минут)	Топқа бөлу	Амандасу, оқушыларды түгелдеу, Ұлы Отан соғысы батырларының суреттері бойынша алты топқа бөлінеді.	
Қызығушылықты ояту (2 минут)	Миға шабуыл	Экраннан Бауыржан Момышұлы туралы бейнебаянды көрсетіп, бағырдың сөзін тыңдау арқылы төмендегідей сұрақтарға жауап бергізу: - Бауыржан Момышұлының сөзін тыңдаған кезде оның кандай тұлғасын көз алдарыңа келтіре алдыңдар? Оқушылардың жауаптарын кейін тақырыпты, сабақ мақсатын хабарлау. Бағалау парақтарын таратып беру.	

Мағынаны тану (25 минут) Орындауға - 10 минут, қорғауға-3,5 минуттан	«Күбизм» әдісі	1-қадам: тақырыптың қойылуы. 2-қадам: күбизмді көмегімен төмендегі тапсырмаларды бөлу. 1. Суреттенің. Әңгімені оқығанда Бауыржан батырдың бейнесін қалай елестеттің және оқулықтағы Бауыржан Момышұлының өзі туралы жазған естелігін оқып, Бауыржан батырдың тұлғасын суретте. 2. Салыстырыңыз. Бауыржанды батырлар жырындағы Қобыланды батырмен салыстыр. 3. Байланыстырыңыз. Бауыржан Момышұлы басқарған полктің Мәскеу түбіндегі шайқасының тарихи маңызын анықта. 4. Талданың. Жауынгерлердің бойындағы отансүйгіштік, қайсарлық, шыдамдылық қасиеттерді әңгімеден тауып, кластер жасаңдар. 5. Қолданыңыз: әңгімеде кездесетін макалдарды теріп жазып, олардың мағынасын түсіндіріңдер, ерлік, батырлық тақырыбындағы басқа да макал-мәтелдерді жазыңдар. 6. Дәлелденің. Бауыржанның аса ақылды әрі қатал, соғыс өнерін жетік меңгерген қолбасшы екенін дәлелде. 3-қадам: әр топ күбизм бойынша өздеріне берілген тапсырмалармен жұмыс жасайды, тақырыпқа сәйкес әр оқушының жеке жауабы. 4-қадам: жазған мәліметтерді топта талқылау, топтың атынан ортақ жауап дайындау және презентацияға дайындық. 5-қадам: жасаған жұмыстары бойынша презентация, бағалау.	6-сыныпқа арналған «Әдебиет» оқулығы, түрлі-түсті стикерлер, постер, маркерлер.
Ой-толғаныс. (10минут)	Эссе	«Бауыржан – қазақтың данқты ұлы» деген тақырыпта эссе жазу. Автор орындағында оқу.	
Кері байланыс (3 минут)	Рефлексия	- Бүгінгі сабақтан алған әсерің қандай? - Сен үшін маңыздысы не болды?	Стикер
Ұй тапсырмасы (1 минут)		Бауыржан Момышұлының «Қанмен жазылған кітап» жинағын тауып оқу.	
Бағалау (3 минут)		Әр топтың басшылары ұпайларымен таныстырады.	

А.УМАРОВА,

Жамбыл атындағы орта мектеп.

Атырау қаласы,

Жаңаталап селосы

## МАХАМБЕТ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫБЫ МЕН ИДЕЯСЫ

Мақсаты: а) Махамбеттің шығармашылығы туралы түсінік беру, өлеңдерінің мазмұнын игерту, мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру; ә) Оқушылардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне ықпал жасау, ойлау шеберлігін, сөйлеу мәдениетін жетілдіру; б) оқушылардың көркемөнер дүниесіне сүйіспеншілігін арттыру, әдемілікті түйсінуге баулу, туған жердің табиғатына қамқорлық жасау. Түрі: жаңа сабақ. Әдісі: сұрақ-жауап, талдау, баяндау, топтастыру. Көрнекілігі: акын портреті, суреттер, т.б. Пәнаралық байланыс: қазақ тілі, тарих, сөз өнері, ән.

Сабақтың барысы: а) Ұйымдастыру кезені:

Оқушылармен амандасу, түгелдеу, оқу құралдарын тексеру, сыныптың тазалығына көңіл бөлу. Оқушылардың зейінін сабаққа аудару.

ә) Ұй тапсырмасын пысықтау: (Әр бөлім бойынша оқушылар бір-бірін бағалап отырады.)

I. «Үздік Махамбеттанушы». Үйге берілген тапсырманы сұраймын.

Махамбет өлеңдерін жатқа айту.

Топтастыру әдісі. Сұрақ: Махамбет кім? (батыр, акын, күйші, аруақты ер, қолбасшы)

II. «Бәйге! Бәйге! Бәйге!» Әр топтың оқушыларына өткен тапсырма бойынша бірнеше сұрақтар қоямын. Оқушылар сұрақтарға 1 минут ішінде жауап беру керек.

III. Жаңа сабақ. Мақал-мәтелдер арқылы Махамбет өлеңдерінің тақырыбын ашу.

1) «Еліңді сүйсең ерлік істейсің», «Ердің баласы-елдің панасы».

2) «Адам болып туған соң, адам болып өлу ләзім», «Адал адамның аты арып, тоны тозбас».

3) «Қазан-ошағыңнан айырылсаң да, халқыңнан айырылма», «Халқым дегенді құдай да қолдайды».

4) «Ғасырына қарай асылы», «Түрлі-түрлі заман бар, заманға қарай амал бар».

5) «Ерден ердің несі артық? Бір сөйлеген сөзі артық», «Ер басына күн туса, ереуіл атқа ер салар».

IV. Үш топқа жеке-жеке тапсырма беремін. (Махамбет өлеңдері бойынша)

V. Оқулықпен жұмыс.

I топ: Оқулықтан «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңін мәнерлеп оқып, дыбыстық қайталау туралы айт.

II топ: 1. «Мұнар күн» өлеңін мәнерлеп оқып, әдебиет теориясына тоқталу.

Түсіндірмелі сөздікпен жұмыс.

III топ: 1. «Мен құстан туған құмаймын» өлеңін мәнерлеп оқып, метафораларды тап.

Сұрақ: -Махамбеттің өлеңдерінен басқа нелерін білеміз? Қандай күйлерін атар едіңдер? («Жұмыр қылыш», «Түрмеден қашқан», «Терезе», «Қайран Нарын», т.б.) Олай болса, Махамбеттің «Жұмыр қылыш» күйін тыңдайық.

Көрініс. («Махамбеттің Жәңгір ханға айтқаны» өлеңінен үзінді көрсетіледі.) Азаттықты аңсаған асыл ер...

Сұрақ:

1. Көріністен ақынның қандай мінезін байқадыңдар?

2. Ерлік, батырлық туралы мақал-мәтелдер айт.

VI. Шығармашылық жұмыс. (Әр топқа беріледі.)

I топ: Бес жолды өлең.

II топ: «Ер қандай болу керек» тақырыбына шағын эссе.

III топ: Махамбет атаға хат.

VII. Оқулықпен жұмыс. (Жеке оқушылармен жұмыс)

Махамбеттің қанатты сөздерін оқу, жадына түю.

VIII. Сергіту сәті.

«Мен, мен, мен едім» әнін орындау. (Видеодан Ерболат Құдайбергеновтың «Мен, мен едім» әнін көрсете отырып, ән орындау.)

XIX. Салыстыр.

Махамбет өмір сүрген кезең	Қазіргі кезең
1. Хан, сұлтандар халықты қанады, жерін, ақшасын, малын тартып алды 2. Халық ханға қарсы шықты. 3. Елін тастап шет елге қоныс аударды.	1. Елдің қамын ойлайды, жер береді. 2. Сайлап алған президенті бар. 3. Атамекеніне оралу.

Дәйексөз. *Махамбет – ұлттық тұлға, оның батырлығын, ақындығын, күйшілігін, азаттық жолындағы күрескерлігін болашақ ұрпақтың санасына сіңетіндей етіп кеңірек дәріптеу керек.* Н.Ә.Назарбаев.

Ұй тапсырмасы:

«Махамбеттен тараған ұрпақтар жайлы деректер табу.

“Махамбет әлемі” кітаптарын оқу.

Бағалау. Оқушылар өздері бағалайды. (Алдарына берілген смайликтерді таратып алады.)

**Ж.ТАУГУДРЕТОВА,**  
**№2 орта мектеп-лицейі.**  
Ақмола облысы,  
Эрейментау қаласы

## **РАСУЛ ҒАМЗАТОВ. «АНА ТІЛІ»**

Мақсаты: білімділік-ақынның «Ана тілі» өлеңімен таныстырып, өлеңнің тақырыбы мен идеясын ашу; дамытушылық-өз пікірін еркін жеткізе білу дағдыларын дамыту; тәрбиелік-ана тілінің қадір-қасиетін түсіне білуге үйрету. Түрі: аралас сабақ. Оқыту әдісі: интерактивті әдіс, сұрақ-жауап, түсіндірмелі, іздену, оқулық. Сабақтың әдістемелік жабдықталуы: қосымша материалдар, слайд, интерактивті тақта.

Күтілетін нәтиже: Р.Ғамзатовтың өмірімен танысады, өлеңді мәнерлеп оқиды, ана тілі туралы, оның құдіреті туралы түсініктерін кеңейтеді.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі: (амандасу, түгелдеу).

Өтілген тақырыптарды еске түсіру. «Сазды қобдиша» әдісі.

1. «Ағын судың өлгені – алты ай қыста қатқаны,

Асқар таудың өлгені – Басын бұлттың жапқаны.

Ай мен күннің өлгені – Еңкейіп барып батқаны,

Қара жердің өлгені – Қар астында жатқаны.

«Дүниеде не өлмейді?» Жиренше шешен.

2. «Өнер, білім бар жұрттар,

Тастан сарай салғызды.

Айшылық алыс жерлерден,

Көзіңді ашып-жұмғанша

Жылдам хабар алғызды.

«Өнер, білім бар жұрттар» Ы.Алтынсарин.

3. «Сөйтіп, екеуі шала орысша тілмен жөн сұрасып, жөндері бір болған соң, серіктесіп, жүре берді. Лесниктің үстінде қара шинелі бар...»

«Бандыны қуған Хамит» С.Сейфуллин

4. Ертеңіне түсте жат иіс шықты, алыстан әлдеқандай дабырлаған дауыстар естіліп, жақындап келе жатты. Күшіктерін жоталарынан тістелеп, індерге тығып-тығып тастап, ақ қасқыр қараған ішіне кірді...»

«Көксерек» М.Әуезов.

5. «Білем сені, сүйем сені

Сырт сұлуы қарт анам,

Сенсің мені әлділеген,

Туған сенен мен балаң...»

«Сырдария» Ә.Тәжібаев.

Жаңа сабақ. Болжам жасау. Тақтада Дағыстанның картасы, Р.Ғамзатовтың суреті және эпиграф ретінде алынған Р.Ғамзатов өлеңінен үзінді.

Мұғалім: -Балалар, тақтаға назар аударайық, тақтадан біз не көріп тұрмыз?

Осы үшеуінің арасында қандай байланыс бар, біздің бүгінгі тақырыбымыз туралы болжам жасап көрейікші. (Оқушылар жауабы тыңдалады)

Біздің болжамымыз дұрыс па екен? (Тақтадан келесі слайд көрсетіліп, одан сабақтың тақырыбы мен мақсаты шығады)

Әдебиет оқулығында әр сыныпта біз жыл аяғында «Әлем әдебиеті» тарауын өтеміз. Бұл тарауда қазақ әдебиетінен басқа әлем ақын-жазушыларымен танысамыз. 5-сыныпта ағылшын жазушысы Даниэл Дефоның «Робинзон Крузо» атты романымен таныстыңдар. Ал, 6-сыныпта америка жазушысы Джек Лондонның «Мексика ұлы» атты әңгімесімен, биыл, яғни 7-сыныпта Дағыстан жазушысы Расул Гамзатовпен танысамыз. (Сабақтың мақсаты, тақырыбы айтылады, оқушылар дәптерлеріне жазады).

Мұғалім оқушыларды Р.Ғамзатов өмірбаянымен, шығармашылығымен таныстырады.

Мұғалім: -Балалар, ана тілі деген не? Ана тіліне деген көзқарастарың қандай?

Бұл тапсырманың мақсаты: оқушының өз ойын жеткізе білу дағдысын дамыту.

(Оқушылар берілген уақытта өзінің ана тіліне деген көзқарасын білдіреді)

Менің ана тіліме деген көзқарасым	Расулдың ана тіліне деген көзқарасы

Ойымызды айттық. Енді Дағыстан жыршысы Расулдың көзқарасы қандай екен? Оны өлеңді оқып,талдау арқылы ұғынамыз. Өлеңді мұғалім мәнерлеп оқиды.

Сөздік жұмысын орындау.

Ассамблея – 1. Ұлттар мен Ұлыстардың басын біріктіретін ұйым.

2. Халықаралық ұйымдардың жалпы жиналысы.

Махмуд – авар халқының ақыны.

Құлпытас – бейітке қойылатын тас белгі.

Оқушылар өздеріне ұнаған шумақты оқиды.

Өлеңді оқыған соң, оқушылар Расулдың ана тіліне деген көзқарасын мәтін бойынша әңгімелейді. Мұғалім тақтадан «Ұлылар үндестігі» кестесі арқылы тапсырманы қорытындылайды.

Сергіту сәті. «Ақ бұлақ» әні бойынша.



«Қырық мысал» - ұлы ағартушының мұратынан туған өлеңді шығармалар топтамасы. А.Байтұрсынұлы 1901-1922 жылдары аудармамен айналысқан.

Ал, балалар, Ахмет ағамыз кімдерден қандай шығармалар аударды, кім біледі?

Аудармалары. А.С.Пушкиннен «Алтын әтеш», «Балықшы мен балық», «Данышпан Аликтің ажалы». И.А.Крыловтан «Аққу, шортан, һәм шаян», «Егіннің бастары», «Қара бұлт», «Өгіз бен бақа», «Малшы мен маса», «Қырық мысал» жинағына кірген өлеңдер түгелдей орыс ақыны И.А.Крыловтан аударылған. Крыловтан аударған сондай аудармаларының бірі – «Екі шыбын». Бұл мысал түрінде жазылған.

-Мысал дегеніміз не? Мысал дегеніміз – эпостық шығармалардың ішіндегі ең қысқа түрі. Әрқашан сатиралық сипатта болады. Көбіне аң, хайуанат, жәндік туралы жазылады, сол арқылы адам бойындағы кемшілік мазаққа айналдырылып, сықақпен сыналады.

Идеясы астарсыз, ашық тура, тілі мірдің оғындай өткір, шымшыма, шымыр келеді.

Мәтінмен жұмыс. «Екі шыбын» өлеңін мәнерлеп оқу.

Мағынаны ажырату. Тірек сөздер. Шыбын, сабан, өгіз, жер жырту, ғибрат, мұрнын көкке көтеру.

Сөздікпен жұмыс.

Маңғаздану – паңсыну, тәкәппарлану;

Мақтаншақ адам өзін-өзі асыра бағалайтын, мақтауды сүйетін адам;

Әлін – шамасы, күші;

Ғибрат – үлгі, өнеге;

Мұрнын көкке көтеру – менсінбеу;

Өлеңнің жоспарын құру:

1. Сабан тартқан өгіз.

2. Мүйіздегі қара шыбын.

3. Шыбынның танысына кез болуы.

4. Танысының жөн сұрауы.

5. Шыбынның маңғаздануы./мұрнын көкке көтеруі/

6. Өзімшіл қара шыбын.

Өлеңді талдау.

*Кейбіреу көтереді мұрнын көкке, / 11 буын /*

*Өз әлін өзі білген адам көп пе? / 11 буын /*

*Мақтанып, бәрін де өзім айттым дейді, / 11 буын /*

*Біреудің шылауында жүріп текке. / 11 буын /*

Сатылай кешенді талдау:

1. Авторы – А.Байтұрсынұлы.

2. Тақырыбы – Екі шыбын.

3. Жанр түрі – поэзия, өлең.

4. Идеясы – мақтанға, тәкәппарлыққа салынбау.

5. Шумақ – 5 шумақ.

6. Тармақ – 20 тармақ.

7. Бунақ – 3 бунақ.

8. Буын саны – 11 буынды.

9. Ұйқас түрі – қара өлең.

10. Түсіндірме сөздік – маңғаздану, мақтаншақ адам, әлін, ғибрат

11. Өлеңнің тәрбиелік мәні – шыбын арқылы адамдарды мақтаншақтық, тәкәппарлық, өзімшілдік сияқты жаман әдеттерден сақтандыру.

-Балалар, 5,6 сыныпта Ахмет ағамыздың қандай өлеңдерімен таныстық.

«Аққу, шортан, һәм шаян», «Қара бұлт» өлеңдері.

Сабакты бекіту.

Тест-сұхбат.

Ахмет шығармаларының ерекшелігі қандай?

Шығармалары арқылы қандай тәрбие береді?

1.

2.

3.

4.

5.

Синквейн немесе бес жолды өлең.

1. Кім? – Ахмет (ақын)

2. Қандай? – шебер, суреткер.

3. Не істеді? – аударды, шығарды, жазды.

4. Синоним – мысалшы, аудармашы, ақын.

5. Сөйлем – Ахмет 20 ғасырдың әдебиетшісі.

Жаңа сабакты қайталау.

1. Мысалдан қандай әсер алдыңдар?

2. Шыбын образы арқылы қандай адамдарды суреттейді?

Үйге: «Екі шыбын» өлеңін жаттау.

«Қазақты оянсын деп сөзбен шақтым» тақырыбына эссе жазу. Оқушыларды бағалау.

## ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Мақсаты: білімділігі-қазақтың арқалы ақыны Қасым Аманжолов мұраларын талдап, ақын өмір сүрген кезең мен ақынның өзіндік қолтаңбасын айқындап, ақын суреттеген көркем образдарды ұғыну; дамытушылығы-өз ойларын қорытып тұжырым жасай білу дағдысына үйрету, түсініктерді дәйек сөздермен дәлелдеуге жаттықтыру, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру; тәрбиелігі-Қасым поэзиясы арқылы Отанды, туған жерді сүюге, қастерлеуге қайсарлыққа, табандылыққа, қаһармандыққа тәрбиелеу. Түрі: дәстүрлі. Типі: жаңа білімді меңгерту. Әдісі: түсіндіру, талдау, әңгімелесу, СТО стратегиялары. Көрнекілігі: ақын портреті, слайд, интерактивті такта, ұнтаспа, бейне фильм, ақынның шығармалар жинағы, тірек-схемалар. Пәнаралық байланыс: саз, тарих, бейнелеу.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі: сыныптың тазалығы мен жинақылығына мән беру, оқушыларды шығармашылық үш топқа бөлу

II. Үй жұмысын тексеру.

I топ: Топтастыру стратегиясы бойынша.

F.Мұстафин кім?

II топ: «Шығанақ» романының тақырыбы мен идеясын ашу.

III топ: Венн диаграммасы бойынша әдеби процестегі ақындардың өлеңдерін салыстыра қарастыру. Үй жұмысын бекіту.

III. Жаңа сабақ: а) Қасым туралы бейне фильм көрсету. (слайд арқылы) ә) Қасымның өмір жолы жайында қысқаша мағлұмат беріп, ақын шығармашылығына тән кезеңдерді топтастыра отырып шығармашылығымен байланыстыра талдау.

1-слайд. «Ол алғыр еді».

Асқақ дауысты Қасым ақын екеуіміз бір ауылданбыз оның атасы Аманжолдың Қызылдағы қыстауы таудың бетінде еді. Қасым екеуіміз бір жылда туыппыз әкелеріміз де жас шағынан шамалас екен, шешелеріміз: «Мекебай жазда, ал Қасым қыста туып еді деп естеріне алып отыратын. Мен Қасыммен 11жасқа дейін бірге ойнап, бірге өстім. Қасым кішкене күнінен ұғымтал, естігенін ұмытпайтын еді. Ол өте зерек, алғыр еді. Өнерге өте ерте құмартты, әсіресе өлең кітаптарын бір оқып шықса-ақ жатқа айтып беретін, сабақты да жақсы оқыды. (Мекебай Жазбаев естелігінен)

2-слайд. Ақынның туған жері.

3-слайд. «Өзі де өлеңі де өжет».

Қазақ топырағында Қасым өзінен бұрынғы бірде бір ақынға ұқсамайды ал Қасымға ұқсайтын тіпті Қасымның аузынан құйылып түсе қалғандай ақындар қазіргі қазақ поэзиясында көбейіп кетті. Қасымға тән қанатты

қиял, тапқырлық, шабыттылық басқа ақын поэзиясында бар ма?...

Қасым өзіндік анық айқын бояуы нақыш өрнегі көркем кестесі бар дара туған талант. Әбдіжәміл Нұрпейісов естелігінен

4-слайд Қасым Аманжолов портреті астында эпиграф М.Мақатаев өлеңі:

Дейсіндер-ау, Қасымның несі басым?!  
Қасым солай болмаса несі Қасым.

Ақынмын деп қопандап жүргендердің  
Әммесінен Қасымның десі басым.

«Бір күй бар домбырамда...»

(Иесі Қасым)

Қасым солай болмаса несі Қасым?!  
Жыр бәйгеге аттанған адам болса

Сөредегі Қасымын есіне алсын...

5-слайд. Қасым шығармашылығы

IV. Топтық жұмыс.

1-топ: Арнау өлеңдеріне талдау жасау. «Өзім туралы» өлеңді

а) өлең құрылысына талдау;

ә) әдеби терминдер арқылы талдау.

2-топ: Тақырыбы бойынша туған жер жайында жазылған жырлары.

а) «Алматы» өлеңіндегі бейнелеу ерекшеліктеріне талдау жасау.

ә) «Туған жер» мәнерлеп оқу.

3-топ: «Майдан жырлары» тақырыбы бойынша

а) «Орал өлеңін» екі түрлі түсініктеме бойынша талдау.

ә) «Үстімде сұр шинелім» өлеңін суреттеу.

6-слайд. «Жүзі жаз көңілі көктем еді».

Қасым «жүзі жаз, көңілі көктем» ақжарқын жігіт болатын. Ол: «тымырсық түнек болсаң дұшпаныңмын, ақ көңіл адал болсаң сырласыңмын»-деп өзі айтпақшы әрқашанда тұйықталуды, түнеруді білмейтін жайрандай жадырай келетін еді. Қандай ренжіп отырсақта ол келгенде қабақ қатпарын еріксіз жазатынбыз. Ол қайда барса да,кімнің алдында отырса да өзін еркін ұстайтын еді. (Әбу Сәрсенбаев естелігінен)

7-слайд. «Өмірді әнге қосып».

Қасым әнді жалпы музыканы сүйетін-ді ол оның тамаша терең сырларына ой көзімен бойлай білетін, тілін ұғына,әсемдігін тани білетін. Ол ән салсын домбыра тартсын, гармонь, скрипка тартсын әр уақытта беріле бар жаң дүниесімен ойнайтын. Қасым әнді біреуге еліктемей өзінше өз жүрегінің тербеуімен өз нақышымен айтатын- ды.

(Төлеутай Ақшолоқов естелігінен)

8-слайд. Қасым сазгер. «Дариға сол қыз»; «Туған ел»: «Өзім туралы»; «Ақ сауле»; «Жас дәурен»; «Сенің алма бағыңа».

Ұнтаспадан Қасым әнін тыңдату.

Сабақты бекіту: I топ: Ақынға хат.

II топ: эссе жазу.

III топ: бес жолды өлең.

Қорытынды: «Найзағайлы қара бұлт» 1955жылы 17 қаңтарда ұзақ уақыт ауырған Қасым Аманжолов қатты қысылып арыздасып қолтасуға жолдастарын шақырып жатыр деп естідік. Жайсыз хабар жазушы қауымның жанын тітіркентті. Сөйтіп қыстың аязды күнінде қазақ өлеңі аспанының жарық жұлдызының бірі – дауылды ақын Қасым Аманжолов

қайтпас сапар шекті.

Өр кеудесі жыр көгіне бүгілмей,  
Ойда арманы халыққа арнаған жүгіндей.  
Ұшты арқалап алғыр талант, өр ақын  
Тізе бүгіп жалықтым деп жүгінбей.  
Бүгін көзін ақын жұмған өмірден  
Жыры қалды жалынменен өрілген.  
Өлді деуге ақынды ауыз бармайды,  
Оның жыры жоғары тұр өлімнен.  
(Сапарғали Бегалин)  
Үй жұмысы: Ақын өлеңдерінен жаттау.  
Бағалау.



**А.ДЖУМАТАЕВА,**  
**№5 жалпы білім беретін**  
**орта мектеп.**  
Шығыс Қазақстан облысы,  
Аягөз қаласы

## АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ТІЛІ

Мақсаты: білімділік-Абай өлеңдерінің тілін талдай білу. Поэзияға қызығушылықтарын және сүйіспеншіліктерін арттыру.Өз беттерінше өлең құрастыру дағдаларына үйрету,білімдерін шығармашылық жолмен тәжірибеде пайдалана білу; дамытушылық-оқушылардың ой-өрісін ,сана –сезімін, тіл байлықтарын дамыту; тәрбиелік-Абай өлеңдерінің мәнін ұғындыра отырып, халқына адал қызмет етіп білім-ғылымға ден қоя білуге, адамгершілік, эстетикалық қасиеттерді жеке тұлғаның бойына дарыта білу. Көрнекілігі: интербелсенді тақта, буклет, Абай Құнанбайұлының шығармалары, кітаптар, таспа жазулар, карта, ұлағатты сөздер. Тегі: жаңа материалды игеру сабағы. Әдісі: мәнерлеп оқу, сұрақ-жауап, модель қорғау,талдау, картамен жұмыс. Түрі: аралас сабақ.

Сабақтың барысы:

1.Ұйымдастыру кезеңі: а) Оқушаларды түгелдеу, дәптерге күнді, тақырыпты, жазғызу.

Абай өлеңдерінің тілі

Үй тапсырмасын сұрау.

Тапсырма. 1-деңгей: Абай бейнесінің модулін жасап қорғау.

Слайд. а) Абай–күйші, аудармашы, философ, лирик, сазгер, ақын, табиғат жыршысы, шешен, кемеңгер, ақыл-ойдың данасы.

2-деңгей:

Крыловтан аударма мысал өлеңі:

Слайд.ә) «Есек пен бұлбұл» (көрініс ретінде)

Рөлдегілер:

Автор-

Есек-

Бұлбұл-

Абай әнінің бір шумағын орындайды.

Ш деңгей. б) Абай шығармашылығы (поэзиясы,поэмалары, аудармалары, сазгерлігі, әндері, прозасы.

Модульді кесте

II тапсырма (ауызша)

I топ.

Қара өлең ұйқасына мысал келтіру.

Слайдта тексеру.

Жасымда ғылым бар деп ескермедім (а)

Пайдасын көре тұра тексермедім (а)

Ер жеткен соң түспеді уасыма (б)

Қолымды мезгілінен кеш сермедім (а)

II топ кезекті ұйқас.

Сап, сап, көңілім,сап көңілім! (а)

Сабыр түбі-сары алтын. (ә)

Сабыр қылсаң жайынды, (б)

Білер ме екен бекзатым. (ә)

III топ шұбыртпалы ұйқас

Жайнаған туың жығылмай, (а)

Жасқанып жаудан тығылмай(а)

Жасаулы жаудан бұрылмай(а)

Жай жүрек жомарт құбылмай(а)

Жақсы өмірің бұзылмай(а)

Жас қуатың тозылмай(а)

Жылы жүрек суынбай(а)

Жақсы өліпсің,япырай...(а)

(Оспанға арнау)

Абай өлеңдерінің түр жаңалықтарына мысалдар келтіру,

I топ II тапсырма

Шалыс ұйқас.(Пушкиннен аударма жасау арқылы келген жаңалық)

Желсіз түнде жарық ай (а)

Сәулесі суда дірілдеп(ә)

Ауылдың маңы-терең сай(а)

Тасыған өзен күрілдеп(ә)

II топ.

Егіз ұйқас. Алыстан сермеп,(а)

Жүректен тербеп,(а)  
Шымырлап бойға жайылған(б)  
Қиуадан шауып,(д)  
Қисынын тауып, (д)  
Тағына жетіп қайырған.(б)  
Толғау тоқсан тоғыз тіл,(г)  
Сөйлеймін десең өзін біл.(г)

III топ.

Абай ашқан шумақтар неше тармақты, неше буынды?

6, 7, 8, 9, 10, 14 тармақты.

Бойы бұлғаң 6 тармақты.

Сегіз аяқ 8 буынды

Құр айқай бақырған 6 буынды

Бойы бұлғаң 4 және 8 буынды

Сегіз аяқ 5 және 8 буынды

VIII. Жаңа сабақ: Абай өлеңдерінің тілі.

*Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы*

*Қиынынан қиыстырар ер данасы*

*Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп*

*Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы,-*

деп Абай өлеңге үлкен баға берген. Ол жас кезінде шығыс ақындарына еліктесе(Физули, Шамси,Сайхали,)әлем мәдениетімен танысқан соң өлеңнің көркемдік ерекшелігіне , поэтикалық тіліне, тақырыбына ерекше мән берді. Кей ақындарды сынға алды, Поэтикалық тіл дегеніміз- шебер киноластырылған поэтикалық тәсілдер жүйесі. Біздің Ахмеди Ысқақов, Рабиға Сыздықова сынды ғалымдарымыз «Абай қазақ тілінің байлығы дәнекер ете отырып, солардан өзіне керегін ала отырып шығармаларын сол негізде ана тілінде жазды»-дейді.(Абай тілі сөздігі. -А.-1968) Сөзіміз дәлелді болу үшін өлеңдерін талдап көресетейік. Абай өлеңдерінде теңеу, эпитет, метафора, кейіптеу, т.б. көптен кездеседі;

Әбдірахман өліміне.

Бір өлеңінің өзінде теңеу, эпитет, ауыстыру, метафора сияқты көркем құбылтулар өлең мазмұнының неғұрлым мәнді, әсерлі,болуы үшін араласып, қат-қабат келе береді.

Өлеңдегі: Айнымас жүрек, күлкің – бал (метафора)

Көңілге сәуле толмас (ауыстыру)

Құйрықты жұлдыз секілді (теңеу)

Жаңа жылдың басшысы-ол (ауыстыру)

Мен ескінің арты едім(ауыстыру)

Арман деген ащы сол(эпитет)

Қайғы болды күйгендей(теңеу)

Ол қуатым еді рас(ауыстыру)

Көзге қолым тигендей(теңеу)

«Сегіз аяқ» өлеңін оқыту.

Толғауы тоқсан қызыл тіл( ұлғайған эпитет)

Білгенге маржан –білмеске арзан( ауыстыру)

«Теректің сыйы» аудармасын оқу. Кейіптеу үлгісіндегі өлең қандай әдіспен жазылған?

А.Некрасов «Аяз ата» өлеңін орысша мәнерлеп оқу

Күн жақта кісімсінер жұлдызбен ай,

Ол қайтсін қара түнде жарқырамай.

Азалы ақ көрпесін сілке тастап,

Жер күлімдер өзіне беріп шырай.

Осы өлеңге ұқсас қандай мақалды білесіңдер? (Ит жоқта, шошқа үреді қорада, Құл жоқта, құң жүреді арада.)

Балалық өтті, білдің бе?

Жігіттікке келдің бе?

Жігіттік өтті білдің бе?

Кәрілікке көндің бе? Жауабы білдім деп тұрады(риторикалық сұрау-деп оқушылар табады.)

Қар-аппақ, бүркіт-қара, түлкі-қызыл

Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға

Қара шашын көтеріп екі шынтақ,

Ол да бұлк-бұлк етпей ме сипағанда

Аппақ ет,қап-қызыл бет, жап-жалаңаш

Қара шаш қызыл жүзді жасырғанда.

Ауыз әдебиетінен мысал келтіру

Қара жерге қар жауар

Қарды көрде етім көр...

Абай – реалист ақын

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,

Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың

Жақсы менен жаманды айырмадың

Бірі-қан,бірі-май боп енді екі ұртың

Жарлай арнау үлгісі

Аллитерацияға мысалды хрестоматиядан іздеу (дауыссыз дыбыстың қайталануы)

Әр өлеңі бір әлем. Ішінде небір даналық сөздер мол. Қ.Жұмалиев «Ақын сөздері –үлкен ой, терең пікірге құралған өмір туралы айтылған ел санасының қорытындысы»,-дейді «Абай поэзиясы тіл» зерттеуінде.

Абайға-166 жыл

IX. Сабақты бекіту.

Абай өлеңдеріндегі даналық, нақыл сөздерді табу.

Оқулықпен жұмыс.



Еңбек қылсаң ерінбей,  
Тояды қарның тіленбей.

Бірінді қазақ бірің дос!  
Көрмесең істің бәрі бос.

Тамағы тоқтық,  
Жұмысы жоқтық  
Аздырар адам баласын.

Ғылым таппай мақтанба.  
Дүние де өзі, мал да өзі,  
Ғылымға көңіл бөлсеңіз  
Ұстаздық еткен жалықпас,

Үйретуден балаға.

Әсемпаз болма әрнеге

Өлді деуге сия ма ойлаңдаршы,  
Өлмейтұғын артында сөз қалдырған.  
III топ.

Абайдың «Болыс болдым мінеки» өлеңіне поэтикалық талдау моделін жаса да, Абай тілінің сөздігін құрыңдар.

Тілі	
Халық тілі поэтикалық тіл	Мысалдар
Болыс болды мінеки	
Болыс	

II топ

Жыраңт

Көз ашып жұрттың ояу болған сайын, Хакім Ата қадірің артар.  
М.Жұмабаев.

Немесе Жидебайдан алған әсерім...

Қорытынды

М.Әуезов «Қазақтың классикалық әдебиетінің атасы поэзия сының кін шуақты асқар биігі».

XI. Үйге тапсырма.

Абай өлеңдерін жаттау. (бәріне)

«Еркін жазу» стратегиясы бойынша.

I топ Сыр толғау. Ұлы ақынмен сырласу

II топ. Жыр қанат «Абай сөздері дүниеде қалғаны-қазаққа зор бақыт».

Жидебайдың алған әсерім

III топ. Шығарма Абайдың ақын шәкірттері.

Бағалау парағы бойынша білімдерін бағалау

Сабакты аяқтау. Ән. «Бұл ән-бұрынғы әннен өзгерек» (Баяу орындалады).

**Л.ҚОҢЫРБАЕВА,**  
**№5 орта мектеп.**  
Ақтөбе облысы,  
Шалқар қаласы

## **МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ**

Мақсаты: білімділік-оқушыларға ақынның өмірі, шығармашылығы жайлы мағлұмат беру, өлеңдеріндегі өршіл рухты таныту, жырларының көркемдік ерекшелігін, өзіне тән тілін, мәні мен маңызын ұғындыру; дамытушылық-Махамбет өлеңдеріне эстетикалық талғам тұрғысынан білгір көркемдік талдау жасауға төселдіру, өзіндік ой айту, қиялдау, шығармашылық қабілетін дамыту; тәрбиелік-Отанын сүйеу, шыншылдыққа, адамгершілікке баулу, ерлік пен елдікті, батырлықты дәріптеу, олардың бойындағы қызығушылық, ізденушілік қабілеттерін арттыру. Түрі: панорамалық сабақ. Типі: жаңа сабақ. Әдістері: сұрақ-жауап, топтастыру, мәнерлеп оқу, талдау. Технология: сын тұрғысынан ойлау. Жабдығы: интерактивті тақта, электронды оқулық, бағалау парақтары. Пәнаралық байланыс: тарих, әдебиет теориясы, музыка.

Сабақтың барысы. Ұйымдастыру кезеңі:

- Оқушыларды тексеру.

- Оқушылар назарын сабаққа аудару.

- Сабақ мақсатын айқындау, тақырыпты хабарлау.

- Жүргізілетін жұмыс түрлерін таныстыру, бағалау өлшемдерін түсіндіру.

- Бағалау парақтарын үлестіру.

II. Қызығушылықты ояту сатысы. Өлең шумағынан үзінді оқып, авторын табу арқылы жаңа сабақтың тақырыбын анықтау.

*Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,*

*Қанатың қатты, мойның бос.*

*Исатайдан айрылып,*

*Жалғыздықпен болдым дос.*

*Ел қорғаған мен едім,*

*Менде айрылдым елімнен,*

*Көл қорыған сен едің,*

*Сен де айрылдың көліңнен...*

Топтастыру стратегиясы.

### III. Мағынаны тану

1. Махамбет Өтемісұлының өмірі мен шығармашылығын хронологиялық кесте арқылы таныс ету.

Оқулықпен жұмыс. Оқушыларға «Тарланым» өлеңін мәнерлеп оқыту, мазмұнына назар аударту. Автордың ойына тоқталу. Өлеңнің тақырыбы мен идеясын анықтау.

Өлеңнің мазмұндық желісі бойынша қойылатын сұрақтар:

- Өлеңде ауыз әдебиетінің қай үлгісі көрініс тапқан?
- Исатай Тайманұлы деген кім?
- Өлеңде Исатайдың сырт бейнесі, ержүректілігі қалай суреттелген?
- Батырдың ақылдылығы, ішкі жан дүниесі қандай сөздер арқылы өрнектелген?

#### Махамбеттің шығармашылық қыры

Ақындығы	Күйшілігі, сазгерлігі	Жыршылығы
«Тайманның ұлы Исатай», «Исатай деген ағамбар», «Исатай сөзі», «Тарланым», «Мұнар күн», «Соғыс»	«Исатайдың ақтабаны-ай», «Жайық асуы», «Өкініш», «Қайран», «Нарын», «Жұмыр қылыш», «Терезе».	«Жалған дүние», «Орай да борай қар жауса», «Жәңгірге айтқаны», «Баймағамбет сұлтанға айтқаны».

Ақынның әр өлеңінде ел үшін, жұрт бақыты үшін қан төккен, сол мақсатқа бел буған ерлер бейнесі жасалса, Исатай-сол ерлерді бастаушы, халық үшін жанын қиған батыр, әрі соғыстағы ерліктің символы іспеттес.

Махамбеттің Исатайға арнаған өлеңдері: “Исатай деген ағам бар”, “Мұнар күн”, “Тайманның ұлы Исатай”, “Мінкен ер”, “Тарланым”, “Исатай сөзі”, “Мінгені Исатайдың Ақтабаны-ай”, өлеңдерінде тұтастай ел бастаған ер бейнесі сомдалады.

Оқулықпен жұмыс. «Тарланым» өлеңін мәнерлеп оқып, құрылысына талдау.

1. Өлеңнің тақырыбы.
2. Тармақ.
3. Буын саны.
4. Бунақ.
5. Ұйқасы.

Өлең тармақтарындағы бейнелі сөздерді тауып, кестені толтырындар.

№	Өлең тармақтары	Көркем сөз	Көркемдік құрал
1	Таудан мұнартып ұшқан Тарланым	Тарланым	Метафора
2	Құландай ащы дауыстым	Құландай ащы дауыстым	Теңеу Эпитетті метафора

Шығармашылық жұмыс.

1. Оқушыларға таспадан Айгүл Үлкенбаеваның орындауындағы Махамбеттің “Өкініш” күйін тыңдау.

2. “Ер елі үшін туады, елі үшін өледі” ой толғау жазу.

3. Махамбеттің өмірі жайлы электронды оқулықтан бейне баян көрсету. Оқушылар назарын экранға аудару.

Сергіту сәті.

Тіл дамыту үшін. Сергіту мақсатында ерлік, батырлық, туған жер туралы мақал-мәтелдер айтқызу. Ол үшін арнайы дайындалған семантикалық карталарды әр оқушыға үлестіріп беремін де, берілген мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріп шығамын.

Сөздікпен жұмыс.

Өлеңде кездесетін көнерген сөздерді тауып, мағынасын ашу.

Сабақты бекіту.

Тест тапсырмалары (7 сұрақ. Бірін-бірі тексеру.)

1. Махамбеттің өмір сүрген жылдары?  
А) 1805-1847жж. Б) 1802-1856жж.  
Ә) 1804-1846жж. В) 1801-1849жж.
2. Махамбеттің әкесі?  
А) Баймағанбет; Б) Исатай;  
Ә) Өтеміс; В) Жәңгір.
3. Исатай бастаған көтеріліс қай жылдары болды?  
А) 1835-1839жж. Б) 1804-1846жж.  
Ә) 1836-1839жж. В) 1836-1837жж.
4. Махамбет пен Исатай ескерткіші қай жерде орналасқан?  
А) Ақтөбе; Б) Атырау;  
Ә) Көкшетау; В) Өскемен.
5. Исатай қай жылы қаза тапты?  
А) 1834ж. 12 шілдеде; Б) 1836ж. 14 шілдеде;  
Ә) 1837ж. 11 шілдеде; В) 1846ж. 16 шілдеде.
6. Махамбеттің «Тарланым» өлеңі кімге арналған?  
А) Жәңгір ханға; Б) Гекке әскеріне;  
Ә) Исатайға; В) Орыс отаршылдарына.
7. Махамбеттің күйі?  
А) «Жұмыр қылыш» күйі. Б) “Адай” күйі;  
Ә) «Кісен ашқан» күйі; В) “Балбырауын” күйі.

Үйге тапсырма: Махамбеттің өмірі мен шығармашылығын оқу. «Тарланым» өлеңін жаттау. Махамбет пен Исатай бастаған көтеріліс туралы қосымша мәліметтер жинау.

**А.СЕРМАҒАНБЕТОВА,**  
**№ 77 орта мектеп.**  
Қызылорда облысы,  
Арал ауданы,  
Құланды елді мекені

## **М.МАҚАТАЕВ. «ЕЛІМ БАРДА», «АНАУ-АСПАҢ, МЫНАУ-БАҚ»**

Мақсаты: ақынның өмірін, шығармашылығын таныстыру, өлеңдерінің тақырыптық-идеялық негізін, жанрлық ерекшелігін таныту; оқыған өлеңдеріне талдау жасай білуге, өз ойын еркін жеткізе білуге шығармашылыққа жетелеу; қазақ поэзиясындағы бірегей тума талант Мұқағали бейнесін, шығармашылығын құрметтеуге, ұстанымын үлгі етіп ұлтжандылыққа, шындықты қадірлеуге, поэзияны сүюге тәрбиелеу. Әдіс-тәсілдері: өлеңге поэтикалық талдау, мәнерлеп оқу, шығармашылық жұмыс, Венн диаграммасы. Көрнекілігі: суреттер, интерактивті такта, аудио жазбалардағы өлеңдері. Түрі: аралас сабақ. Пәнаралық байланыс: қазақ тілі, математика, ән-әуез.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:


- оқушыларға психологиялық ахуал туғызу;

- бүгінгі сабаққа жақсы ахуал қалыптастыру;

"Күн шуағы әдісі". I. Жақсы тілектер мен сөздер жазылған стикерлерін күн нұрына ілгізу.

II. Үй тапсырмасын пысықтау. Үй тапсырмасы бәйге түрінде өткізіледі.

Ойынның шарты: Ұяшықтардың артында жасырынған сұрақтарға жауап беру.



1. М.Мақатаев қай жылы, қай жерде дүниеге келді?
2. Туған жер табиғатының ақын талантына, мінезіне әсері болды ма?
3. «Қайырлы түн» өлеңінің тақырыбы, идеясы қандай?
4. Қара өлең дегеніміз не?
5. Ақын халқына қандай тілек айтады?
6. «Қайырлы түн» өлеңіндегі қаратпа сөздерді ата.

Осы ұяшықтағы сұрақтар арқылы үй тапсырмасын бекіту, оқушыларды тақ сандар мен жұп сандар арқылы топқа бөлу.

Мұғалімнің кіріспе сөзі: -М.Мақатаев-ғажайып, сыршыл ақын. Ақын өлеңдерін оқыған сайын ақиқат, бейнелі рух, сезім мен сананың бірлігі көңілге ұялайды. оның артына қалдырған өшпес мұрасы жарық жұлдыздай қараңғы түн қойнауынан құпия сәулесін шашқандай жарқырап, өркендеп айқындала түседі. Мұқағалидай перзенті бар қазақ елі шынымен де бақытты!

III. Жаңа сабақ. Мағынаны тану. (Бірік. Жұптас. Бөліс.)

-Ал, балалар, сендер М.Мақатаев шығармашылығымен төменгі сыныптан танысыңдар. Қазір ақпан айы, ақын айлығы, биыл ақынның 85 жылдығы.

Сондықтан ақын поэзиясын әрбір оқушы сүйіп оқуға тиіс. Сабағымыздың бүгінгі мақсаты - ақын өмірінен неғұрлым көп мәлімет алып, «Елім барда», «Анау-аспан, мынау-бақ» өлеңдерімен танысу. Ендеше, оқулықтан ақынның "Елім барда", "Анау - аспан, мынау - бақ" туындыларын оқыық. Өлеңдегі түсініксіз сөздерді мына қағазға жазып, ілеміз. (сөздікпен жұмыс)

IV. Ізденімпаздық кезеңі. 1-топ. "Елім барда", 2-топ. "Анау-аспан, мынау-бақ" өлеңдерін талдайды. (әр топ өздеріне берілген тапсырмалар бойынша ізденеді, ойланады, дәлелдейді, өз пікірлерін айтады.)

1. «Елім барда» өлеңін мәнерлеп оқу.

2. Тақырыбы: Туған ел, Отан.

3. Идеясы: Ақын еліне деген сүйіспеншілігін көрсету арқылы оқырманын елжандылыққа, елін-жерін сүюге тәрбиелейді.

4. Жанры: Лирика. Неге екенін дәлелдету.

5. Қанипа Бітібаева технологиясы арқылы құрылысына, көркемдігіне талдау жасату.

Өлең аты -- Бунағы -- Буыны -- Шумақ -- Ұйқас -- Көркем сөздер

6. «Анау-аспан, мынау-бақ» өлеңін мәнерлеп оқу.

Өлеңде қай жыл мезгілі суреттелген? Сөздік жұмысы.

Ақын суреттеуіндегі қыс мезгілі: қу бұтағын құшақтаған кәрі емен, дәрігер қыс, тазалық, жалаң аяқ жылап, өкініш, тал - қайың, өлең.

V. Ой толғаныс. "Сезімнен шыққан ойлар"

1-топ. Тірек сөздерді қатыстырып мәтін құрау.

Тірек сөздер: туған өлке, таулы, Қазақстан Республикасы, кең, халық, ыстық, Отан, болашақ, ұланымын елімнің, ақын.

2-топ. Табиғат, самал жел, жусан мен бетеге, тас, бұлақ, орман мен тоғай, көкөрай шалғын, таза ауа, Жер-ана, борыш пен міндет.

- Қай ақын қыс туралы өлең жазған? Ендеше екі өлеңде табиғаттың бір мезгілі суреттелген. Табиғатты жансыз затты адам кейпінде суреттеу қалай аталады?

Венн диаграммасы арқылы екі өлеңді салыстыру. Ортақ кейіптеу тәсіліне ерекше назар аударту.

Қуат алып Абайдың тіл - күшінен,

Жыр жазамын Абайдың үлгісімен,

Абай болып табысам бір кісіге,

Абай болып түңілем бір кісіден,- деп Абайды үлгі еткен ақиқат ақынның өмірі жыр болса, жаны әнге құмар еді. Ақынның көптеген өлеңдеріне композиторлар ән шығарды.

VI. Сергіту сәті. «Мұқағали мұрасы, маржан поэмасы - болашақ ұрпақтың да еншісі, қастерлеп қадірлейтін қазынасы» деп Зейнолла Серікқалиев айтқандай ақынның әдебиет өнеріне қосқан үлесі қандай екен тақтаға назар аударайық. «Мұқағали рухына бас иейік!» бейне сюжетті көрсету.

VII. Үйге тапсырма: 1. Қалаған өлеңдерін жаттап келу.

2. "Менің Мұқағалиым" тақырыбына ойтолғау жазу.

VIII. Бағалау. Рефлексия. "Бәрі сенің өз қолыңда". Таратылған парақтарға сол қолдарының суретін салып, әр саусаққа өз ойларын жазу.

1. "Бас бармақ" - мен үшін маңызды және қызықты болды.....

2. "Балан үйрек" - мен бүгін түсіндім.....

3. "Ортан терек" - мен үшін қиын болды.....

4. "Кішкене бөбек" - менің бағам.....

5. "Шылдыр шүмек" - менің білгім келеді.....

**К.ДҮЙСЕНОВА,**  
**М.Әуезов атындағы**  
**жалпы орта мектебі.**  
Оңтүстік Қазақстан облысы,  
Отырар ауданы

**ЕРТЕГІЛЕР**  
(5-сынып)

Жалпы мақсат:	Ертегілер туралы түсінік қалыптастыру.
Сілтеме:	1. Қазақ әдебиеті. 5-сынып. 2. Қазақ тілі мен әдебиеті әдістемелік.
Оқушылар үшін оқу нәтижелері:	Ертегілер туралы түсінік беріледі, оның түрлерін ажырата алады.
Негізгі идеялар:	Ертегіні талдау арқылы оқушылардың ойлау қабілетін, ауызекі сөйлеу тілін дамыту. Адамгершілік қасиеттерін танып, мейірімді болуға ықпал ету.
Сабақта қолданылатын материалдар:	9. Презентация. 10. Интерактивті тапсырмалар. 11. Смайликтер. 12. Флипчарт қағаздар.
Оқыту әдістері:	1. Диалог. 2. Проблемалық. 3. Түсіндіру. 4. Сұрақ-жауап. 5. Бағалау түрлері.
Дерек көздері:	Оқулықтағы тақырыпқа сай берілген материалдар. Ғаламтор мәліметтері Қазақ әдебиеті пәнінің жұмыс дәптері.
Тапсырмалар:	Кесте сызу, сұрақтарға жауап беру, постер қорғау, т.б.

Сабақ бойынша мұғалім мен оқушының іс-әрекеті.

Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті	Ресурстар
3 мин.	I. Оқушыларға психологиялық ахуал туғызу. 1. Ұйымдастыру кезеңі. 2. Сергіту сәті. 3. Сыныпты топқа бөлу (қоржыннан асық алу әдісі арқылы)	Сынып қоржыннан асық алу арқылы топқа бөлінеді.	Түрлі асықтар

7 мин.	II. Үй тапсырмасын сұрау. «Зымыран сұрақтар». Ауыз әдебиетінің түрлері қандай? Ауыз әдебиеті деп аталу себебі неде? Жұмбақ дегеніміз не? М.Әуезов жұмбақ нені білдіреді деді? Жұмбақтардың тақырыптары қандай?	Оқушылар сұрақтарға жауап береді.	
20 мин.	III. Жана тақырып Тақырыпқа кіріспе. Ертегілер дегеніміз не? Тапсырмамен жұмыс. 1-топ. Ертегі туралы түсінік. 2-топ. Қиял-ғажайып ертегілер. 3-топ. Хайуанаттар жайлы ертегілер. 4-топ. Шыншыл ертегілер.  «Ертегілер еліне саяхат»  Өз ойларынан ертегі құрастыру.	Қойылған сұраққа байланысты әңгіме-дебат жүргізу. Жұмыс дәптерлерінде қысқаша түсінік беріледі. Топтастыру стратегиясы бойынша түсінік беріледі.  Оқушылар топқа бөлініп тапсырмалар бойынша дайындалып, бір-бірін тыңдайды, берілген тақырыпқа байланысты постер қорғайды.  Ертегі жазады.	Слайдтар, презентациялар.
5 мин.	IV. Қорытындылау. Соңғы сөзді мен айтайын әдісі.	Таблицаны толтырады.	

5 мин.	V. Рефлексия. Кері байланыс (сұрақ-жауап) Сабақтан алған әсерлері мен ұсыныстарын жазу үшін стикерлер тарату	Сұрақтарға жауап беру. Сабақтан алған әсерлері мен ұсыныстарын стикерлерге жазу	Жеміс ағаш, стикер
3 мин.	VI. Бағалау Бағдаршам әдісі арқылы бағалау.	Оұб бағалау	Таблицалар
2 мин	VII. Үйге тапсырмасын беру. Мәтінмен жұмыс, қосымша материалдар жинау	Үй тапсырмасын орындау	

**Л.ЕЛУБАЕВА,**  
**№39 «Қызылөзек» орта мектеп.**  
 Қызылорда облысы,  
 Қараөзек ауылы

## **ШОҚАН УӘЛИХАНОВ.** **«ЫСТЫҚКӨЛ КҮНДЕЛІГІ»,** **«ЖОҢҒАР ОЧЕРКТЕРІ»**

(10-сынып)

Мақсаты: білімділік-Шоқанның өмірі мен сан қырлы ғылыми еңбектері туралы кеңінен мағлұмат беру; дамытушылық-оқушыларды тұжырымды ой айтуға, саралап талдауға көзқарастарын білдіруге жетелеу; тәрбиелік-Шоқанның елі, халқы үшін істеген игі істерін мақтан ету, үлгі ету, балаларды отаншылдыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Көрнекілігі: Шоқан Уалихановтың ғылыми еңбектері, семантикалық карта, Қазақстан картасы, электрондық оқулық. Әдіс-тәсілдері: түсіндіру, талдау, сұрақ-жауап, СТО. Пәнаралық байланыс: тарих, география, бейнелеу. Түрі: дәстүрлі сабақ. Типі: жаңа материалды меңгерту.

Сабақтың барысы: а) Ұйымдастыру. ә) Оқушылардың назарын сабаққа аударып, оқу-құралдарын түгелдеу. б) Үй тапсырмасын сұрау. в) Жаңа сабақ.

### 1. Өмір жолына шолу жасау.

1835 жылы қараша айында	Қазіргі Қостанай облысының Құсмұрын бекетінде туған. Балалық шағы Сырымбет тауының бауырында Көкшетауда өткен. Мұсылманша хат таныған.
1847-1853 жылдары	Омбыдағы Кадет корпусында білім алады.
1853 жылы	Кадет корпусын аяқтап, Омбыдағы генерал – губернатор Г.Х.Гасфорттың адыютанты болып қызметке ауысады.
1852 жылы	Ұстазы Костылецкий арқылы Қазан университетінің профессоры И.Н.Березинмен танысады.
1854 жылы	Шоқан Жетісу жерін, Шығыс, Орталық Қазақстан өлкелерін аралайды.
1856 жылы мамыр айында	Шоқан қырғыз еліне, Ыстықкөл аймағына саяхатқа шығады.
1857 жылы	22 жасында Орыс географиялық қоғамының толық мүшелігіне сайланады.
1858-1859 жылдары	Қашқария сапарында болады.
1859 -1861 жылдары	Шоқан сол кездегі Ресей мемлекетінің астанасы Санкт-Петербургке барып тұрады.

1861 жылы	Елге оралады.
1863 жылы	Омбыдағы сот реформасын жасау туралы халық пікірін әзірлеу комиссиясының құрамында қызмет атқарады.
1865 жылы 30 сәуірде	30 жетпеген шағында қайтыс болады. Сүйегі Алматы облысының аумағында Алтынемел тауының бауырындағы Көшен–Тоған деген жерге қойылған.

Шоқан еңбектерінің мазмұнын талдау: «Тәңірі» (құдай), «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы», «Қырғыздар туралы жазбалар», «Қазақ халық поэзиясының түрлері туралы», «Ыстықкөл сапарының күнделіктері», «Қытай империясының батыс провинциясы және Құлжа қаласы», «Жоңғария очерктері», «Оңтүстік Сібір руларының тарихы туралы ескертпелер», «Сот реформасы туралы жазбалар»

Шоқан қағазға түсірген жырлар:

1. Жанақ ақыннан «Қозы Көрпеш-Баян сұлу».
2. «Ер Көкше», «Едіге батыр».
3. Қырғыз жыршыларынан «Манас» жырының «Көкетай ханның асы» бөлімін

Шоқанның орыс достары:

1. П.П.Семенов Тянь-Шанский, Ф.М.Достаевский, А.Н.Бекетов, Е.П.Ковалевский, И.И.Захаров, Ф.Р.Остен секілді ғалымдар
2. А.Майков, Н.Курочкин, Я.Полонский ақын –жазушылар.
3. Н.Ф.Костылецкий (орыс тілі пәнінің мұғалімі), Гонсевский (тарих пәнінің мұғалімі), И.Н.Березин.

4. Г.Н.Потанин –досы, академик Н.И.Веселовский.

Потанин сөзін талдау «Бізден жасы кіші болса да, өзімізбен салыстырғанда, ол үлкен сықылды еді де, біздер оған қарағанда бала тәрізді едік. Өзінің бізден артық білетіндігін, не біздерден білімі жоғарылығын білдіруге тырыспаса да, жолдастар арасында болатын жай әңгімелердің өзінен-ақ оның білімінің бізден артықтығы білініп қалатын. Жалпы жолдастарына, соның ішінде маған, ол еріксіз, «Еуропаға ашқан терезе» сықылды болды.

Н.И.Веселовский: «Ш.Уалиханов шығыстану әлеміне құйрықты жұлдыздай жарқ етіп шыға келгенде, орыстың шығысты зерттеуші ғалымдары оны ерекше құбылыс деп, түгел мойындап, түркі халқының тағдыры туралы онан маңызы зор, ұлы жаңалықты ашуды күткен еді. Бірақ Шоқанның мезгілсіз өлімі біздің бұл үмітімізді үзіп кетті.

Шоқан жайлы жазылған көркем туындыларды айту, талдау.

С.Мұқанов «Аққан жұлдыз», С.Бегалин «Шоқан асулары»

Қазақфильм киносы, онда ойнаған актерлер жайлы түсінік беру.

Сабақты қорытындылау, бағалау.

Үй тапсырмасы: Шоқан шығармаларын оқып, талдау.

**Р.ӘБДІҚАДЫР,  
М.Әуезов атындағы  
жалпы орта мектебі.**  
Оңтүстік Қазақстан облысы,  
Отырар ауданы

## I.ЖАНСҮГІРОВ. «ҚҰЛАГЕР» ПОЭМАСЫ

(11-сынып)

Жалпы мақсат:	«Құлагер» поэмасы жайлы оқыта отырып, өлеңді мәнерлеп оқуға, салыстыра білуге үйренеді, есте сақтау, ойын толық жеткізе білуге дағдыланады, өзінің ана тілін сүйеге, қадірлеуге дағдыланады.
Сілтеме:	1. Қазақ әдебиеті 11- сынып 2. «Қазақ тілі мен әдебиеті» Республикалық ғылыми-әдістемелік басылым.
Оқушылар үшін оқу нәтижелері:	Ақын өмірі мен шығармаларының құндылығымен, көркемдігімен танысады. Жұмыс жайлы білімін тиімді қолдануға үйренеді. Шығармашылық қабілеттері іс-әрекетте көрінеді. Топтық бағалау мен топшілік бағалауды үйренеді.
Негізгі идеялар:	Ақын шығармаларының негізгі идеясын түсіндіру. Тақырыпты түсініп оқи білуге баулу. Тілін, сөздік қорларын дамыту арқылы сабаққа деген қызығушылығын арттыру.
Оқыту әдістері:	1. «Ұяшықтардағы сұрақтар» әдісі. 2. «Кафель» әдісі. 3. «Дейін-кейін» әдісі.
Тапсырмалар:	Кесте сызу, сұрақтарға жауап беру.

Сабақ бойынша мұғалім мен оқушының іс-әрекеті:

Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Ресурстар
3 мин.	I. Оқушыларға психологиялық ахуал туғызу. (ән тыңдау арқылы) 1. Ұйымдастыру кезеңі. 2. Сыныпты топқа бөлу (үш бәйтеректің суреттері арқылы)	Сынып түрлі (суреттер арқылы) топқа бөлінеді.	Әр түрлі суреттер

7 мин.	II. Үй тапсырмасын сұрау. «Ұяшықтағы сұрақтар» әдісі. I. Жансүгіровтың туып-өскен ортасы туралы не білесіңдер? Ақынның алғаш рет сауатын ашқан ұстазы? Лияс шығармашылығына әсер еткен негізгі арналар? «Жетісу суреттері» өлеңінде қандай дәстүрлі тенеулерді пайдаланған? М.Әуезовтің «Жетісу суреттері» өлеңіне берген бағасы? Лириканың қанша түрі бар?	Берілген сұрақтарға жауап беріледі.	
20 мин.	II. Жаңа тақырып. Тапсырмамен жұмыс. Топтық жұмыс. «Кафель» әдісі. 1-топ «Құлагер» поэмасы бойынша жоспар құрып мазмұндау, 2-топ поэманы құрылысына, идеясына талдау, 3-топ «Құлагер» поэмасындағы аттың суретін Абайдың өлеңдеріндегі аттың сынымен салыстыру бойынша бір-біріне түсіндіру.	Топтастыру стратегиясы бойынша жұмыс жасайды.  Оқушылар топқа бөлініп тапсырмалар бойынша дайындалып, бір-бірін тыңдайды, берілген тапсырманы орындайды.	Плакат, маркер, стикер, т.б.
5 мин.	IV. Қорытындылау. «Дейін-кейін» стратегиясы.	Оқушылар ойын толық жазады.	
5 мин.	V. Рефлексия. «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі.	Стикерге өз ұсыныстарын жазады.	«Даналық» ағашы
3 мин.	VI. Өзара бағалау.	Өзара бағалау.	
2 мин.	VII. Үйге тапсырма беру. «Құлагер» поэмасынан үзіндіні жатқа оқу.	Үй тапсырмасын орындау.	

**А.ЖҰМАТАЕВА,**  
**«Ақтанберді атындағы орта мектеп-бақша»**  
**коммуналдық мемлекеттік мекемесі.**  
 Шығыс Қазақстан облысы,  
 Таскескен ауылы,  
 Үржар ауданы

## МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ. «ТҮРКІСТАН» ӨЛЕҢІ

Сабақтың мақсаты	1. М.Жұмабаевтың шығармашылығы жайлы алған теориялық білімдерін оқушы есінде қайта жаңғыртады, тереңдете түседі. 2. «Түркістан» өлеңі жайлы алған білімдерін әр түрлі тапсырмалар арқылы жүйелеп, балалар тез ойланып, жауаптарын тиянақты айта білуге дағдыланады.	
Сабақтың түрі	Жаңа білімді меңгерту сабағы.	
Әдіс-тәсілдер	Сыни тұрғыдан ойлау стратегиялары, АКТ, ОуБжәнеОБ, топтық, жұптық жұмыстар, постер қорғау, зерттеушілік әңгіме.	
Ресурстар	М.Жұмабаев жайлы кітаптар, өлеңдер жинағы, электронды оқулық, кеспе карталар, Қазақстан картасы, семантикалық карта, «Қазақ әдебиеті» оқулығы 8-сынып.	
Күтілетін нәтиже	1. М.Жұмабаев шығармашылығы жайлы мәліметтер алды. 2. Өлеңнің идеялық негізін түсінді, тарихи деректермен байланыстырды.	
Сабақ барысы	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
1.Ұйымдастыру бөлімі.	Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық. Оқушылармен амандасу, ежелгі қалалар суретін құрастыру арқылы топқа бөлу. Үй тапсырмасын сұрау. «Тізбектеу» әдісі.	Оқушылар бір-біріне сәттілік тілейді. Өлеңді 3 оқушы мәнерлеп, тізбектей айтып, 4 оқушы түйінді пікір айтады. Шығармаларын оқып, ойларын түйіндейді.

II. Қызығушылықты ояту.	М.Дулатұлының «Шешенің балаларын сүюі» өлеңін мәнерлеп жатқа оқу, өзіндік талдаулары. «Менің анам» тақырыбына шағын шығарма, оқушылардың пікірі.	Оқушылар бір-біріне сәттілік тілейді. Өлеңді 3 оқушы мәнерлеп, тізбектей айтып, 4 оқушы түйінді пікір айтады. Шығармаларын оқып, ойларын түйіндейді.
Жаңа сабақ.	Жаңа сабақ. (мақсатын түсіндіру). М.Жұмабаев «Түркістан» өлеңі. - Балалар, бүгін сабағымызды бастамас бұрын мен сіздермен мынадай психологиялық тренинг жүргізгім келіп отыр. Қазір, оқушылар біз бір сәтке көзімізді жұмып алдымызға түнгі аспанды елестетейікші. Сұрақ: -Біз не көріп тұрмыз, балалар? -Түнгі аспан, жарық жұлдыздар т.б Олай болса, қазір барлығымыз сол қою қара аспаннан өз жұлдызымызды таңдап алайықшы және оны алақанымызды соза отырып, жүрегімізге жақын тартып, сонан соң жай ғана босатайық. Сол сендер таңдаған жарық жұлдыздарың болашақта сендерге анық жол көрсетіп, сендерді жақсылыққа жетелеп, а р м а н - м а қ с а т т а р ы ң а жеткізеді деген сенімдемін. Сұрақ: - Балалар, «Жарық жұлдыз» - деген сөзді қалай түсінесіңдер? Қазақтың маңдайына біткен «Жарық жұлдыздардың бірі – Мағжан» Мағжан Жұмабаев – қазақ әдебиетінің ұлы тұлғаларының бірі болған. Мағжан – әдебиетте қайталанбас өзіндік қолтаңба қалдырған дарынды тұлға. Интервью (жаңа түсінік беру)	Оқушылар сабақтың мақсатын анықтауға талпынады.  Оқушылар слайдтарды көріп,тапсырма барысында пайдаланады.  Жұптасып, топтасып жұмыс істейді,әр оқушы өз ойларын қосады,бірігіп атқарған жұмыс нәтижесін бір оқушы көрсетеді.  Бағалау өлшемдері бойынша оқушылар бірін-бірі қалай бағалағанын түсіндіріп береді.

	<p>«Түркістан» деген өлеңі – елім, жерім, ерім деп соққан ақын жүрегінің қайнарынан төгілген отаншылдық жырдың шынайы да шебер үлгісі. М.Жұмабаев - өз тілін, ел дінін, мәдениетін, тарихын, жер – суын жетік білетін ақын. Түркістан қаласы- тарихын тереңнен алатын, ежелгі қалалардың бірі.(тарихпен кіріктіру) - Түркістан туралы не білеміз? - Түркістанның ескі атаулары қандай?</p> <p>Тұран – көне мәдениет бесігі, сәулет өнерінің кең сарай көрінісі. Нелер ұлы ақындар ордасы. Қазақ халқының өткендегі тарихы, тағдыры, мәдениеті Тұранмен ұштасып жатыр. Тақтадан көне Түркістан суреттері көрсетіледі.</p> <p>1 тапсырма.</p> <p>1-топ. М.Жұмабаев өмір деректері 2 - т о п . М . Ж ұ м а б а е в т ы ң шығармашылығы; «Жеті сөйлем» әдісі.</p> <p>3-топ.М.Жұмабаев туралы айтылған даналық ойлар. «Зерттеушілік әңгіме» әдісі.</p> <p>4-топ. Мағжан Жұмабаев туралы берілген мәтінді түсініп оқып, тірек сызба құру. «Кластер» әдісі.</p> <p>2-тапсырма. 1-топ. Ежелгі қала Түркістанның географиялық орны және тарихы жайлы «дәйектеу» әдісі;</p> <p>2-топ. Өлеңді мәнерлеп оқу және әр шумакқа ат қою. «Шеңбер бойымен» әдісі.</p> <p>3-топ. Өлеңге сатылай кешенді талдау.</p> <p>4-топ. Өлеңдегі тарихи тұлғалар, географиялық атаулар. «Постер қорғау»</p>	<p>Ғаламтор материалдарын, қосымша ресурстарды пайдаланып, тарихи деректерге сүйене салыстыра зерттеп, Түркістан қаласының тарихын, әйгілі тұлғалар жайлы деректерді тарих, география пәндерімен байланыстыра қорғайды.</p>
<p>Ой қорыту</p> <p>Үйге тапсырма</p> <p>Бағалау</p> <p>Рефлексия</p>	<p>Қазіргі Түркістанмен бұрынғы Түркістанды салыстыру.</p> <p>«Кейіпкерге хат»</p> <p>Сынныптастарын «Түркістан» өлеңін қызығушылықпен оқуға жұмылдыру. «Жарнама»</p> <p>Бағалау өлшемдерімен жұмыстану.</p> <p>Өлеңді мәнерлеп оқу, таңдаған шумактарды жаттау. «Кейіпкерге хат» (қос жазба күнделік) әдісі;</p> <p>Формативті, топтық бағалау, бірін-бірі бағалау, өз-өзін бағалау, жиынтық бағалау</p> <p>Бүгінгі сабақ ұнады ма?</p>	

**Т.БАЙМУРЗИНА,**  
**Жанақоныс орта мектебі,**  
 Ақтөбе облысы,  
 Шалқар ауданы  
 Аққайтым ауылы

## **ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ.** **«ӘНШІ» ӘҢГІМЕСІ**

**Негізгі идея:** Сыныпта оқыту тәжірибесіне жеті модульді ықпалдастыру

**Оқу мақсаты:** әңгіменің мазмұны арқылы оқушыларды өнерді қастерлеуге, сөз өнерін құрметтеуге тәрбиелеу; әңгіменің мазмұнын меңгерту, кейіпкерлерінің тарихи тұлға екендігін ұғындыру; Өз беттерінше шығармада айтылған ойларға сыни көзқараспен қарап, тұжырым жасау. Топтық жұмыс арқылы бір-бірінің пікірімен санасып, өзара сыйласымдылыққа тәрбиелеу.

**Табыс өлшемі**

Барлық оқушылар: Шығарманың мазмұнын меңгереді, композициялық талдау жасай алады.	Оқушылардың көпшілігі: Шығарманың негізгі идеясын анықтай алады, өнерге баға бере алады.	Жекелеген оқушылар: Әңгіменің байланысын талдай алады, деректермен жұмыс істеу арқылы шындыққа көз жеткізе алады	Бағалау	Ресурстар
			Уақыт	Мұғалімнің іс-әрекеті



2	Тренинг. Өнші Әмірхан бойындағы қасиеттерді қасыдағы көршісінің бойындағы қасиеттермен байланыстыру. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап алу мақсатымен топқа бөлу.	Оқушылар бір-бірінің бойындағы қасиеттерді өнші Әмірхан бойындағы қасиеттермен байланыстырады. Сұрақтарға жауап.		
1				
Үй тапсырмасын тексеру				
5	Білу. «Сегіз қырлы, бір сырлы» (Ж.Аймауытұлы өмірі мен шығармашылығына тоқталу) «Құрметті өнші-Әміре» (Ә.Қашаубаев туралы жалпы шолу)	Оқуға ұсынылған шығармалар бойынша талдау жасайды. Слайд жасап қорғайды.	Өзара бағалау	Оқулық, интернет материалдары, оқушы дәптерлері, кесте, хрестоматия.
Қызығушылықты ояту				
3	Түсіну. Өңгіменің мазмұны бойынша жоспар құр.	Тақырып туралы білетіндерін орғаға салады. Тақырыпты анықтап, мақсатын айқындайды.	Смайлик арқылы бағалау	Смайликтер, домбыра
Мағынаны тану				
7	Қолдану 1. Жетпішатыр қаласының сипаты, халқының тұрмысы мен салты. 2. Шәкәт үйі, Әмірханның әні, оның тыңдаушыларға әсері 3. Наурыз мерекесіне дайындық 4. Ақтамақ хикаясы 5. Болжам жаса «Өнші Ақтамақтан неге айырылды?»	Жеке жұмыс. Мәтінді бөліктер бойынша мазмұндау Топтық жұмыс. Өншінің Ақтамақтан неліктен айырылып қалғанына болжам жасайды, дәлелдейді.	Өлшем бойынша бағалау	Дескриптор

	Талдау Өнші Әмірханға мінездеме беру	Постер қорғайды		
Ой толғаныс				
7	Әміре Қашаубаевтың «Балқадиша» әнін тыңдайды. «Өн-көңілдің ажары»	Ән туралы, әннен алған әсерін жазады.	Автор орындағы	Абайдың ән, өлең тақырыбындағы өлеңдері
Кері байланыс				
2	Сабақта нені түсініп, нені игере алмағанына кері байланыс беруді тапсырады.	Кері байланыс ұсынады		Стикерлер
2	Үйге тапсырма «Әміре- дала бұлбұлы» тақырыбына эссе жазу			
1	Бағалау	Күнделікке баға қойдырады.	Жылтық бағалау	Күнделік
Сабақтан кейін ойланатын сұрақтар:				
	Не сәтті болды?			
	Не сәтсіз болды?			
	Негіз жақсартуға болады?			
	Мен өз дәлелымда нені дамыта алдым?			
	Негіз өзгертуге болады?			

## СӘБИТ МҰҚАНОВ. «САЯТШЫ ОРАЗ»

Мақсаты:	Білімділік: Сәбит Мұқановтың шығармашылығы туралы жан-жақты білім беру, әңгіменің идеясын ұғындыру; Дамытушылық: Оқушылардың шығармашылық ізденісін дамыту, дүниетанымдық көзқарасын жетілдіру, сыни тұрғыдан ойлап шешім қабылдауға үйрету; Тәрбиелік: Ұлттымыздың ұлттық құндылықтарын оқушылардың бойына сіңіру, табиғатты аялай білуге, ынтымақ пен бірлікке үндеу.			
Оқыту нәтижелері:	С.Мұқановтың өмірі мен шығармашылығы туралы мағлұмат алады. Оқуға қызығушылығы артады, іскерлік дағдысы дамиды, өзіне сенімділік қалыптасады, өз-өзін реттей отырып, өздігінен білім алады. Сыныптастарымен бірлесіп жұмыс істеу дағдысы қалыптасады. Саятшы Оразға мінездемелік сипаттама береді. Шығармаға әдеби-теориялық талдау жасап үйренеді. Сөйлеу мәдениеті қалыптасып, шығармашылыққа төселеді. Проблеманы шешу жолдарын тауып үйренеді, интерактивті тактамен жұмыс істеу дағдысын дамытады. Білім алудағы жеке қажеттіліктерін шеше отырып, оқуды аңға жылжытады. Сыни тұрғыдан ойлап шешім қабылдай алады. Табысты білім ала отырып, өз әлеуетін дамытады, оқыту үдерісінде көшбасшылық қасиеттерімен танылады.			
Пайдаланылған ресурстар:	С.Мұқановтың портреті мен шығармалар жинағы, интерактивті тақта, электронды оқулық, слайдтар, бағалау парақшалары, стикерлер, маркерлер, флипчарт.			
Сабактың кезеңдері	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:	Модульдердің кіріктірілуі:	Өлді-тәсілдер: Уақыты

Психологиялық ахуал қалыптастыру.	Шаятқы шеңбері. «Менің сүйікті ісім» Музыкалы тренинг. Топқа бөліну. Оқушылардың тиімді жұмыс жасауына жағдай жасау.	Оқушылар «Шаятқы шеңберін» құрып, әр оқушы өзінің сүйікті ісі туралы айтады, бір-біріне жақсы көңіл-сүйі сыйлайды. Топқа бөлініп отырады. Әр топ өз басшыларын сайлайды. Сабак барысында топ ережесін қатаң ұстаналы, топтарға бағалау парақшалары таратылады.	Оқытуды басқару және көшбасшылық	Флеш-гренинг «Менің сүйікті ісім»	5 минут
Кызығушылықты ояту	Ой көзғау. Ассоциация құрастыру Сәбит Мұқанов туралы не білеміз?	Оқушылар қаламгер туралы білетіндерін топтастырады. (Сәбит Мұқанов – ақын, жазушы, драматург, педагог, публицист, қоғам қайраткері, академик).	Жас ерекшелігіне сәйкес оқыту.	Топтастыру	2 минут

Мағынаны тану	1.«Тұлғаны таны». Қаламгер туралы мәлімет. Сөздік жұмысы. (Слайд) Электронды оқулықтан таңдалады. Тақырып «Кубизм» әдісі бойынша меңгертіледі. Топтық тапсырмалар: 1-топ: Зерттеңіз. Құстар әлеміне саяхат. Ораздың құс баптау шеберлігі. 2-топ: Қолданыңыз. Өңгіменің жоспарын құру. Өңгімедегі негізгі және қосалқы кейіпкерлер. Ораз бейнесі. (Ораздың портреті, мінездемесі) 3-топ: Талқылаңыз. Ораздың мергендігі, аңшылығы. Аңшылық тәсілдері. Аңшылыққа қатысты ырымдар. 4-топ: Салыстырыңыз. Ж.Аймауытовтың «Өңші» әңгімесіндегі Өмірқан мен С.Мұқановтың «Саятшы Ораз» әңгімесіндегі Оразды салыстыру. Өңшілік және саятшылық өнері туралы. .....	Қаламгердің шығармашылық өмір жолы туралы мағлұмат алады. Мәтінмен жұмыс жасайды. Сөздік жұмысын жүргізеді. Ер топ өз тапсырмалары бойынша жұмыстанады. Әдебиет теориясы бойынша портрет, мінездеу туралы ұғымдарды еске түсіреді. Қосымша мәліметтерді оқиды, бір-біріне түсіндіреді, інтернеттен тың деректер іздейді. Оқушылар ізденімпаздыққа үйренеді, өзіне сенімі артып, тұлға ретінде дамиды. Танымдық қызметіндегі дербестікті дамытуға мүмкіндік алады. Тапсырма бойынша өз болжамдарын шығармашылық тұрғыда жеткізеді. Өмірқан мен Ораздың өзіндік ерекшеліктері мен ұқсастықтарын мәтінге сүйеніп табады.	СТО АҚТ.  Дарынды және талантты оқушылармен жұмыс  Диалог арқылы оқыту  СТО  Қалай оқу керектігін үйрену  Диалог арқылы оқыту  СТО	Жұптық және топтық жұмыстар  «Кубизм» әдісі  «Сұрақ қою, қайта сұрақ қою»  Өзара ынтымақтастық және топпен жұмыс  Венн диаграммасы  Жоба көрғау  .....	20 минут
---------------	--	--	--	--	----------

«Қалам столдың ортасында» 1. Ораздың достары кімдер? 2. Аңға шыққанда неге балаларды ілесіреді? 3. Ораз қандай құстарды баптады? 4. Аң терілерін сауғаға беру дегенді қалай түсінесің? 5. «Қанжығасын қанды етіп қайтады» дегенді қалай түсінесіңдер? 6.«Қайырып салған» сөзінің мағынасы. Қайырып салатын құстардың қандай қасиеттерін біледі? 7. Ораздың жасы 60-тан асса да денсаулығының мықты болуы неге байланысты? 8. «Ең ауыр ақы – көрші ақысы» дегенді қалай түсінесің? 9. Ұлттық мөлени құндылықтарға не жатады?	Ойлау дағдысын, сөйлеу мәнерін қалыптастырады. Сын көзбен қарауға және мағынасын ашуға үйренеді.  Жоғары деңгейдегі сұрақтарға жауап бере отырып, өз ойын негіздей, дәлелдей алады, тақырып туралы білімдерін бекітеді.  Өңгімедегі негізгі түйінді ой-пікірді анықтайды.	АҚТ  СТО  Оқытулы басқару және көшбасшылық  Дарынды және талантты оқушылармен жұмыс.	«Қалам столдың ортасында»  «Жуан және жінішке сұрақтар»  20 минут	5 минут
«Егер мен Ораздың қасында болсам...»	«Автор орындағында» отырып, «Егер мен Ораздың қасында болсам...» деп, өз пікірлерін айтады.	Дарынды және талантты оқушылармен жұмыс. СТО	«Еркін жазу» стратегиясы. Эссе. Автор орындағы.	3 минут

С.РАИМКУЛОВА,

№81 Ұлықбек атындағы негізгі орта мектеп.

ОҚО, Сайрам ауданы, Қарабұлақ ауылы

## ҚАЙТАЛАМА ҚОС СӨЗДЕР

Мақсаты:	Қайталама қос сөздерді үйрену; жасалу жолдарын түсіну; бір түбірдің қайталануынан жасалатын сөздерді ажыратып, сөйлем ішінен қайталама қос сөздерді таба білуге ықпал жасау.
Сабақтан күтілетін нәтиже:	Топтық жұмыс арқылы оқушыларды өзіндік ізденіске бағыттап, шығармашылықпен жұмыс істеу дағдыларына үйретеді; жағтығу жұмыстарын талдау арқылы еркін ойлау, өз көзқарасын жеткізу, дәлелдей білу, өзгені тыңдау, тұжырым жасай білу қабілеттері жетіледі.
Сілтеме:	ҚР Білім беру стандарты; Күнтізбелік жоспар 4-сынып Ж.Қ. Балтабаева. М.Қ. Сұлтанғазина, Ф.С. Лекерова «Қазақ тілі» оқулық Қалам, дәптер, кестелер, маркер, стикер, сөжетті суреттер, проектор, флипчарт.
Модульдердің кіріктірілуі:	Оқыту мен оқулағы жана тәсілдер. Сыни тұрғыдан ойлау. Оқытуда АКТ-ны қолдану. Оқыту үшін оқуды бағалау. Дарынды және талантты баланы оқыту. Жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу.
Әдіс тәсілдер:	Оқытудағы басқару және көшбасшылық. «Үйінен аласқандар» әдісі. Салыстыру ойыны. «Өзің үшін қат» әдісі. «Өз орныңды тап» ойыны. Кері байланыс ТЖК
Сабақ кезеңдері:	Уақыт Мұғалімнің іс- әрекеті Оқушының іс-әрекеті

Кіріспе бөлім	Ұйымдастыру кезеңі: Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру.	3 мин.	1. Психологиялық дайындық «Бағдаршам» ынтымақтастықты орнату.	Оқушылар бағдаршам түстері қандай мағына беретінін айтып, сабаққа жол ашықтығын айтады.
	Топқа бөлу	2 мин	Оқушылар «Ғажайып қарындаштар» ойыны арқылы топқа бөлінеді. топ басшыларын тағайындайды. Бағалау критерийлері және оқушының аты-жөні жазылған кесте беріледі.	«Ғажайып қарындаштар» ойыны яғни сары, жасыл түсті геометриялық фигуралы қарындаштар арқылы 2 топқа бөлініп, өздерінің топ басшыларын сайлайды. Сары түс: I топ. Жасыл түс: II топ. Өзара критериялды бағалау өлшемдерімен танысады.
	Үй тапсырмасын пысықтау	5 мин	«Минга шабуыл» әдісі Ребусты дұрыс бағдар беру (Слайта қайшы, тал, « а» дыбысы, алма, қосу таңбасы, сөздік кітабының суреттері, дер қосымшасы жазылып тұрады)	Ребусты шешеді қайшы соңындағы екі дыбысты алады, тал сөзіне қосады, «а» дыбысын сөзге қосады, алмадан екі алдындағы дыбыстарды алады, қосу таңбасындағы ең соңғы дыбысын алады, сөздіктің соңындағы үш дыбысын алып көптік қосымшасын қояды. Қайталама қос сөздер деген жана сабақтың тақырыбы шығады.
Негізгі бөлім	Жаңа сабақ. Білу.	5 мин	«Минга шабуыл» әдісі Ребусты дұрыс шешуге бағдар беру. (Слайта қайшы, тал, « а» дыбысы, алма, қосу таңбасы, сөздік кітабының суреттері, дер қосымшасы жазылып тұрады)	Ребусты шешеді қайшы соңындағы екі дыбысты алады, екі алдындағы дыбыстарды алады, қосу таңбасындағы ең соңғы дыбысын алады, сөздіктің соңындағы үш дыбысын алып көптік қосымшасын қояды.

				Қайталама қос сөздер деген жаңа сабақтың тақырыбы шығады.
Түсіну:	5 мин	Өлең жолдары арқылы жаңа сабақты меңгерту. Сылдыр-сылдыр бұлақтар, Сыбыл-сыбыл құрақтар Күрт-күрт орып құр аттар, Сырт-сырт ойнар лақтар.		Топтық жұмыс I топ. Өлеңді оқып қайталама қос сөздерді тауып, екі сыңарын бір-бірімен салыстырады. II топ. Қайталама қос сөздердің жасалуы және жазылу емлесін айтады.
Қолдану:	6 мин	II топ. 2-жаттығу. «Салыстыру» әдісі. III топ. «Өз орныңды тап» әдісі.		Топтық жұмыс. I топ. 2-жаттығу. Екі бағандағы сөз тіркестері мен қос сөздердің мағынасын математикалық әдіспен салыстырады. Бір қора қой < қора- қора қой Бір шелек сүт < шелек-шелек сүт Бір қап астық < қап-қап астық II топ. 3-жаттығу. Мағынасы бір-біріне ұқсас қос сөздердің орнын табады. алдуан-алуан түрлі-түрлі кір-кір лас-лас өрім-өрім тоз-тоз ала-ала жолақ-жолақ оқтын-оқтын жиі-жиі
Сергіту сәті:	2 мин	Сергіту сәтін ұйымдастырамын.		Жаулы жанбыр топ- топ, Шелек-шелек көп-көп. Жон арқанды тос-тос, Күнбағыс тез өс- өс! Өлеңді айтып қимылмен көрсетеді.
Талдау:	5 мин	«Өзін үшін қат» әдісі бойынша дәптермен жұмыс ұйымдастырамын.		Жұптық жұмыс 6-жаттығу. Бағанның екі жағындағы сөздерді қатыстырып сөйлем құрап жазалы. Үлгі: Бұлақ бұрқ-бұрқ кайнады.
Жинақтау:	5 мин	Топтық жұмыс. 1.Жаттығу жұмысын орындату. 2.Басқа үй жануарлары төлдерін қалай шақырағыны туралы айтықыз.		Топпен талдау. 5-жаттығу. Қайталама қос сөздерді тауып, тыныс белгісін қояды.

				Түйе Сен «көс -көс» деп айкайласан,түйе қасына жетіп келеді.Ал егер мінгіп келсе, «шөк- шөк» деп шөгересін.Жайылымға шығарғын келсе, «арай- арай» десең болғаны, «ман- ман» басып жайылымға шығады.
Қортынды	Бағалау:	2мин	Кезеңдер бойынша алған смайликтерін жинап электронды бағалау кестесіне шығару.	Бағалау парақшасы арқылы қорытынды шығарады.
	Кері байланыс:	3мин	«ТЖК» (түрлі желкенді кеме-лер) әдісі арқылы кері байланыс орнату.	Оқушылар кері байланыс бойынша қойылған сұрақтарға кемелерді бозумен жауап береді .
	Үйге тапсырма:	2мин	4-жаттығу. Суретке қарап қос сөздерді қатыстырып шағын мәтін жазу. Қыс мезгіліне төрт жолды өлең құрастыру.	4-жаттығу. Суретке қарап қос сөздерді қатыстырып шағын мәтін жазалы. Қыс мезгіліне төрт жолды өлең құрастырады.

**А.ДҮЙСЕНБАЕВА,**

**М.Әуезов атындағы жалпы орта мектебі.**

Оңтүстік Қазақстан облысы,

Отырар ауданы

## КӨНЕРГЕН СӨЗ (5-сынып)

Негізгі түйінді идея:	Лексика саласы бойынша білімдерін жетілдіреді. Ұлттық құндылықтарды бағалауға үйренеді.
Оқу мақсаты:	Көнерген сөздер түрлерін ажырата білу және қолдана білуге қолдана білуге отырып білім алуына дағдыландыру. Оқулықтан негізгі идеяны табуға үйрету
Қүтілетін нәтиже:	Балалар көнерген сөз түрлерін ажыратады, мағынасын түсінеді. Деңгейіне сәйкес тапсырма орындайды.
Табыс өлшемдері	

Барлық оқушылар Көнерген сөздер туралы біледі.	Көпшілік оқушылар Көнерген сөздердің түрлерін ажыратады.	Жекелеген оқушылар Көнерген сөздерге мысалдар келтіреді, қорытынды шығара алады.
Уақыт	Мұғалім не істейді?	Ресурстар
3 мин.	Ұйымдастыру кезеңі Сәлемдесу, түгелдеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару	
10 мин.	Үй тапсырмасын сұрау Мәтін жазып келу. Қазақ тілінің сөздік құрамы тақырыбынан сұрақтар: 1. Сөздік дегеніміз не? 2. Сөздік құрамға қандай сөздер кіреді? 3. Сөздік құрам қолдану жағдайына қарай қалай бөлінеді? Сыныпты 3 топқа бөлу	Күзгі көрініс табиғат суреті, дәптер
2 мин.	Миға шабуыл Электрондық оқулықпен жұмыс.	<a href="https://www.youtube.com/watch?v=xUhc8F6ue2A">https://www.youtube.com/watch?v=xUhc8F6ue2A</a> Сен білесің бе?

15 мин.	Топтарға шығармашылық тапсырмалар беріледі. А, В, С оқушыларының топтық жұмыс барысындағы іс-әрекетін қалағалайды.	1-топ. Көнерген сөз 2-топ. Тарихи сөздер 3-топ. Архаизмдер Тақырыпты оқиды, топта талқылайды, «Білім қабырғасы» әдісі арқылы түсіндіреді, бір-бірін бағалайды.	5 сынып оқулығы, флипчарт, маркер, стикер
11 мин.	Жаттығумен жұмыс. «Мұнара» бейнесі Тапсырманы қалай орындағаны жөнінен А, В, С оқушыларды бақылайды.	150-жаттығу Мәтіндегі жйi қолданылатын атауларды бір бөлек, мүлде қолданылмайтын атауларды бір бөлек көшіріп жазыңдар. 151-жаттығу Мақалдардағы көнерген сөздерді ағандар, олардың ешпатын анықтаңдар. Қазіргі кезде қайтадан қолданыла бастаған, жанарған сөздерден мұнара бейнесін жасайды.	5 сынып оқулығы, дәптер
3 мин.	«Анкета» әдісі арқылы рефлексия. Оқушылардан өздерінің жауаптарын дәлелдеп беруін сұрайды.	Кері байланыс жасайды. Оқушылар сұраққа жауап береді.	Анкета парақшалары
1 мин.	Үйге тапсырма береді.	Көнерген сөздер ережесін жаттау. 154-жаттығу. «Бес қару» мәтін құрап жазу.	Күнделік

## СӨЙЛЕМ ІШІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ. ҮТІР

Мақсаты: білімділік-бұрынғы білетінін жаңа сабақпен байланыстыру, сөйлемдерді өздеріне талдата отырып, өздігінен қорытынды шығаруға, өз бетінше әрекет етуге дағдыландыру; дамытушылық-сөйлеу тілін, сөйлеу мәдениетін жетілдіру. Танымдық, белсенділік қабілеттерін дамыту; тәрбиелік-Ана тілін құрметтеуге, сауаттылыққа, ұжымшылдыққа тәрбиелеу. Түрі: аралас сабақ. Әдісі: топпен жұмыс, жұппен жұмыс, салыстыру, талдау, сұрақ-жауап. Көрнекілігі: интербелсенді тақта, сызбалар.

Барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі. Топқа бөлу, топ ережесін жасау, топтың ұраны, аты.

I топтың ұраны: «Мәңгі лаулап жану үшін ғаламда,  
 Үлкен бақыт табу үшін ғаламда,  
 Үлкен болып қалу үшін ғаламда,  
 Үлкен арман, білім керек адамға»  
 М.Шаханов.

II топтың ұраны: «Мен жанбасам лапылдап,  
 Сен жанбасаң лапылдап,  
 Біз жанбасақ лапылдап,  
 Аспан қалай ашылмақ»  
 Назым Хикмет

III топтың ұраны: «Білекке сенген заманда,  
 Ешкімге есе бермедік.  
 Білімге сенген заманда,  
 Қапы қалып жүрмелік»  
 Бұхар жырау

IV. Үй тапсырмасын сұрау. 151-жаттығу. Сөйлем соңына қабаттасып қойылатын тыныс белгілері.

III. Үй тапсырмасын қорытындылау.  
 Пунктуация бөлімі бойынша әр топ бір – біріне сұрақтар қояды.

IV. Жаңа сабаққа әзірлік.  
 - Тыныс белгілерінің түрлерін ата.



V. Жаңа сабақ.

I тапсырма. Қойылмаған тыныс белгілерін қойып, жазыңыз.

1) Арман сапарын /қиял қанатын сұм соғыс үзіп кетті.(сөйлемнің бірыңғай мүшесі)

2) Абай соңғы күндерде /әсіресе осы соңғы түнде /өзіне бұрын дағдылы болмаған халде. ( онашаланған айқындауыш)

3) Болмайды /ақсақал/ біз қайта жақсы оқығандарды нашарларға үлгі етуіміз керек. ( қаратпа сөз)

4) Түнеукүні/ әлі есімде/ ауылдағы құс фермасына бардық.(қыстырма сөз)

5) Түү /мына кісі әкемнен де шешен екен ғой! (одағай)

6) Ақымақ сөйлегенде/ ақылды тоқтайды. (құрмалас сөйлем)

7) - Мені, — деді Амантай далаға шыққан Асқарға, — губернатор шақырған екен.

Сұрақтар:

- Бұл тапсырмадан қандай қорытынды жасайсыңдар?


- Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы «Сөйлем ішіндегі тыныс белгілері. Үтір.»

- Үтір қай жерлерде қойылады?

- Үтірдің қызметі қандай?

Үтір-сөйлемнің құрылысына, синтаксистік ерекшелігіне, мағынасына байланысты ең көп қолданылатын тыныс белгісі.

## Үтір қойылатын орындар



II тапсырма: сөйлемдерді оқып, тыныс белгісінің қойылу себебін түсіндір. Топқа бөл. Нені байқадың? Неліктен олай бөлгенінді түсіндір. (Одағай, оның түрлері. Одағайдың сөйлемнің басында, соңында, ортасында келуі)

- Жә, жетер енді!?

- Кәһ, кәһ, Ақтөс, келші, суретінді салайын.

- Бұл не ғажап, шіркін – ай!

- Тәйт, қайдағыны айтпай отыр.

- Мыш – мыш, мысығым, көзі қысық, мысығым.

- Бүгін, шіркін, қар жауса ғой!

III тапсырма: Жұппен жұмыс.

Тыныс белгісін қой. Нені байқадың? (Қаратпа сөздің сөйлемнің басында, ортасында, соңында келуі)

- Әже Ырысбектікіне мен де барайын ба?

- Іше ғой айналайын тағы ішші.

- Талаптарың жақсы екен балалар!

IV тапсырма.

Тыныс белгісін қой. Нені байқадың? (Қыстырма сөздің сөйлемнің басында, ортасында, соңында келуі)

1) Амал не кітапты қойныма тықтым да жатаққа келдім.

2) Иә айтары жоқ сүйкімді балалар.

3) Аман – есен жүріп жатыр ма әйтеуір?

VI. Жаңа сабақты бекіту.

1. Соңғы үш тапсырмаға ортақ белгілерді ата. (Оқшау сөз)

2. Үтір қойылмайтын сөйлем бола ма? Себебін түсіндір.

3. Сөйлемде оқшау сөздер қандай қызмет атқарады?

4. Одағай сөзді пайдаланып, бір ауыз сөзбен сабақты қорытындылау. Стикерге жазу.

5. Нені білдім? Нені үйрендім?

VII. Бағалау өлшемдері:

- Топтың белсенділігі, ұйымшылдығы.

- Тапсырманы орындаудағы жылдамдығы.

- Тыныс белгілерінің дұрыс қойылуы.

- Өз пікірін дәлелдеп, дұрыс түсіндіре алуы.

VIII. Үйге тапсырма беру.

Ұ.БЕРДЕШОВА,

С.Ешбаев атындағы орта мектеп.

Ақтөбе облысы,

Байғанин ауданы

## БОЛЫМДЫ ЖӘНЕ БОЛЫМСЫЗ ЕТІСТІК

Мақсаты: білімділік-оқушыларға қимыл іс-әрекеттің болу, болмау мүмкіндігіне қарай етістіктің болымды және болымсыз болып бөлінуін, жасалу жолдарын өз бетінше тұжырым жасау арқылы меңгеруіне жағдай жасау. Болымды, болымсыз етістіктерді салыстырып, мағыналық айырмашылығын таба білуге дағдыландыру; дамытушылық-өзінше ой түюге, шығармашылық қабілетін дамытуға ықпал жасау, өз бетінше жұмыс жүргізу дағдысын арттыру; тәрбиелік - талдауға алынған мысалдар арқылы үлкенді сыйлауға, адамгершілікке, адалдыққа, Отансүйгіштікке, ұлттық құндылықтарды сүйе білуге тәрбиелеу. Түрі: жаңа сабақ. Әдісі: сұрақ-жауап, «Менің сүйікті жемісім», «Ойлан, ізден, тап» ойыны, сызба, т.б. Көрнекілігі: слайдтар, нақыл сөздер жазылған плакат, үлестірмелі қағаздар, түрлі жемістер суреті.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру бөлімі.

Эпиграфы: *Туған тілім табындырған талайды,*

*Ел ертеңі саған ғана қарайды.*

*Өсер балаң, байтақ далаң тұрғанда,*

*Ана тілім әрқашанда арайлы,-*

деп кезекті қазақ тілі сабағымызды бастаймыз.

II. Үй тапсырмасын сұрау, қорытындылау.

Оқушылар етістіктерді пайдаланып, бір-біріне гүл сыйлау арқылы тілек тілейді. «Менің сүйікті жемісім» ойынын ойнау. (Оқушылар жемісті тандаған кезде сұрақ шығады)

1. Етістік дегеніміз не?

2. Етістік тұлғасына қарай нешеге бөлінеді?

3. Етістік құрамына қарай нешеге бөлінеді? Мысал келтір.

4. Қазақ тілінде неше сөз табы бар?

5. Көмекші етістік дегеніміз не? Мысал келтір.

6. Ауыспалы етістіктер дегеніміз не? Мысал келтір.

7. Құранды етістік дегеніміз не? Мысал келтір.

8. Етістік қандай сұраққа жауап береді?

9. Жеке тұрып сөйлем мүшесі бола алмайтын, толық мағынасы жоқ



тек негізгі етістіктермен, есімді сөздермен тіркесіп қана қолданатын етістіктер қандай етістіктер? Мысал келтір.

Сұрақ: Қандай ырым-тыйым сөздерді білесіңдер?

Мысалы: Ақты төкпе, күлді баспа, табаныңды тартпа, т.б.

Сөзіне қарай кісіні ал, кісіге қарап сөз алма. (Абай)

Осы мысалдарды келтіре отырып, етістікті таптыру. Қандай өзгеріс көріп тұрғанын айтыңыз.

4. Жаңа сабақ тақырыбы: Болымды және болымсыз етістік. Етістіктер іс-әрекеттің жүзеге асу, аспауына қарай, болу, болмауына қарай 2-ге бөлінеді: болымды және болымсыз етістіктер.

Болымсыз етістіктердің жасалуы:

1. Болымсыз етістік негізгі я туынды етістіктерге - ма, - ме, - ба, - бе, - на, - не жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. *айтпа, көрме, жүрме*, т.б.

2. Белгілі шақ тұлғасындағы болымды етістікке *жоқ, емес* сөздерінің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: *айтқан жоқ, келген емес*, т.б.

Есте сақта! Болымсыз етістіктің жұрнақтары зат есім тудырушы жұрнақтармен омонимдес болып келеді.

1. Болымсыз етістіктің жұрнағына екпін түспейді. Мысалы: *көр+ме, сүз+бе, сыз+ба*, т.б.

2. Зат есім тудырушы жұрнаққа екпін түседі. Мысалы: *көрме, сүзбе, сызба*, т.б.

5. Ойлан, ізден, тап! Жұмбақтың шешуін тауып, етістіктерді болымды және болымсыз түріне қарай ажырат.

1. Күндіз тіпті ұшпайды,

Түнде тышқан ұстайды,

Көзі шамға ұқсайды. (жапалақ)

2. Отқа жанбас, суға батпас. (мұз)

3. Ти десем, тимейді, тиме десем тиеді. (ерін)

4. Аласа таудан алуан алма,

Алқызыл болмай, аузыңа салма. (қызанақ)

5. Күннен көзін алмайды,

Мойны бірақ талмайды. (күнбағыс)

6. Қанаты бар ұшпайды,

Жұрт айламен ұстайды. (балық)

6. Кітаппен жұмыс. 212-жаттығу.

Етістіктерді тауып, түрлеріне қарай ажырату.

Қайрат етер мезгілде,

Жүк көтерер нардай бол,

Ақыл айтар мезгілде

Мың жасаған шалдай бол...

214 – жаттығу.

Болымды етістіктерден болымсыз етістіктер жасау.

аз-азба, айт-айтпа, ас-аспа, аш-ашпа, бақ-бақпа, ем-ембе, ер-ерме, т.б.

7. «Өлең–сөздің патшасы». Көп нүктенің орнына тиісті етістікті қойып түрлеріне ажырату.

Ғылым таппай ...,

Орын таппай ....

Құмарланып ...,

Ойнап босқа күлуге. (Абай)

Мақтанға ...,

Мансаптың тағы үшін,

Нәпсінді ...

Басыңның бағы үшін,

Өміріңді сарп қып өлгеніңше,

Жоба ...,

Жол ...,

Келешек қамы үшін.

(Шәкәрім)

Бес нәрседен қашық ...,

Бес нәрсеге асық ....(Абай)

8. Қорытындылау.

Перфокартамен жұмыс (дұрыс жауаптың тұсына белгі соғу)

Мысалдар	Болымды етістік	Болымсыз етістік
айт		
сөйле		
сұрама		
айтпа		
жаз		
отырма		
ал		
үзбе		
күл		
жаппа		

9. Үйге тапсырма

216-жаттығу. Омоним сөздерді қатыстырып, бірде зат есім, бірде етістік қызметін атқаратындай етіп сөйлем құрап келу. Ереже жаттау.

10. Бағалау.

**А.ТӨЛЕУҚАНОВА,**  
**Н.Островский ағындағы**  
**№4 Күршім орта мектебі.**  
 Шығыс Қазақстан облысы,  
 Күршім ауданы

## ФОНЕТИКАДАН ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ

Мақсаты – Фонетика саласынан алған білімдерін жинақтап, өз ойларын еркін айта білуге дағдыландыру.  
 Сабақтың тәсілі - сұрақ-жауап, ой қорыту, әңгімелеу, СТО, АКТ.  
 Түрі - қорығынды сабақ. Көрнекіліктер -

Р.с	Кезең, уақыт	Мұғалім әрекеті
1	Сабақтың барысы Ұйымдастыру	Оқушылармен амаңдасу, тугелдеу. Сабаққа зейіндерін аудару
	Топқа бөлу Психологиялық дайындық	Абай әндерімен топқа бөлу. Бір шумақ әнімен психологиялық дайындық жасу.
		Абай кім? Биыл Абайдың туғанына неше жыл? 1-топ-«Желсіз түнде жарық-ай» 2-топ-«Көзімнің қарасы» 3-топ-« Сегізаяқ Өз топтарының атында неше буын, неше әріп, қандай дыбыстар бар екенін айтып жіберейік.

		1. Эстафеталық сайыс.
	Сергіту сәті	1-қағар сұрақтары: 1) Фонетика нені зерттейді? 2) Буын үндестігі дегеніміз не? 3) Кейінгі ықпал дегеніміз не? 4) Қандай сөздер бөлек жазылады? 5) Ерін үндестігі дегеніміз не? 2 - қағар сұрақтары: 1) Дауыссыз дыбыс дегеніміз не? 2) Буын және оның түрлері? 3) Іштеріңді ықпал? 4) Орфография мен орфолияның ережесін айтыңыз, мысал келтіре отырып. 5) Үндестік заңы дегеніміз не? 3-қағар 1) Дыбыс деген не, әріп деген не? 2) Қазақ тілінің төл дыбыстары? 3) Еріндік, езулік дыбыстарға қандай дыбыстар жағатады? 4) Екпін дегеніміз не, қандай түрлері бар? 5) Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар. 1-топ. «Данышанның бәрі ақын емес. Ақынның бәрі данышпан емес. Абай ақын да, данышпан да болған.» (С.Мұқанов) 2-топ. «Қазақтың классик әдебиетінің атасы, қазақ поэзиясының күн шуақты асқар биігі.» (Әуезов) 3-топ . Абай-ұлы ақын, жазушы, қоғам қайраткері, казірт қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы. Денгейлік тапсырма: 1-денгей. Дауыстыдан басталып дауыстыға аяқталатын 10сөз жаз. 2-денгей. Төмендегі сөйлемнен тіркес екпін жаса. <i>Алмас сабақтан ерте шықты.</i> 3-денгей.Қарамен жазылған сөзге толық фонетикалық талдау жаса. Қазақ деген ұлт өлмейінше, Абайдың есімі де оның мұрасы да өлмек емес. Топтық жұмыс Үндестік заңын табу(дыбыс үндестігі мен буын үндестігі) 1-топ. «Данышанның бәрі ақын емес. Ақынның бәрі данышпан емес. Абай ақын да, данышпан да болған.» (С.Мұқанов) 2-топ. «Қазақтың классик әдебиетінің атасы, қазақ поэзиясының күн шуақты асқар биігі.» (Әуезов) 3-топ . Абай-ұлы ақын, жазушы, қоғам қайраткері, казірт қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы.

**Э.НҮРПЕЙІСОВА,**  
**Алтайбаев негізгі орта мектебі.**  
Қарағанды облысы,  
Шет ауданы,  
Жарылғап батыр ауылы

## САН ЕСІМНЕН ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ

Мақсаты: білімділік-сан есім туралы білімдерін бекіту. Ойларын жинақтау; тәрбиелік-оқушылардың бірін-бірі тыңдай білуі, біреудің пікірімен санаса білуі; дамытушылық-оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Түрі: аралас сабақ. Көрнекілігі: слайд, қима қағаздар, венн диаграммасы, топтастыру стратегиялары. Әдіс-тәсілі: өздік жұмыс, сұрақ-жауап. Пәнаралық байланыс: математика, ән-күй, т.б.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі: психологиялық тренинг.

II. Үй тапсырасын тексеру: 1.«Сан есім патшалығына» атты ертегі құрастыру; 2. Астана туралы мәліметтер жинастырып келу.

Топтастыру стратегиясы: Астана туралы мәліметтерін ортаға салу



- Олай болса, балалар, біз бүгінгі сабағымызда Елордамыз Астанаға саяхат жасаймыз. Саяхатқа автобуспен баратындықтан, ең әуелі билет сатып алайық.

III. Өткенді пысықтау: «Блиц турнир».

Сан есім туралы өткен ережелерді қайталау

(Сұрақтарға тез арада, қысқа да нұсқа жауап беру)

1. Қазақ тілі неше салаға бөлінеді? (2)
2. Сөз табын зерттейтін сала? (морфология)
3. Қазақ тілінде неше сөз табы бар? (9)
4. Заттың санын, ретін білдіретін сөз табы? (сан есім)
5. Сан есімнің сұрақтары? (Қанша? Неше? Нешінші?)
6. Сан есім құрамына қарай нешеге бөлінеді? (2)
7. Дара сан есім неше түбірден құралады? (1) Мысалы: он
8. «Отыз бес» сан есімі дара ма, күрделі ме? (күрделі) Себебі:
9. Сан есім мағынасына қарай нешеге бөлінеді? (6)
10. Есептік сан есім нені білдіреді? Сұрағы?

11. Реттік сан есім нені білдіреді? Сұрағы? Жұрнағы?  
12. Топтау сан есім нені білдіреді? Сұрағы? Қай септіктің жалғауы жалғану арқылы жасалады?

13. Жинақтық сан есім нені білдіреді? Сұрағы? Жұрнағы?

14. Нешеге дейінгі сандар жинақтық бола алады?

15. Болжалдық сан есім нені білдіреді? Сұрағы? Жұрнағы?

16. Болжалдық сан есім тағы қалай жасалады?

17. Бөлшектік сан есім нені білдіреді? Неше түрі бар?

18. Сан есімнің басқа түрлерінің жасалуына негіз болатын сан есім?

-Жаксы, балалар! Біз барлығымыз білімімізбен автобуста билет алдық. Енді автобустағы орындарымызға жайғасайық. (Автобуста жүріп келе жатқан қимыл жасау)

IV. Жаңа сабақ. -Мінеки, балалар, біз Елордамыз Астанаға да келіп жеттік. Дәптерімізді ашып, ай күнін жазып, сабақтың тақырыбын жазайық. «Сан есімнен өткенді қайталау»

-Балалар, ең әуелі қайда барайық, нені тамашалайық?

-Жарайды, ендеше Астананың символы - Бәйтеректен бастайық. Бәйтерекке кірмес бұрын біз келесі тапсырманы орындауымыз керек.

Тапсырма: Мәтінді оқы. Сан есімдерді тауып, сөзбен жаз. Құрамына қарай ажырат.

Бәйтерек монументі

Бәйтерек монументі Астана қаласының сол жағында орналасқан. Оның биіктігі - 97 метр. Бәйтерек кешенін салу идеясының авторы – Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаев. Кешен 3 бөліктен тұрады. Бірінші бөлігі – жер асты бөлігі, екінші бөлігі – ұзын темірден жасалған ортаңғы бөлігі, үшінші бөлігі – Бәйтеректің төбесіндегі үлкен дөңгелек шар. Ал дөңгелек шардың ішінде Елбасымыздың қолының ізі бар тас орналасқан. Бәйтерек – Астана символы.

Дара сан есім

Күрделі сан есім

Оқулықпен жұмыс. 130-жаттығу.  
Слайдтан «Бәйтерек» монументін тамашалау.  
-Балалар, біз Бәйтерек монументін тамашаладық. Енді саяхатымызды әрі қарай жалғастырайық.

Автобуспен келе жатырмыз... (Автобуста жүріп келе жатқан қимыл жасау)

Міне, біз «Думан» ойын-сауық орталығына да келіп жеттік. Кірмес бұрын біз келесі тапсырманы орындауымыз керек.

Тапсырма: Мәтінді оқи отырып, семантикалық картаны толтыр.

«Думан» ойын-сауық орталығы

«Думан» ойын-сауық орталығының құрылысы 2004 жылдың ақпанында салына бастады. Құрылыс мерзімі 24 айға жоспарланған болатын. Дегенмен құрылыс 13 айда аяқталды.

Кешеннің биіктігі – 4,75метр. Шеңбер көлемі – 90 метр.

Ал «Думан» ойын-сауық орталығының Мұхитаралының (Океанариум) су қоры су қоры 3000000 литрді құрайды. Оны әзірлеу үшін 120 тонна теңіз тұзы қажет болды. Мұнда жұмыр жердің әр түкпіріндегі теңіз жәндіктерінің 100-дей түрінен тұратын 2000-ға жуық теңіз тұрғындары тіршілік етуде.

Мұхитарал қалыңдығы 7 см акрил шынысынан жасалған 70 метрлік дәлізі бар, 11 аквариумы бар екі үлкен көрме аймағынан тұрады. Бірінші көрме аймағында Оңтүстік Америка мен Оңтүстік Шығыс Азияның тұщы суларын мекен етушілер қойылған. Екінші көрме аймағында атбалықтар, теңіз инелері, сиырбалықтар, итбалықтар назарға ұсынылады.

Семантикалық карта

Сан есім түрлері:	Есептік сан есім	Реттік сан есім	Жинақтық сан есім	Топтау сан есім	Болжалдық сан есім	Бөлшектік сан есім
Мысалдары:						
Екі мың төртінші		+				
Жиырма төрт						
Он үш						
Төрт бүтін жүзден жетпіс бес						
Үш миллион						
Жүз жиырма						
Жүздей						
Екі мыңға жуық						
Жеті						
Жетпіс						
Он бір						
Екі						
Бірінші						
Екінші						

Оқулықпен жұмыс. 133-жаттығу.

Құрамындағы сан есімдерді цифрмен жазыңдар.

Слайдтан «Думан» ойын-сауық орталығын тамашалау.

-Балалар, біз «Думан» ойын-сауық орталығын тамашаладық. Енді саяхатымызды әрі қарай жалғастырайық. Автобуспен келе жатырмыз... (Автобуста жүріп келе жатқан қимыл жасау)

Міне, біз «Хан Шатыр» ойын-сауық орталығына да келіп жеттік. Кірмес бұрын біз келесі тапсырманы орындауымыз керек.

Тапсырма: Мәтінді оқы. Асты сызылған сан есімге сызба бойынша толық кешенді талдау жаса.

Хан Шатыр – Қазақстанның астанасы Астана қаласындағы ірі ойын-сауық және сауда-саттық орталығы. Хан Шатыр 2010 жылы 5 шілдеде Астана күніне орай ашылған. Нысан негізінен берік те тұрақты монокристалл металл қондырғылардан тұрады. Металл қондырғылардың жалпы салмағы 2300-дей тонна, ал шатырдың биіктігі 150 метр. Хан Шатырдың ішкі көлемі 110 000 шаршы метр аумақты алып жатыр.

Оқулықпен жұмыс 131-132- жаттығу. (ауызша)

Слайдтан «Хан Шатыр» ойын-сауық орталығын тамашалау.

-Балалар, біз «Хан Шатыр» ойын-сауық орталығын тамашаладық. Енді саяхатымызды әрі қарай жалғастырайық.

Автобуспен келе жатырмыз... (Автобуста жүріп келе жатқан қимыл жасау) Міне, біз «Пирамида» Бейбітшілік пен келісім сарайына да келіп жеттік. Кірмес бұрын біз келесі тапсырманы орындауымыз керек.

Тапсырма: Сан есімдерді тап. Венн диаграммасы арқылы салыстыр.

«Пирамида» Бейбітшілік пен келісім сарайы

Пирамида іспеттес етіп тұрғызылған сарай 2006 жылы 2 қыркүйекте салтанатты түрде ашылды. Оның табан қабырғасының ұзындығы 62 метр, ауданы 25,5 мың шаршы метр. Ғимарат ағылшын архитекторы Н.Фостердің жобасымен салынған.

Бейбітшілік пен келісім сарайында Қазақстан халықтары ассамблеясы, ұлтаралық және дінаралық келісім орталығы, мұражай, 1,5 мың орынды опера залы орналасқан.

Венн диаграммасы

Екі мың алты                      Ұқастығы                      Жиырма бес бүтін оннан бес  
Кітаппен жұмыс.....

Сабақ қорытындысы

Есептік сан есім	Реттік сан есім	Жинақтық сан есім	Топтау сан есім	Бөлшектік сан есім	Болжалдық сан есім

Рефлексия.

Үй тапсырмасы: Сан есімді қатыстырып мәтін құрау.

Бағалау.

**Ж.ПІРЖАНОВА,  
№3 жалпы білім беру орта мектебі.**

Маңғыстау облысы,  
Мұнайлы ауданы,  
Баянды ауылы

## ЛЕКСИКАДАН ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ

Мақсаты: білімділік-алған білімдерін, іскерлік дағдыларын тексеру, бағалау, таным белсенділігін арттыру; дамытушылық-сөз байлығын молайту, сөздік қорын байыту, өз ойларын еркін жеткізуге машықтандыру, өткен ережелерге қорытынды жасауға үйрету; тәрбиелік-тіл құдіретін сезіне білуге, сөз мағынасын келістіре құбылтып, оларды мейлінше дұрыс қолданып, нақты түсіне білуге тәрбиелеу. Түрі: қайталау сабағы. Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, венн диаграммасы, семантикалық карта, топтастыру. Көрнекілігі: үлестірме қағаздар, бағалау парақтары, техникалық құрал - компьютер құрылғысы, слайд, Қазақстан картасы.

Пәнаралық байланыс: әдебиет, география.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру: а) Оқушыларды түгелдеу, журналға белгілеу; ә) Оқушылардың назарын сабаққа аудару, топқа бөлу.

II. Кіріспе бөлім.

Қызығушылықты ояту. «Кезеңдер бәйтерегі»

Ерте, ерте, ертеде, грек елінде Лексика деген патша өмір сүріпті. Лексика патшалығындағы халықтар өте тілге бай, ділмар, шешен болыпты. Сол патшаның бағында бір ғажайып алма ағашы өседі екен. Бірақ осы күнге дейін сол алманың дәмін ешбір адам татып көрмепті дейді. Оның себебі, алманы жегісі келген адам, алма ағашындағы тапсырмаларды дұрыс орындап жауап беріп, бірнеше кезеңнен өтеді. Сонда ғана дәмі тіл үйретін алмадан ауыз тиюге береді екен.

-Балалар! Бүгін біз де бағымызды сынап, Лексика патшалығына қонаққа келіп, сол тапсырмаларды дұрыс орындап, сұрақтарға жауап беріп көрейік. Мен сіздерге сәттілік тілеймін және дәмі тіл үйретін алмадан ауыз тиетіндеріңізге сенемін.

«Лексика» патшалығында қандай қалашықтар бар екенін еске түсірейік. Топтастыру жұмысы. Лексика.

III. Негізгі бөлім. Мағынаны тану.

Зымыран сұрақтар.

1-топ.

1. Лексика ғылымы нені зерттейді?

2. Сөздің тура, ауыспалы мағыналары дегеніміз не?
3. Көп мағыналы сөздер қандай сөздер?
4. Омонимдер дегеніміз не?

- 2-топ. 1.Синонимдер қандай сөздер?
2. Антонимдер дегеніміз не?
  3. Табу дегеніміз не?
  4. Эвфемизм, дисфемизм.

- 3-топ.
- 1.Тұрақты тіркестер дегеніміз не?
  2. Мақал - мәтелдер дегеніміз не?
  3. Көнерген сөздер, түрлері туралы айтыңдар?
  4. Диалект сөздер дегеніміз не?

4-топ.

1. Кірме сөздер туралы айтыңдар.
2. Жаңа сөздер қандай сөздер?
3. Диалект сөздер дегеніміз не?
4. Терминдер дегеніміз не?

1-тапсырма. Үлестірме қағаздармен жұмыс.  
1-топ. Сөз тіркесінің құрамындағы сөздерді тура және ауыспалы мағынаны білдіруіне қарай топтап жазу.

А) Терең ой, терең сай, терең су, терең білім, терең сезім, терең құдық;  
Ә) Алтын қазына, алтын қол, алтын сақина, алтын сөз, алтын тас, алтын уақыт;

2-топ. Берілген сөздердің антонимін тауып жазыңыздар: Аласа, жылдам, қара, ақылды, ыстық, дұшпан, жақсы, қатты, ескі, үлкен, жомарт.

3-топ. Семантикалық картаны толтырыңыздар.

Сөздер	Эвфе мизм	Дисфе мизм	Табу	Көнерген сөз	Диалект	Жаңа сөз	Кәсіби сөз	Термин	Кірме сөз	Тұрақты тіркес
Аға сұлтан										
Шырайлым										
Лексика										
Ұнтаспа										
Сым										
Тәселке										
Қолды болды										
Мылжың										
Әңгелек										

Көзге ілмеу										
----------------	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

4-топ. Диалект сөздер. Сөздер беріледі, карта бойынша табу.

Тәртіп-нұсқау, бұйрық, сым-шалбар, тұқым-жұмыртқа, жар – қабырға, дөкей – үлкен, бітті – кішкентай, нән – үлкен, дәу – үлкен.

2-тапсырма. 1-топ. Венн диаграммасы. Мақал-мәтелді салыстыру.

Мақал	Ортақ	Мәтел
Себебі мен салдары қатар айтылады Құрмалас сөйлем түрінде келеді. Ой нақты, дәлелді жетізіледі. Лексиканың құрамына кіреді, нақыл сөз.	Лексика Нақыл сөз Сөйлем	Ой тұспалдап, ишарамен жеткізіледі. Жай сөйлем түрінде келеді. Лексиканың құрамына кіреді, нақыл сөз.

2-топ. «Бір сөзбен шеш».

1. Қой аузынан шөп алмайды –
2. Жүрек жалғап алу –
3. Төбе шашы тік тұру –
4. Қас пен көздің арасында –
5. Бетінен оты шықты –
6. Ит терісін басына қаптады –
7. Қырғи қабақ болу –
8. Тонның ішкі бауындай болу –
9. Бармағын тістеу –
10. Аузына құм құйылу –

3-топ. Венн диаграммасы. Көп мағыналы сөздер мен омоним.

Көп мағыналы сөз	Ортақ	Омоним
Сөз жеке тұрып бірнеше мағынаны білдіреді. Мағыналары басқа-басқа, әртүрлі сөз табынан болады. Лексика, сөз, тіл білімі	Тіл білімі Лексика Сөз	Сөз басқа сөзбен тіркесіп көп мағынаға ие болады. Мағыналары жақын, бір сөз табынан болады. Лексика. Сөз. Тіл білімі.

4-топ. Терминдер.

Әріптер	Қазақ тілі	Әдебиет	Математика	Жаратылыстану
А				
Б				
М				
Т				
К				

3-тапсырма. «Тапқыр болсаң тауып көр» ойыны.

1-топ. Мына сұрақтарды ойластырып, мақалмен жауап бер. Ас несімен тәтті?

Ердің атын не шығарады?

Кімнен сұрау керек?

Ақыл мен өнер неге жеткізеді?

Еріншектің несі бітпейді?

Отан қандай?

Түкіріктен көл құрала ма?

Адамның қанаты бар ма, болса ол не?

2-топ. Тұрақты тіркестерден жіберілген қатені тап.

Жерден алты қоян тапқандай.

Жылқыға таңба басқандай.

Жүрегі мұрнының ұшына келу.

Сабағын балта шаппайды.

Отқа су құю.

Сөздің бояуын тамызу.

Ауызды ашып-жұмғанша.

3-топ. Төмендегі тұрпайы сөздердің сыпайы түрлерін табындар.

Өтірік айту, мылжың, ұрланды, өсекші, саңырау, соқыр, ұрлықшы, ақсақ, сақау, туды.

4-топ. Төмендегі іс-әрекет, құбылыстар, ұғымдар қандай мақал-мәтелдермен бейнеленеді?

Өнердің пайдасы.

Еңбектің пайдасы.

Отанды сүю.

Ананың балаға деген мейірімі.

Ұрлықтың, өтіріктің зияны.

Тілдің құдіреттілігі.

Сөздің күші.

Оқудың оңайлықпен табылмайтындығы.

III. Қорытынды бөлім. Ой толғаным.

1-топ. Көнерген сөзге үш сөз, үш сөйлем құру.

2-топ. Кірме сөзге үш сөз, үш сөйлем құру.

3-топ. Кәсіби сөзге үш сөз, үш сөйлем.

4-топ. Жаңа сөзге үш сөз, үш сөйлем.

Мұғалім : - Балалар, бүгін сіздер «Лексика» тарауынан өткен тақырыптарды қайталап, еске түсіріп өз біліміміз бен біліктілігімізді көрсеттік. Ендеше, бүгінгі сабақтан қандай әсер алдыңдар? «Рефлексия» парағын толтырамыз.

Бағалау: белсенді оқушылар бағаланады.

Үй жұмысы: 1. Ереже жаттау.

2. 230-жаттығу.

**Б.ШАКЕНОВА,**  
**М.Жүнісов атындағы № 39 ЖОББМ-і.**

Батыс Қазақстан облысы,  
Жаңақала ауданы,  
Жаңақазан ауылы

## **ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕТИ КЕРЕМЕТІ**

*(Сан есімнен өткенді қайталау)*

Мақсаты: 1. Оқушылардың сан есімнен алған білімдерін тиянақтау теориялық білімін практикамен ұштастыру. 2. Танымдық тапсырмалар арқылы тапқырлық ізденімпаздық қабілеттерін қалыптастыру шығармашылыққа баулу. 3. Елжандылыққа, тілін құрметтеуге баулу. Түрі: саяхат сабақ. Әдісі: сұрақ жауап талдау. Көрнекілік: слайд кестелер. Пәнаралық байланыс: тарих, әдебиет.

Қызығушылықты ояту. Қай шығармадан алынған үзінді. 1. Молдекесі шәкіртіңе батаңды берші,-деп, келген сайын әкем бес тиындық қара бақырды бармағына қыспай жіберген емес..

2. Бастапқы екеу соңғысыз  
Біте қалса қазаққа.  
Алдың –жалын, артың-мұз  
Барар едің қай жаққа?
3. Жиделібайсын жерінде  
Қоңырат деген елінде  
Байбөрі деген бай бопты  
Тоқсан мың екен қарасы  
Сексен мың екен маясы

Бүгінгі сабағымыз. «Сан есімді қайталау»

1. Сан есім дегеніміз не?
  2. Сан есімнің сұрақтарын ата.
  3. Сан есімнің құрамына қарай түрлерін ата.
  4. Дара сан есім дегеніміз не?
  5. Күрделі сан есімдерге мысал келтір
  6. Сан есімнің мағынасына қарай түрлерін ата.
  7. Есептік сан есімнің сұрақтары.
  8. Реттік сан есімнің сұрақтары.
  9. Реттік сан есім жасайтын жұрнақтар.
  10. -ау,-еу жұрнақтары арқылы жасалатын сан есім
  11. Қай сан есімге -ау, -еу жұрнақтары жалғанғанда -ы, -і дыбыстары түсіріліп қолданылады
  12. Болжалдық сан есім жасайтын жұрнақтар
  13. Оннан екі қандай сан есім?
- Қазақ ұғымында қандай киелі сандарды білесіңдер?  
Жеті санына қатысты ұғымдарды ата?

Әрбір халық өз жерінде пайда болған адамзат мәдениетінің асыл да бағалы құндылықтарына жататын ескерткіштерді түгелдеп, ардақтауы

тиіс. Жоғарыда аталған кереметтерден еш кем түспейтін қазақ жерінің жеті кереметі бар. Олар: Таңбалы тас суреттері, домбыра, киіз үй, «Алтын адам», Маңғыстау жер асты мешіттері, Қожа Ахмет Йассауи кесенесі, Астана-Бәйтерек кешені.

Енді осыларға қысқаша тоқталып өтсек.

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕТИ КЕРЕМЕТІ**

Слайд №1. Таңбалы тас суреттері.

Тапсырма. Сан есім емлесіне қатысты ережеге сәйкес қатені тап  
Слайд №2. Алтын адам. Сан есімдерді мағынасына қарай топтандар

Слайд №3. Киіз үй. Сан есімдерге ауызша талдау жаса.

Слайд №4. Домбыра. Домбыра сөзін тұлғасына қарай талда.

Слайд №5. Ахмет Йассауи. Тапсырма. Дара және күрделі сан есімдерді табындар.

Тайқазан. Сан есімдерге морфологиялық талдау жаса

Слайд №6. Маңғыстау жерасты мешіті. Сан есімдердің емлесін түсіндір

Слайд №7. Бәйтерек. Тапсырма. Есептік сан есімдерден басқа сан есім түрлерін жасандар.

• Өзіндік жұмыс.

Көп нүктенің орнына тиісті сан есімдерді қойып, мақалды толықтыр.

1. Ер жігіттің..... сөйлегені өлгені.

2. .... атасын білген ер

..... жұрттың қамын жер.

3. .... атасын білмеген жетесіз.

4. Білекті .... жығар, білімді .... жығар.

5.... кесірі .... тиеді.

Біздер бүгін өз елімізге саяхат жасадық. Керемет ғажайыптардың да өз елімізде бар екенін көрдік. Олай болса шетел асудың қажеті жоқ. Ақшамызды өз елімізге жұмсайық.

Тест:

1. Қазақстан қайда орналасқан?

А) Еуразия орталығы; В) Еуропа; С) Еуразия; Д) Солтүстік; Е) Оңтүстік.

2. ҚР туының түсі қандай?

А) сары; В) көгілдір; С) қызыл; Д) жасыл; Е) ақ.

3. Қазақстанның астанасы қай қала?

А) Алматы; В) Астана; С) Қызылорда; Д) Шымкент; Е) Жамбыл.

4. ҚР тәуелсіздігі қай жылы жарияланды?

А) 1999 ж. В) 1992 ж. С) 1991 ж. Д) 2002 ж. Е) 1993 ж.

5. Астана қаласы қай жылы Қазақстанның елордасы болды?

А) 1993ж. В) 1995ж. С) 2001ж. Д) 1997ж. Е) 1991ж.

6. ҚР тұңғыш ғарышкері?

А) Т.Бигелдинов; В) Т.Мұсабаев; С) О.Сүлейменов;

Д) Ш.Айтматов Е) Т.Әубәкіров.

7. ҚР мемлекеттік тілі қай тіл?

А) қазақ; В) орыс; С) араб; Д) ұйғыр; Е) ағылшын.

8. Қазақстан халқының саны қанша?

А) 10 млн. В) 25 млн. С) 17 млн. Д) 30 млн. Е) 12 млн.

Сабақты қорытындылау. Үйге тапсырма беру.

**П.ҚАНАТОВА,**  
**Арал индустриалды-**  
**техникалық колледжі.**  
Қызылорда облысы

## **ХАТ НЕМЕСЕ АДАМДАР АРАСЫНДАҒЫ ӨМІРДАСТАН ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ТІЛІ**

Мақсаты: білімділік-хаттар, оның түрлеріне тоқталу, хат түрлерінің рәсімделуі, жазылуы туралы мәліметтер беру. Білім алушыларды хат жаза білуге үйрету; дамытушылық-білім алушыларды тапқырлыққа, ізденімпаздыққа баулу, шәкірт санасында өзіндік көзқарас, пікір қалыптастыру. Сауатты жазуға дағдыландыру; тәрбиелік: топтық жұмыс жүргізу арқылы ұйымшылдыққа, бір-бірін сыйлауға тәрбиелеу. Түрі: ашық сабақ. Әдіс-тәсілдері: «почта ойыны», қызығушылықты ояту, проблемалық сұрақтар, СТО стратегиялары: «болжам», топтық жұмыс, Sinkuein немесе бес жолдық өлең. Көрнекіліктер: интербелсенді тақта, презентациялар, хат үлгілері, ҚР іс қағаздарын жүргізу кітаптары. Пәнаралық байланыс: қазақ әдебиеті, қазақстан тарихы.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Білім алушылармен сәлемдесу;
2. Кабинет тазалығына назар аудару;
3. Білім алушыларды тізім бойынша түгелдеу;
4. Білім алушылар назарын сабаққа аудару;

Білім алушыларды алдын ала 3 топқа бөліп алдым.

II. Үй тапсырмасының тақырыбы: Жеке адамдар өміріне қатысты іс-қағаздарының түрлері. «Почта ойыны» арқылы 3 топқа 5 сұрақтан тарату.

Хат арқылы сұрақтар тарату

1. Ресми іс-қағаздар стилі нешеге бөлінеді және оларға қандай іс қағаздар жатады? Екіге бөлінеді, бірінші – жеке адам өміріне қатысты іс-қағаздар (өмірбаян, өтініш, арыз, түсініктеме, сенімхат, қолхат, хат, жеделхат, күнделік), екінші – мекеме, ұйым жұмыстарына қатысты іс-қағаздар (хабарландыру, жарнама, анықтама, бұйрық, келісімшарттар)

2. Өмірбаян дегеніміз не? Оның қандай түрлері бар? Оқу орнына немесе жұмысқа орналасатын адамның жеке басының сапалық қасиетін, өміріндегі негізгі кезеңдерді нақты фактілермен көрсететін іс қағаз.

3. Әдеби норма дегеніміз не және қандай түрлері бар? Тілдің таңдамалы, қолайлы, ой-пікірді дәл беруге жарамды, жалпыға ортақ жүйелері (лексикалық, орфоэпиялық, орфографиялық, грамматикалық нормалар)

4. Фонетика дегеніміз не? Фонетика гректің фоне деген сөзі негізінде қолданысқа еніп қалыптасқан. Фонеманың мағынасы – дыбыс, үн, дауыс. Фонетика – тіл ғылымының, тілдердің дыбыстық жүйесін зерттейтін саласы. Ол тіл дыбыстарын, олардың құрамын, тілдегі дыбыстардың өзгеру заңдылықтарын зерттейді. Сөйлеу тілінің дыбыстарының пайда болуына үш түрлі шарт керек: 1) дыбыс шығаратын дене- сөйлеу мүшелері, 2) қозғалысқа келтіретін күш - өкпеден шығатын ауа, 3) кеңістік – тыныс мүшелері, тамақ, ұуыс мүшелері. Тіл дыбыстарының тілдік емес дыбыстардан негізгі айырмашылығы – олардың адамның сөйлеу мүшелері арқылы жасалатындығында.

5. Саяси-қоғамдық өмірбаян дегеніміз не? Жаңа қызметке келген мемлекет қайраткерін және аты көпке танымал белгілі ғалым, ақын-жазушыларды таныстыру мақсатында жазылады.

6. Жай өмірбаян дегеніміз не? Адам өзі құжат тапсырғалы отырған оқу орнына, не мекемеге орналасқанға дейінгі негізгі өмір жолы айтылады.

7. Автобиографиялық өмірбаянның түрі. Ақын, жазушы, ғалымдар өз өмір белестері жайлы көркем әдеби тілмен естелік ретінде баяндайды.

8. Синтаксис дегеніміз не? Синтаксис – гректің құрау, біріктіру деген мағынаны білдіретін сөзі. Ол грамматиканың бір саласы болып есептеледі де, сөйлемдегі сөздердің бір-бірімен байланысып, сөз тіркесін, сөйлемнің құрамы мен құрылысын, түрлерін және сөйлем мүшелерін зерттейді.

Синтаксисінің негізгі объектісі – сөйлем. Сөйлемнің біршама аяқталған ойды білдіретіндігі, өзара байланысты екі не онан да көп сөздерден және сөз тіркесінен құралатындығы анықталады. Қазақ тілі синтаксисі үш салаға бөлінеді: сөз тіркесі синтаксисі, жай сөйлем синтаксисі, құрмалас сөйлем синтаксисі. Бұл салалар бір-біріне тәуелді, өзара шарттас, тілдің синтаксистік жүйесінің жеке-жеке элементтері болып келеді.

9. Өтініш қандай іс қағаздың түрі? Бір ұйымға мүшелікке өту үшін, жұмысқа не қызметке тұру, оқу орнына құжат тапсыру немесе жеке адамның беретін іс қағазының түрі. Басшының атына жазылады, азаматтың талап-тілегін, мұң-мұқтажын орындауды ескертеді.

10. Арыз дегеніміз не? Лауазымы жағынан жоғары тұрған адамның атына белгілі бір ақпаратты, мәліметті жеткізу мақсатында жазылады.

11. Морфология дегеніміз не? Морфология гректің морфе (форма) сөзінен алынған термин. Морфология тіліміздегі сөздердің құрамын, сөз компоненттерінің, олардың қызметін, сөздердің түзілу ерекшелігі мен өзгеру жолдарын, сөз формаларының жасалу және берілу жолдарын, сөз мағыналары мен формасының ара-қатынасын, сөздердің грамматикалық мағыналарын зерттеп тексереді.

12. Сенімхат дегеніміз не және қандай түрлері бар? Бір адамның өз атынан өкілдік ету үшін басқа адамға (сенім білдірген) берген жазбаша өкілдігін айтады. (бір жолғы, арнаулы, жалпы)

13. Сөйлем мүшелері дегеніміз не? Сөйлем мүшесі деп сөйлем құрамында тұрып, белгілі бір сұрауға жауап беретін толық мағыналы сөзді, сөз тіркесін не күрделі сөзді атаймыз. Сөйлем мүшелері сөйлемдегі маңызына, қызметіне қарай тұрлаулы мүшелер және тұрлаусыз мүшелер болып екі топқа бөлінеді. Тұрлаулы мүшелер деп сөйлемнің негізгі мүшелері болып саналатын бастауыш пен баяндауышты атаймыз. Тұрлаусыз мүшелер деп өздігінен сөйлем құрай алмайтын, тек сөйлемде берілген ойдың шеңберін кеңейтетін анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш



штарды айтамыз

14. Түсініктеме дегеніміз не? Еңбек тәртібі бұзылған жағдайда, оқу жағдайында болған іс-әрекеттің қалай өткенін түсіндіру мақсатында бағынышты мекеменің басшысына жазылады.

15. Лексика және грамматика дегеніміз не? Лексика (грек. лексикос — сөздік) — тілдегі сөздердің жиынтығы, сөздік құрам. Лексикаға тілдегі барлық сөздер кіреді. Сөздер қолданылуына қарай актив және пассив болып бөлінеді. Грамматика (гр. 'grammatike, γράμμα' — әріп, жазу) — тіл білімінің сөз таптарын, сөздердің өзгеруі мен сөйлем құрылысын зерттейтін саласы. Үлкен екі саласы бар: морфология; синтаксис.

### III. Жаңа сабақ

1) Оқытушы: Білім алушылар, бүгін маған Тараз қаласынан хат келді. Соны сіздерге оқып берейін:

*Сәлем хат!*

*Сәлеметсіз бе, Перизат әпкей! Жағдайыңыз қалай? Жездеміз бен кішкентайларыңыз қалай? Арал ауданындағы колледжде оқытушы екеніңізді білемін. Сіз топ алдыңыз ба? Бізбен салыстырғанда тобыңыз қандай? Біз сіздің үмітіңізді ақтауға тырыстық. Мен Тараз Мемлекеттік педагогикалық институтта оператормын, Раушанның жеке сұлулық салоны бар, Замира сіздің ізіңізді қуып, мектепте мұғалім, Раушан №12 гимназияда кадр бөлімінің меңгерушісі, Нұржамал Астана қаласында ЕҰУ-де оқытушы. Барлығымыз асыл жар, ардақты аямыз. Амандық болса 2017 жылы 10 жылдықта КЗ-04 тобы бас қосып, сіз де келсеңіз көктемде өзіміздің колледжге барып қайтсақ деп жоспарлап отырмыз. Сізді қатты сағындық. Кездескенше сау болыңыз!*

*Сәлем жолдаушы шәкіртіңіз Айдана.  
20.01.2016 жыл*

Осы арқылы мен сабақтың тақырыбын ашқалы тұрмын. Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы, әрине, хат туралы.

Хат – достар, туыстар арасында, сондай-ақ мекеме басшыларының жүзбе-жүз пікір алусыларына мүмкіндік болмаған жағдайда өзара қарым-қатынас жасап, пікір алысатын құрал.

Хат жаза білу – үлкен өнер. «Хат көркем шығармашылық еңбек боларлық дәрежеде жазылуы керек. Шығармашылық жолға жасалған алғашқы кадам хат жазудан басталады. Оған жеңіл-желпі қарауға болмайды», - деген болатын ұлы ғұлама, академик жазушы М.Әуезов.

Хат көбінесе қарасөз түрінде жазылады. Хатты түрлі етіп жазуға болады. Оның бірі – жалпы амандықты білдіріп жазу. Бұл хаттың ең қарапайым түрі. Хаттың бұл түрін жай күнделікті қолданылатын қарапайым сөздермен де, көркем тілмен де жазуға болады. Хат жазудың тамаша үлгілерін Б.Алтынсариннен, Ш.Уәлихановтан үйренуге болады.

Хат жазу - өз бетінше дербес орындалатын және сапалы мәтін құра білуге, өз ойын дәл әрі логикалық байланыста бере білуге жаттығудың бірден-бір әр адамға қажетті үлкен мәні бар жазба жұмыстарының бір түрі.

Хат жазу үшін мынандай жайттар есте болу керек:

1. Хатты әңгімелесу түрінде жазуға болады, бірақ ауызекі сөйлеу тілінде көбінесе анықтау, түсіндіру, толықтыру, қайталау сияқты сенімді амалдарды жиі қолдансақ, ал оған қарағанда хат жазу жинақылықты талап етеді;

2. Жалпы ой сөйлем арқылы беріледі, ал сөйлем байланысты сөздерден құралады, сондықтан да хат жазуда ой желісі мүмкіндігінше қысқа және түсінікті болуы керек;

3. Хат жазып отырған адамға тікелей қатысты ойлар айтылады, сонан кейін барып хатты жазушы өзі немесе басқа адамдар жайында айтуға болады;

4. Хат иесіне дұрыс жету үшін конвертті дұрыс толтырып, мекенжайды сауатты әрі анық жазу керектігін ескерту қажет.

Мұзафар Әлімбаев «Хат»

*Хат – алаңқай, адамдар жолығысар,*

*Бірін-бірі құттықтап қолын қысар,*

*Хат та - майдан пікірлер шайқасатын*

*Өмір үшін байыттап байқасатын.*

*Хат жазба, дос, жан жүрек тебіренбей,*

*Қуант бізді өз төбең көрінгендей.*

*Хат жаз, қуант, жұмаққа шақырғандай,*

*Көңілдерге алтын таң атырғандай.*

Хат – пошта арқылы салынатын немесе курьер арқылы берілетін мазмұны әртүрлі құжаттардың жалпы аты. Ол мекемелермен, жеке тұлғалармен хабар алысу құралы қызметін атқарады, әртүрлі мәліметтер жіберуге, оқиғалар туралы құлақтандыруға мүмкіндік береді. Хат мәселені басқа құралдар арқылы (жеке әңгіме, телефон арқылы сөйлесу) шешу мүмкін болмағанда қолданылады. Хаттың көптеген түрі бар. Олар амандық хаттар, мекеме, ұйымға жоғары жақтан келген ресми хаттар, әдеби хаттар болып бөлінеді. Қызметтік хаттардың ішінде жауапты талап ететін және жауапты талап етпейтін хаттар кездеседі. Біріншісіне өтініш, ұсыныс, шағым, сұрау салу, т.б. екіншісіне хабарлама, ақпарат, бас тарту, ескерту мазмұндағы хаттар жатады.

Хат адамдар арасындағы қатынасты жалғайды екен. Сонымен бүгінгі жаңа сабағымыздың тақырыбы: «Хат және адамдар арасындағы өмірдастан»

Проблемалық сұрақтар:

1. Хат неге адамдар арасындағы өмірдастан деп аталады?

2. Осы күні бір-біріңмен хат алысып тұрасыңдар ма?

3. Қазір хат неге мүлде сирек жазылады?

- Иә, қазіргі ғылым мен техниканың дамуы хатты күнделікті қажеттіліктен ысырып шығарды. Себебі адамдар қазір бір-бірімен телефон, интернет, ұялы телефон арқылы кез келген уақытта байланысқа шыға алады. Бірақ хаттың олардан үлкен айырмашылығы бар. Хатта сырдынд, ішкі сезімді сеніп жаза беруге болады. Бұл әр адамның шығармашылық өз еңбегі және хат үлкен сауаттылықты, жазу мәдениетін талап етеді.

2) 3 топ өздеріне берілген тақырыппен танысады:

Хат жеке адамдардың пікірлесу, қарым-қатынас жасау, бір-бірінен қашық жүрген мезгілде байланыстыру мақсатында жазылады. Алыста жүрген құрбыңмен сырласқың келгенде хат көмекке келеді. Хаттың бірнеше түрі бар. Олар амандық хаттар, мекеме, ұйымға жоғары жақтан келген ресми хаттар, әдеби хаттар болып бөлінеді. Жазылу мақсатына, хатта айтылатын мәселенің ерекшелігіне байланысты қызметтік хаттың

өзі бірнеше түрге бөлінеді. Олар:

- а) Ресми хаттар;
- ә) Жеке хаттар;
- в) Ұсыныс, кепілдемелік хаттар (рекомендациялық) хаттар;
- с) Сұрау салу хаттары;
- д) Шағым хаттары;
- ж) Жолдама хаттар.

Ресми хаттар; Белгілі бір ортаның атқаратын жұмыстарына байланысты мәселелер жазбаша қарастырылады. Олар ресми түрде мекеменің атынан жазылады және қызметтен тыс мәселені қозғайды.

Жеке хаттар; Бұл хаттардың ерекшелігі мәселе өрісінің кеңдігі және қызметтен тыс мәселелерге де арналатындығы.

Ұсыныс, кепілдемелік хаттар; Бұл хаттар бір мақсатта ғана жазылады: қызметкерді белгілі бір орынға, қызметке ұсыну жөнінде басшыға ұсыныс жасау. Аталған қызметкердің сол орынға лайық екендігіне кепілдеме беру. Хат ресми, өзіне тән құрылымы сақталып жазылады.

Сұрау салу хаттары; Бұл хаттар бір ғана мақсатпен жазылады: мекемеден керекті ақпаратты немесе белгілі бір құжатты жіберуін сұрау. Сұраныс хатқа мекеменің жауапты адамы қол қояды.

Шағым хаттар; Белгілі бір мекеменің немесе мекеме қызметкерінің заңсыз іс-әрекетін көрсету, соған орай шара қолдануды сұрау мақсатында жазылады.

Жолдама хаттар. Құжатпен бірге жіберілетін қосымшаның немесе қосымшалардың құрамы, мазмұны, көлемі, саны жайлы мәліметтер көрсету үшін жазылады. Бұл хаттар көрсетілген ақпараттың дәлдігімен ерекшеленеді. Жолдама хатқа мекеме басшысы қол қояды.

Хатты жазып отырғанда онда келтірілетін фактілер мен айтылатын мәселенің маңызына, мазмұнына ғана емес, оның тілдік ерекшелігіне де назар аударған жөн.

Әрбір хатты жазғанда қалыптасқан стильдік нормадан ауытқымау керек.

1. Хат туралы мәтінмен танысу, білім алушы алған ақпаратымен топқа түсіндіру. (шебер жеткізе білу)

3) 3 топқа тапсырма беріледі, ол ұлы адамдардың жазған хаттарын тауып оқып беру болатын.

- Ш. Уәлихановтың хатынан үзінді оқу
- Б. Бұлқышевтің хатын оқу
- Б. Момышұлының хатын оқу

«Сіз мені жақсы көремін деп жазыпсыз, - дейді Ф.М. Достоевский Шоқанға қайтарған жауап хатында (1856) Ендеше мен туралап – ақ айтайын: мен сізге ғашықпын. Мен сізді жақсы көргендей ешуақытта да, ешкімді де, керек десе, туған бауырымды да жақсы көрген емеспін... Сіз менен өзіңіздің қызметіңіз жөнінде және жалпы жағдай жайында ақыл сұрайсыз. Менің ойымша: істеп жүрген жұмыстарыңызды тастай көрмеңіз. Сіздің материалдарыңыз көп. Қазақ даласы жайлы мақала жазыңыз... Қазақ даласының не екенін, оның маңызы және өз халқыңыздың Ресейге қандай қатысы барын Ресей халқына түсіндіріп беретін ең бірінші қазақ болу дегеннің өзі ұлы мақсат, ардақты іс емес пе? Оның бер жағында, орыстар арасында өз Отаныңыздың ағарту жолындағы іздеушісі болуыңыздың

өзі қандай игілікті. Еуропаша толық білім алған ең бірінші қазақ екеніңіз есіңізде болсын. Оның үстіне, тағдыр сізге адамгершілік қасиеттер дарытып, тамаша адам етіп жаратқан».

Бұл хаттың идеясы достықты сақтау, сол үшін жиі хат жазып бір — біріне ақыл ойларымен алмасу, кеңесу, бір — біріне жылы сөзбен көмек көрсету.

1862 жылы Потанин мен Майковқа жазған хатында: Атбасар уезіне аға сұлтан болудағы мақсатын жазады, мақсаты - өз халқын әкімдер мен зорлықшыл бай қазақтардан қорғау.

Оқ пен от арасынан оралған. Баубек хаттары – қасиетті де қастерлі «Бауырым Әбеке!

«Бағың артқан шағыңда жапалақ салсаң қаз ілер, бағың қайтқан шағыңда лаиын салсаң аз ілер» дегені сияқты қазақтың, нағыз бұл бір лаиын салсам аз ілетін кезім. Сондықтан да сендердің әрбір хаттарың мен үшін үлкен сүйеу. Бойға қуат. Жүрекке әл...»

Да, Әбеке, менің сол газетте шыққан мақалаларым өзімде жоқ. Әсіресе, «О жизни и смерти» от 1-го мая 42 г. и «Я хочу жить» от 5-го ноября 42 г. Сендердің подшивкілеріңде болса маған жіберші. Өте қажет.

Сендерге жазамын деп әзір уәде бере тұрамын.

Пока. Сау бол. Сағынған інің Баубеің. 10.01.44 жс.»

Баубек Бұлқышев 1916 жылы Қарағанды облысында дүниеге келеді, 1940 жылы Армияға алынады. Екі тілде газетке мақалалар жариялайды. 1944 жылы 3 ақпанда жау қолынан қаза табады. Бұл хат қазақтың белгілі ақыны Әбу Сәрсенбаевқа жазған хаты. Екеуі жұмыс бабымен 1938 жылы танысады, содан байланыстары үзілмейді. Хатында майдандағы бастықысымақтардың қатыгездігіне, әділетсіздігіне налиды, Әбекеннің майданнан алдырамын деген ойына 100 пайыз қосылатынын, қалай алдыруға болатын жолдарын жазады. Амандық, саулық сұрасады, өзінің газетке шыққан мақалалары жайлы сұрайды.

Бауыржан Момышұлының хаттары

«10.09.1960г.

Председателю Совета Министров Казахской Советской Социалистической Республики товарищу Ташенову Ж

«Уважаемый товарищ Председатель!

В январе 1958 года Вы имели со мной личную беседу по поводу подвига лейтенанта Рахимжана Кошкарбаева...»

«13.02.1970 г.

Уважаемый Динмухаммед Ахметович!

По состоянию здоровья я к сожалению, не смог воспользоваться Вашей любезностью принять меня. У меня ни каких личных просьб и других дел к вам нет. Я хотел Вам доложить об одном обстоятельстве...»

1960 жылы 10 сентябрьде ҚазССР Министрлер Советінің председателі Жұмабек Ташенов жолдастың атына хат жазды. Мазмұны: Берлиндегі рейхстагқа бірінші лейтенант Рахымжан Қошқарбаев, красноармеец Григорий Булатовтың қызыл туды тіккені жайлы.

1970 жылы Қазақстанның бірінші басшысы Дінмұхаммед Қонаевқа хатында: «Ерлік елеусіз қалмауы керек» деген афоризммен Қошқарбаев пен Булатовтың ерлігін елеусіз қалдырмауды өтінді.

4) Жаңа сабақтың тақырыбын «Тігінші» мамандығымен байланыстыру. Танымал және сұранысы жоғары мамандықтың бірі бұл – тігінші мамандығы. Бұл сала бойынша белгілі бір жетістікке жету үшін, алдыға қойған мақсатты дұрыс жоспарлап, өз күшіңізді дұрыс бағалай білу қажет. Әрине тігіншінің шығармашылық біліктілігімен қатар, жұмысында табысты болу үшін теориялық бастапқы білімі болуы керек.

«Болжам» стратегиясы. Оқиға мазмұны арқылы баланы қиялдату, ойын, сыни көзқарасын дамыту, проблемалық мәселе туғызу.

Осы орайда әр топқа тапсырмалар бере отырып қиялдауына еркіндік бердім.

3топ – 3 тігін фабрикасы (1-топ «Асия», 2-топ «Бурда», 3-топ «Сымбат»)

3 топ қызметтік хат, кепілдік хат, сұраныс хаттарды берілген үлгілер бойынша толтыру.

5) Синтаксистік талдау (тақтамен жұмыс)

1. Соғыс кезінде маған хат жазып тұрған Әсима деген қыз суретінді жібер деп өтінді.

2. Біздің заманымыз адамның ардақты атын зәулім биікке көтереді.

3. Көптен күткен хат пен посылканы тура алғы шепке жүргелі тұрған сәтте алдым.

IV. Сабақты бекіту.

Синквейн әдісі арқылы сабақты бекіту. «Хат» сөзіне бес жолдық өлең құрастыру.

Оқытушы: Абайдың «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» дегеніндей, әрбір адамзат баласы білім алуға ұмтылуда жан-жақты болуын қадағалауы керек.

Үйге тапсырма:

1. Хат түрлерін оқу, түсінік айту.

2. Хат үлгілерін жазу; біз өзіміз қалаған адамға ата-анаға, ұлы адамға, досқа, бауырға, ағайын-туысқа хат жазу.

Бағалау.

**М.НҮРМҰҚАШЕВА,**  
**Орал гуманитарлық-**  
**техникалық колледжі.**

## **НЕ? ҚАШАН? ҚАЙДА?**

*(танымдық сайыс)*

Құзыреттілікке жеткізетін мақсат-міндеттер:

А) Мәселені шешу: ақпаратты енгізу арқылы оқушылардың туған жер туралы, БҚО табиғаты, колледж туралы білімдерін тиянақтау.

Ә) Ақпараттық: ақпарат қолдану арқылы ақыл – ой әрекетін қалыптастыру, алған ақпараттарын жүйелеу.

Б) Коммуникативтік: оқушыларды топпен жұмыстандыру, сөздік қорын байыту, өз қарым-қатынастарын дәйектеу.

Түрі: сайыс. Әдісі: көрнекілік, иллюстративті.

Барысы: Жүргізуші: -Ортаға алғыр, зерек, білімді оқушыларды жинап, туған жердің тарихы туралы білімдерін сынаймыз. Сайысқа қатысушыларды ортаға шақырайық. Сайысты бағалайтын әділқазылар алқасымен таныстыра кетейік.

Жүргізуші: - І кезеңіміз: Бейнесұрақтар арқылы жауап беру: алдарыңыздағы ұяшықтардағы сандарды атап, сұраққа жауап беріңіз. Әр қатысушы 3 сұраққа жауап береді. Дұрыс жауап 10 балмен есептеледі. Іске сәт!

Жүргізуші: - 1. Қазақстан Республикасының астаналарын атаңыз.

2. Батыс Қазақстан облысының «Қызыл кітапқа» енген хайуанаттарын атаңыз

3. Қазақстан Республикасының соңғы әнұраны қай жылы қабылданды?

4. Қазақстан Республикасының территориясындағы Семей полигоны қай жылы жабылды? (1991ж 29.08)

5. Қазақстан Республикасының бала құқығы туралы Заң қабылданған жылды атаңыз (2002ж 8.10)

6. Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданған жылды атаңыз (1995ж 28.01)

7. Қазақстан Республикасының «Тәуелсіздік туралы Заңы» қашан қабылданды (1991ж. 16.12.)

8. «Шілдехана» дәстүрін еске түсіріңіз.

9. «Білім күні» қашан атап өтіледі (1 қыркүйек күні)

10. Қазақстан Республикасымен шекаралас мемлекеттерді атаңыз

11. Мақалды аяқтаңыз: Аққуды атпаңыз, .....

12. Бұл ескерткіш кімге орнатылған? Ол туралы не айтасыз.

(М.Маметова)

13. Сіздің оқитын колледжіңіз неше қабатты?

14. Қазақ әліпбиінде неше әріп? Екінші әріпті атаңыз

15. «Ұстаз» сөзінің аудармасын айтып, синонимін табыңыз

II кезеңіміз: «Өнер алды- қызыл тіл»-дейді халық. Қазақ тілі - мақал-мәтелге бай тіл. Ендеше, кезекті мақал-мәтелдерге беріп, ұшқыр ойларыңды сынайық!

«Кім көп біледі?» атты кезеңімізді бастайық.

Жүргізуші: -III кезең: мәнерлеп оқу сайысы. Әркім дайындаған өлеңдерін, әндерін оқиды

Оқушылар дайындаған өлеңдерін, әндерін оқиды.

Қорытындылау. Марапаттау.

**М.УРЫНГАЛИЕВА,**  
**«Тайпақ мектеп-гимназиясы» КММ.**  
Батыс Қазақстан облысы,  
Ақжайық ауданы,  
Тайпақ ауылы

## **МҰХТАР ШАХАНОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА АРНАЛҒАН ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ**

**1. Үзінді ақынның қай шығармасынан алынғанын анықтаңыз:**

*«Перзент болу оңай ма толыққанды,  
Зерттеп өс,-деп айдарлы алыптарды».*  
*Мені башқұрт жыршысы Мұстай Кәрім  
Расул Ғамзатовқа алып барды.*

- А) «Мұрын жайлы әзіл»;**
- Б) «Ғашықтық ғаламаты»;
- С) «Отан»;
- Д) «Көкірегімде төрт сәуле бар»;
- Е) «Тоқшылық».

**2. Ғ.Мүсіреповтің соңғы сөзін қай шығармасында мысалға келтіргенін табыңыз:**

- А) «Тоқшылық»;
- Б) «Танакөз»;
- С) «Бақыт геометриясы»;
- Д) «Ормандағы оқиға»;
- Е) «Компьютербасты жарты адам».**

**3. М.Шахановтың өзі әнін жазған өлеңін табыңыз:**

- А) «Туған күн кешінде»;**
- Б) «Айналайын»;
- С) «Өмір-өзен»;
- Д) «Мен саған өкпелемеймін»;
- Е) «Ғашықтар».

**4. М.Шахановтың таңдамалы өлендері қай жылы жапон тілінде жеке кітап боп, аударылып басылғанын анықтаңыз:**

- А) 1989жылы;
- Б) 1992 жылы;**
- С) 2001жылы;
- Д) 2007жылы;
- Е) 1999жылы.

**5. Қайырхан ерлігі қай шығармада жырланатынын табыңыз:**

- А) «Сейхундария»;
- Б) «Нарынқұм трагедиясы»;
- С) «Сенім патшалығы»;
- Д) «12-3=?»;

**Е) «Отырар элегиясы».**

**6. М.Шаханов белгілеген тағдырының тынысы, құдіретті төрт анаға нелер жатады?**

- А) жомарт, қанағат, сабыр, дос.
- Б) Отан ана, туған ана, дос, туған жер.
- С) туған жер, туған тіл, салт-дәстүр, тарих.**
- Д) айбын, айдың, тарих, тіл.
- Е) туған ана, туған тілін, серігің, досың.

**7. «Отан» шығармасындағы Лұқпан хакім қандай адам?**

- А) дана адам;**
- Б) тәкаппар;
- С) жомарт;
- Д) сараң;
- Е) кеңпейіл, ақылды.

**8. Үзінді ақынның қай шығармасынан алынғанын анықтаңыз:**

*–Ұлым, сенен сұранам,  
Тірлігіңде бой көрсетпе жырадан.  
Ұлым, мені таба қылма мынаған.*

- А) «Мұрын жайлы әзіл»;
- Б) «Мені неге Мұхтар қойған?»;**
- С) «Отан»;
- Д) «Көкірегімде төрт сәуле бар»;
- Е) «Тоқшылық».

**9. М.Шахановтың әнін табыңыз:**

- А) «Кел, достарым, биге»;
- Б) «Мен саған ғашық едім»;**
- С) «Ақбөкен»;
- Д) «Ауыл кеші»;
- Е) «Қазақы дастарқаным».

**10. Біріккен Ұлттар Ұйымы Қоршаған Орта Бағдарламасының сыйлығына қай жылы ие болғанын анықтаңыз:**

- А) 1992 жылы;**
- Б) 1994 жылы;
- С) 2002 жылы;
- Д) 2005жылы;
- Е) 1991жылы.

**11. «Қазақтың екі ақыны біргеміз»-деп ақын кімді өзімен үндес санайтынын тап:**

- А) Токтар Әубәкіров;
- Б) Төлеген Айбергенов;
- С) Мұқағали Мақатаев;
- Д) Олжас Сүлейменов;**
- Е) Тұманбай Молдағалиев.

**12. Ақынның қай шығармасындағы негізгі ой әке мен ұлы арасындағы диалогқа құрылғанын табыңыз:**

- А) «Танакөз»;
- Б) «Сейхундария»;
- С) «Желтоқсан алаңы»;
- Д) «Ел тілегінің күші»;
- Е) «Нарынқұм трагедиясы».**

13. «Түркі тілдес халықтар арасындағы ең үздік әлем ақыны» атағына қай жылы ие болғанын табыңыз:

- А) 1999 жылы;
- Б) 2002 жылы;**
- С) 2003 жылы;
- Д) 2005 жылы;
- Е) 2007 жылы.

14. Ұлының Лұқпан хакімге арнап жазған жоқтауы неліктен халыққа ұнамады?

- А) отты, жігерлі болды;
- Б) жалынсыз, жігерсіз;**
- С) шұбыртпалы ұйқасқа құрылған;
- Д) қысқа жазылған;
- Е) ойлы, сюжетті.

15. Ақын неліктен қыз үшін ұялды?

- А) тәкаппар, сұлулығы үшін;
- Б) жомарт, ақылсыздығы үшін;
- С) қазақ тілінде сөйлеу білмегені үшін;
- Д) туған халқының бір әнін де білмегені үшін;**
- Е) отырғандарды менсінбегені үшін.

16. «Мен қыз үшін ұялдым» шығармасында ақын өз ойын жеткізу үшін қандай көркемдік тәсілді пайдаланған?

- А) метонимия, литота;
- Б) теңеу, эпитет;
- С) аллитерация, ассонанс;
- Д) метафора, кейіптеу;
- Е) дамыту, ұлғайту.**

17. Үзінді ақынның қай шығармасынан алынғанын анықтаңыз:

*Достық деген ізгіліктің алаңы,  
Оған куә ғасырлар мен замандар.  
Отанын да сатып кете алады  
Қиын шақта досын сатқан адамдар.*

- А) «Мұрын жайлы әзіл»;
- Б) «Достық өлкесінің заңы»;**
- С) «Отан»;
- Д) «Көкірегімде төрт сәуле бар»;
- Е) «Тоқшылық».

18. Мұрат қай шығарманың кейіпкері екенін табыңыз:

- А) «Тарысы бар аймақтың»;
- Б) «Сейхундария»;
- С) «Ел тілегінің күші»;
- Д) «Танакөз»;**
- Е) «Отан».

19. Не себептен Тәңірден перзент сұраған қарияға ұзақ ғұмыр сыйлағанын анықта:

- А) жомарттығы үшін;**
- Б) сараңдығы үшін;
- С) білімділігі үшін;
- Д) ақылдылығы үшін;
- Е) даналығы үшін.

20. М.Шахановқа қай жылы Токиодағы Сока университетінің Құрметті профессоры атағы берілгенін табыңыз:

- А) 2000 жылы;
- Б) 1995 жылы;
- С) 2001 жылы;**
- Д) 1997 жылы;
- Е) 2003 жылы.

21. «Өнерде де бөгде жұрт шатастырмас

Өз мұрының болсын деп тілек етем» деген өлең жолдарының мағынасын қалай түсінесің?

- А) Мұрының үлкен болсын;
- Б) Тәмпіш мұрын болсын;
- С) Өзге ақындарға еліктегіш бол;
- Д) Өзінің ақындық ерекшелігің болсын;**
- Е) Басқалармен бірдей бол.

22. «Өз мұрының болсын деп тілек етем» деп тілектестігін білдірген кім?

- А) авар ақыны Расул Ғамзатов;**
- Б) Ұшқыш Севастьянов;
- С) башқұрт жыршысы Мұстай Кәрім;
- Д) қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматов;
- Е) сазгер Шәмші Қалдаяқов.

23. М.Шахановтың Е.Хасанғалиевпен бірігіп жазған әнін табыңыз:

- А) «Ақ моншақты аруым»;
- Б) «Көзіңнен айналайын»;
- С) «Ақ көгершін»;
- Д) «Айналайын»;**
- Е) «Сағыныш».

24. «Өлеңінде ешбір ғасыр өшіре алмас өрт жатыр» деп М.Шаханов қай ақынды бағалайды?

- А) Т.Молдағалиев;
- Б) Т.Айбергенов;**
- С) Қ.Аманжолов;
- Д) М.Мақатаев;
- Е) О.Сүлейменов.

25. Он өлеңмен он миллион қазақты таң қалдырған ақындар кімдер?

- А) О.Сүлейменов, Ж.Жабаев;
- Б) А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин;
- С) Ғ.Қайырбеков, К.Ахметова;
- Д) Т.Айбергенов, Махамбет Өтемісұлы;**
- Е) Б.Өтетілеуов, М.Хакімжанова.

26. Жүргізуші неліктен жолаушы қартты далаға тастап кетті?

- А) Ақын өлеңін түсінбегені үшін;
- Б) Өнерді бағаламағаны үшін;
- С) Салт-дәстүрді сыйламағаны үшін;
- Д) Мансабына мақтанғаны үшін;
- Е) Ақын Қасым Аманжоловқа қиянат жасағаны үшін.**

27. Қай көшедегі кездесу мансапқордың қиянатын есіне түсірді?

- А) Т.Жароков көшесінде;
- Б) С.Сейфуллин көшесінде;
- С) Т.Масин көшесінде;
- Д) И.Тайманов көшесінде;
- Е) Қ.Аманжолов көшесінде.

**28. Қай жылы Парижде ЮНЕСКО көлемінде «Өркениеттің адасуы» атты романның тұсаукесері болғанын көрсетіңіз:**

- А) 1989жылы;
- Б) 1990 жылы;
- С) 1995 жылы;
- Д) **1999 жылы;**
- Е) 2001жылы.

**29. М.Шахановтың сөзіне сазгер Ш.Қалдаяқов ән жазған өлеңді табыңыз?**

- А) «Қазақы дастарқаным»;
- Б) «Сен екеуміз»;
- С) **«Өмір-өзен»;**
- Д) «Аққулар»;
- Е) «Туған өлкем-Қазақстан».

**30. Түрік қағанатының құлау себебін анықтаңыз:**

- А) саудагерлерді дәріптегені үшін;
- Б) тума-туысын дәріптегені үшін;
- С) шабармандарын дәріптегені үшін;
- Д) сот-қазыларды дәріптегені үшін;
- Е) ақын, ғалымдарды дәріптегені үшін.

**31. Көз жасыңды көрсетпе жас сәбиге**

**Көз жасыңды көрсетпе, сұранамын,  
Жұрттың бәрі мейірбан, арайлы деп,  
Жұрттың бәрі шындықты қалайды деп...**

**Үзіндіде қайталаудың қай түрі қолданған?**

- А) **анафора;**
- Б) эпифора;
- С) жай қайталау;
- Д) еспе қайталау;
- Е) дамыта қайталау.

**32. М.Шахановқа қай халықтың «Халық ақыны» атағы берілгенін көрсетіңіз:**

- А) өзбек халқының;
- Б) тәжік халқының;
- С) **қырғыз халқының;**
- Д) орыс халқының;
- Е) армян халқының.

**33. Үзінді ақынның қай шығармасынан алынғанын анықтаңыз:**

Достыққа адал бола алмасам,  
Өз сертімде қала алмасам,  
Онда мені туған елдің тұзы ұрсын!

- А) «Мұрын жайлы әзіл»;
- Б) «Ғашықтық ғаламат»;
- С) «Отан»;
- Д) «Көкірегімде төрт сәуде бар»;
- Е) **«Танакөз» поэмасынан.**

**34. Ақын «Бақыт геометриясы» шығармасында бақыт деп нені танитынын анықта:**

- А) **қанағат;**
- Б) байлық;
- С) жомарттық;
- Д) сұлулық;
- Е) билік.

**35. М.Шахановтың сөзіне сазгер М.Илиясов шығарған өлеңін табыңыз:**

- А) «Сәби болғым келеді»;
- Б) **«Мен саған өкпелемеймін»;**
- С) «Ұстазым»;
- Д) « Жез киік»;
- Е) «Ақ Жайық».

**36. М.Шахановтың адамның жастық шағын бағалаған, ерекше мән берген шығармасын атаңыз:**

- А) «Танакөз»;
- Б) «Сейхундария»;
- С) «Достық өлкесінің заңы»;
- Д) **«12-3 =? поэмасы»;**
- Е) « Шың басындағы оқиға».

**37. «Мына ұлың палуан болсын!» деп бата берген кім еді?**

- А) ауыл қариясы;
- Б) әкесінің досы;
- С) **Қажымұқан Мұнайпасұлы;**
- Д) Мұхтар Әуезов;
- Е) Балуан Шолақ.

**38. М.Шаханов шығармаларын орыс тіліне аударма жасаушы кім?**

- А) Олжас Сүлейменов;
- Б) **Евгений Евтушенко;**
- С) Сергей Есенин;
- Д) Константин Симонов;
- Е) Иван Тургенев.

**39. «Танакөз» поэмасының негізгі идеясы не?**

- А) әкелер достығын дәріптеу;
- Б) аналар сыйластығы;
- С) ұлдар достығы;
- Д) **достық, адалдық мәселесі;**
- Е) ауыл жастарының тұрмысы.

**40. Ақын шығармасындағы Дойыл кім еді, қай шығарма кейіпкері?**

- А) «Отан» шығармасындағы Лұқпан хакім баласы;
- Б) «Танакөз» поэмасындағы Мұраттың досы;
- С) Отырар қаласында оқыған бала;
- Д) **«Арман» шығармасында, саудагер;**
- Е) «Жароков көшесіндегі кездесу» өлеңіндегі мансапқор.

**41. Мәңгі лаулап жану үшін ғаламда,  
Үлкен бақыт табу үшін ғаламда,  
Үлкен болып қалу үшін ғаламда**

Адамға не керек екенін анықта:

- А) қанағат;
- Б) білім;
- С) арман;
- Д) ақыл;
- Е) байлық.

42. М.Шахановтың дос болған, әдейі арнап өлең шығарған сазгерін атаңыз:

- А) Е.Хасанғалиев;
- Б) М.Илиясов;
- С) А.Қоразбаев;
- Д) А.Мейірбеков;
- Е) Ш.Қалдаяқов.

43. Ш.Айтматовпен бірлесіп жазған ақынның шығармасы:

- А) «Жазагер жады космоформуласы»;
- Б) «Өркениеттің адасуы»;
- С) «Махаббатты қорғау»;
- Д) «Сократты еске алу түні»;
- Е) «Сейхундария».

44. «... өз дәуірінің көкейкесті проблемаларын дөп басып, кең тыныспен толғай білетін, оқырманына тандай қақтыра отырып, кейде пікір таласын тудыратын, аз уақыт ішінде өз соғына қаншама қалың жанкүйер ерткен Мұхтар Шаханов секілді ақын бұрын бізде кездеспей еді» деп баға берген кім?

- А) Ә.Тәжібаев;
- Б) Ғ.Мүсірепов;
- С) Ғ.Мұстафин;
- Д) Ә.Нұршайыхов;
- Е) Ә.Нарынбетов.

45. Ақын, драматург, қоғам қайраткері Мұхтар Шаханов қай жылы дүниеге келген?

- А) 1942 жылы;
- Б) 1932 жылы;
- С) 1948 жылы;
- Д) 1940 жылы;
- Е) 1944 жылы.

*Әдеби кең*

**А.ҚАРАКЕНОВА,**  
**Сарықұдық негізгі жалпы**  
**білім беретін мектебі.**

Батыс Қазақстан облысы,  
Казталов ауданы,  
Сарықұдық ауылы

## ПОЭЗИЯ ӘЛЕМІ

Мақсаты: Ф.Оңғарсынованың, Қ.Мырза Әлінің, М.Мақатаевтың, А.Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығымен оқушыларды кеңінен таныстыру. Оқырмандардың поэзияға деген қызығушылығын арттыру, өлеңдерін мәнерлеп оқуға дағдыландыру. Әдебиетке, Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру, адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелеу. Ортада өзін ұстауға үйрету.

Көрнекілігі: ақындар портреттері, қабырға газеттер, слайдтар, кітаптар көрмесі, суреттер.

Барысы: Қайырлы күн, қадірлі әдебиет сүйер қауым!

Ойлы жас, өлең менің сырласымдай,  
Сырлассам да құмарым тұр басылмай  
Айтып өткен ақында арман бар ма  
Жүрегінің түбіне кір жасырмай.

Ана сүті, киелі топырақтың жебеуі, өмір сүрген ортасының демеуі, тірліктің тоқсан тарау иірімі, жаныңа жайлы адамдардың мейірімі сол нұр иесін қайталанбас тұлға етіп қалыптастырады. Біздің қазақ елі киелі, ұлы тұлғаларға кенде емес. Бүгін біз бірнеше әдебиет сахнасындағы көрнекті тұлғаларды саралап, даралап көрмекпіз. Қазақ поэзиясының биік шыңдары туралы білгілеріңіз келсе, поэзия патшалығының кереметін көріңіздер. Ендеше, поэзия әлеміне қош келдіңіздер!

Зула, менің жыр-күйем, шабыт жегіп,  
Жер бетіне ғұмырлы жарық беріп,  
Жүректердің құрсауын ағыт келіп,  
Әділеттен сыбаға алып беріп!-

деп, өзінің әйелдік нәзік жүрегімен өлең жырлаған ақын «Поэзия падишасы» туралы Фаризатанушылар кеңінен әңгіме қозғамақ. /5-6 – сынып оқушылары - «Поэзия падишасы» тобы ортаға шығады./

Поэзия!

Менімен егіз бе едің?!

Мен сені сезесің бе неге іздедім?!

Алауыртқан таңдардан сені іздедім,  
Қарауытқан таулардан сені іздедім –

деп, поэзия құдіретіне табынған әдебиет кеңістігінде «Поэзия Хантәңірі» атын иеленген Мұқағали ақын туралы Мұқағалитанушылар тобы сыр бөліседі. /7-сынып оқушылары-«Хантәңірі» тобы шығады./

Көкпарыңды сиясы әлі кеппеген,  
Оқымақ боп қолыма алдым еппенен.  
Оқығанда атойлаған жырыңды,  
Жүзім жылып, болып кетті от денем-

дей келе, қазақ поэзиясының алып айсбергі» деген баға алған ақын Қадыр Мырза Әлі туралы өз ойларын ортаға салғалы келгені Қадыртанушылар тобын ортаға шақырайық.

/8-сынып оқушылары-«Күміс қоңырау» тобы ортаға шығады./

Жүрегімің түбіне терең бойла,  
Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла.  
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,  
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма-

деп, тереңнен өз ойын толғаған жазба әдебиеттің іргетасын қалаушы ұлы тұлға, дара ақын «Қазақтың бас ақыны» Абай туралы Абайтанушылар өз ойларын саптайды. /9-сынып оқушылары-«Жарық жұлдыз» тобы ортаға шығады./ Келесі кезекте сайыстың бағдарламасымен таныстырып өтсек.

1. «Ұлы тұлғалар аласармайды» (ақындар өмірі туралы мәлімет)
2. «Ән-көңілдің ажары» (ақындардың сөзіне жазылған әндр)
3. «Жүрегімді менің өлеңдерімнен ізде» (ақын өлеңдерін жатқа мәнерлеп оқу)
4. «Жанымның жалын жырлары» (ақынға арналған арнау шығармалары)
5. «Әдебиет-өмір айнасы» (ақынның шығармасынан көрініс көрсету)

Ойлы жас өлең менің сырласымдай,  
Сырласам да құмарым тұр басылмай.  
Айтып өткен ақында арман бар ма,  
Жүрегінің түбіне кір жасырмай-

кезекті бірінші бағамға береміз.

Бұл бағамда топтардың ақын туралы мәліметтерінің кеңдігі сарапқа, салынып бағаланады.

Құлақтан кіріп бойды алар,  
Жақсы ән мен тәтті күй.  
Көңілге түрлі ой салар,  
Әнді сүйсең, менше сүй-

демекші «Ән-көңілдің ажары» бағамына кезекті берсек. Әр топ ақын сөздеріне жазылған 2 әнді орындап береді.

Жасырмай айтқан, асырмай айтқан шанам бар,  
Шыға алмай келген, шығам деп сенген шыңым бар.  
Төтелеп соған жетелеп енген жырым бар,

Өмірім осы, ұқпаңдар мейлі, ұғыңдар.

«Жүрегімді менің өлеңдерімнен ізде» бағамына кезегімізді берейік. Ақындардың өлеңдерін жатқа мәнеріне келтіре оқығандығы және өлең санының көптігі ескеріліп, бағаланады.

Етемін мақтан  
Керіліп жатқан даламды,  
Оранған гүлге,  
Жуынған күнге қаламды.  
Етемін мақтан  
Бақытын тапқан адамды.  
Тандатқан күші  
Ақыл-ой, ісі ғаламды.

Өзіңнен өнген, өзіңді сүйген перзентпін-дей келе, «Жанымның жалын жырлары» бағамы бойынша ақынға өз шығармаларын арнау жұмыстарының мазмұндылығы, түрі, орындалуы ескеріледі.

Көзден көшкен көңілден көшпеу үшін,  
Жақсы тірлік жазудан өшпеу үшін.  
Алдағы ұрпақ не істеді, не қойды деп,  
Артағыға айтады естегісін...

демекші, әдеби шығарма адамның күллі ой-қиялын, сыр-сезімін түгел баурайды: қуантады, сүйіндіреді, тандандырады, күйіндіреді, жылатады, күлдіреді. Ендігі кезекті «Әдебиет-өмір айнасы» бағамына беріп, ақын шығармалары бойынша көріністерді тамашалайық.

Бұл бағамда қатысушылардың әртістік қабілеттері, орындау шеберліктері және шығарманың негізгі идеясын аша білу қырлары сарапқа салынады.

Ей, өлең, маған тиген еншім едің,  
Бой жазайын, қасыма келші менің  
Менің саған шамалы жақсылығым,  
Сен де маған, әрине, көншімедің,-

деп ақын жырлағандай «Поэзия әлемі» атты поэзия алыптарына арналған жыр кеші осымен өз мәрсесіне жетті.

Қорытындылау: Үздіктер анықталып, марапатталады.  
Өмір ғашық, бүкіл әлем мас маған,  
Көзім заңғар, күн сияқты қырағы.  
Менің денем Менделеев ашпаған,  
Металдардың қоспасынан тұрады-

деп, Төлеген ақын айтқандай, әр ақын өзінше бір әлем, бір тұлға, дарабоз. Ақын ағалармыздың шығармалары ұрпағымен бірге ғасырдан ғасырға жалғасып, мәңгі жасай бермек.



**Ж.ҚҰРЫМБАЕВА,**  
**Іңкәрбек Жұмағұлов**  
**атындағы орта мектеп.**  
Алматы облысы,  
Райымбек ауданы,  
Шырғанақ ауылы

## **МҰҚАҒАЛИ - МӘҢГІЛІК ҒҰМЫР**

Мақсаты: Мұқағали Мақатаевтың ақындық талантын шәкірт жүрегіне ұялату арқылы поэзияны сүйуге, оны бағалай білуге, сыршыл да шыншыл ақын өлеңдерінің мәні мен маңызына үңілдіруге, рухани танымын кеңейтуге ықпал ету. Көрнекіліктер: слайд, көрме, буклет, ақын туралы пікірлер жазылған плакаттар.

Алтай-Атырау өлеңі (5- а сынып ұлдары) күй ойнап тұрады.

1-жүргізуші: Қанатымен жыр сызып, Нарынқолдан ұшып, еліне, жеріне өз өлеңін сеуіп кеткен әлемге танымал «Қазақ поэзиясының Хан-Тәңірі" атанған Мұқағали атамыздың міне, бүгін туғанына 85 жыл толып отыр. Атырауға барсаң да, Арқа мен Алтайға барсаң да алдыңнан Мұқағали шығады, Мұқағали жұлдызы жарқырайды. Ендеше, Отырардай опат болған қала жоқ па, жарандар? Тату-тәтті бармысыңдар, армысыңдар, Адамдар!—деп Мұқағалидың сәлемдесу салтымен амандасайық. Қош келіпсіздер, өлең сүйер, өнер сүйер қауым!

2-жүргізуші: Қайырлы күн ұстаздар мен ата - аналар, оқушылар!

1-жүргізуші:-5-а сынып оқушыларының "Мұқағали-мәңгілік ғұмыр" атты тәрбие шарасына қош келдіңіздер!

2-жүргізуші: -Біздің халқымызда біртуар азаматтар аз болған жоқ. Қазір де аз емес. Кейінгі қауымға өнеге – өсиеттерін қанатты қалам арқылы қалдыра білген зерделі ақын – жазушыларымыздың бірі, тіпті бірегейі Мұқағали Мақатаев десек, қателеспейміз. Өйткені, оқырманның қай кезде де көңіл-күйін тамыршыдай тап басатын жыр-құдірет Мұқағали ақынға ғана тән.

1-жүргізуші: -Әлем-дархан, саяландар,

Бәріңе де орын бар,

Қорған емес, салтананатты

Сәнді сарай соғыңдар.

- Ей, адамдар, сендер тату, сендер тату болыңдар! —деп жырлап өткен ақын Мұқағали Мақатаев 1931 жылы Алматы облысының Нарынқол ауданында дүниеге келген. Тума дарын Мұқағалидың өмір мектебі Қарасазда.

Ұлағат: Мұқағалидың "Арыз жазып кетейін"

Ұлағат: Ақын күнделігі.

С.Тұрысбековтің «Көңіл толқыны» күйі ойналып тұрады. Күй әуенімен жайлап.

2-жүргізуші:

Сен қазақтың қазақтығын жырладың,

Ашып айттың қазағымның мұң-зарын.

Сол даңқыңды ұрпағыңа жеткізген

Қара өлеңнің – жалындаған жырларың.

Зулап күндер, жылдар аунап барады,

Жырларыңнан қазақ бақыт табады.

Қадірінді сәл кешірек білсек те,

Мәңгі есімің жадымызда қалады.

(«Есіңе мені алғайсың» әні орындалады)

1-жүргізуші: -М.Мақатаевтың ақын ретіндегі басты тақырыбы – өлең өнері еді. Ақын өлеңнің жақсылығын, құндылығын көрсетеді. Шыр етіп жарық дүниенің есігін ашқаннан сәбиді жылы құшағына алып, әлдин жырлайтын жан ана. Бала үшін ең бақытты сәт анасының жұмсақ алақанында жатқаны болса, ананың шаттыққа толы сәті, сәбиінің кіршіксіз шат күлкісі, ана тіршілік бастауы болғандықтан, ана туралы «Шеше сен бақыттысың» - деп жырға қосады. «Аққу – киелі құс». Олар екеу болып қана өмір сүреді. Аққуды қазақ ежелден қастерлеп, бақыттың бастамасы, жақсылықтың жаршысы, пәктіктің, сұлулықтың белгісі деп ұғады. Киелі, құс төресі деп санап оған ешқашан оқ атпайды. Оған дәлел ақынның «Аққулар ұйықтағанда поэмасы». («Аққулар ұйықтағанда» поэмасынан үзінді).

2-жүргізуші:-Мұқағали – ғажайып, ақиық, сыршыл, гуманист ақын. Ол бізге көрінбейтін сиқыр бояулардан, бізге естілмейтін құпия дыбыстардан тоят алатын жұмбақ ақын.

Қалқам, мен Лермонтов, Пушкин де емен,

Есенинмін демедім ешкімге мен,

Қазақтың қара өлеңі – құдіретім,

Онда бір сұмдық сыр бар естілмеген...

деген ақын өлеңінің сырларын суреттеп, бояумен өрнектеген.

Тақпақтар: Ұлағат, Алина, Асқар, Саян, Мақпал, Аян, Райхан, Анара

2-жүргізуші:-Таулар, таулар, тауларым-ай!

Сағынысып қаппыз ғой тарланым –ай!

Таудағыдай еш жерде күн шықпайды,

Түн болмайды еш жерде таудағыдай.

Тау менің несібеме тиіпті ерек,

Мендегі шаттық бөлек, күйік бөлек.

Ақсақалдар: - Таудай бол –дейтін маған,

Таудай болғым келеді биік керек. Осылайша тереңнен толғаған сыршыл ақын өмірден өз биігін іздеумен өтті. Ол биігі – Туған халқы, Ана тілі, Атамекені.

Эвелина: «Сарыжайлау» әнін орындайды.

Қазынам бар

Біреуге берсем бе екен?

Өкпелейді-ау бермесем,

Берсем, бөтен.

Бар байлықты қойныма тығып алып,

Әлде мына құмдардай өлсем бе екен? Мұқағали қазынасы, әрине, - өлең, досы да өлең. Ақын құрметіне "Серпін би"

2-жүргізуші: ... Махаббат бүгін және қарамады,

Қарамады...

Жанымды жаралады.

Шәміл-ау,

Білесің бе?

Шын махаббат –

Осылай қарамаудан жаралады! Иә, нәзік жанды ақынның жүрегінің шынайы іңкәрлік сезімі махаббатқа ұласады.

Арсен, Беглан, Ұлағат: "Сенің көзің" өлеңін орындайды.

1-жүргізуші:-Наурыз - жыл басы, Қазақ халқының Тәуелсіздігімізді алғалы бері тойланып келе жатыр. Наурыз мерекесінің гимініне айналған сөзі М.Мақатаеві, әні Талғат Сарыбаевтікі "Наурыз - думан" әнін қарсы алыңыздар. Орындайтын Мамытбекова Аян

2-жүргізуші:-Қарасаз қара шалғын мекенде өстім,

Жыр жазам оған жұртым елендестің.

Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев,

Өлтіре алмас алайда өленді ешкім-

деп жырлаған М.Мақатаевтың өлендерін бүгінгі ұрпақ жатқа айтады.

Ақын мұрасы, маржан поэзиясы-мәңгілік, болашақ ұрпақтың еншісі, кастерлеп қадірлейтін қазынасы.

Тақпақтар: Диас, Т.Нұрсұлтан, Шәмшия, Аяна, Эвелина, Нұрсұлтан, Сымбат

1-жүргізуші:-Тамаша еді жазғы орман,

Тамашалап мәз болған.

Қайран Қарасазым - ай,

Үйрек ұшып Қаз қонған,-

дей келе "Тау өзені тентек қой" 5- сынып оқушылары

2-жүргізуші:-Ақындардың көмейінен жыр ақса,

Кейбіреулер жыр бәйгеде жүр ақсап.

Бақыт деген – асыл болса, бір мысқал,

Бақыт деген – уақыт болса, бір-ақ сәт. Бақытты құрайтын махаббат па әлде махаббатты құрайтын бақыт па деген түйіні тереңде жатқан сауалды ақын өзінше тұжырымдайды.

Адам өмірінің бақыты - балалық шақ. Балалық шақ бақытсыздықпен өтсе, санасы бар пенденің бүкіл ғұмырына ақау түскені!

Көрініс: Нұрқасым мен Мұқағали

1-жүргізуші:-Жапырақ – жүрек, жас қайың,

Жанымды айырбастайын.

Сен адам бола бастасаң,

Мен қайың бола бастайын.

Келісесің бе, жас қайың? –

деп, ақ қайыңмен тілдескен ақын ана-табиғаттың жұпар нісін аңқытып, сұлулық әлеміне бойлайды. "Қайран Қарасазым-ай"

1-жүргізуші:- Ақынды ақын оятпаса, болмайды,

Ақынды ақын таяқтаса, ол қайғы.

Ақынға ақын басынан-ақ жуықты,

Барлық ақын бір анадан туыпты-

дей келе Кеңесбек Абзалдың ақынға арнауы Мұқағалиға арнау

Болашақ бүгіннен басталады, яғни бүгінгі жастар, зиялы азаматтар. Қоғам қай кезде де біліктілік пен білімділікті, парасаттылық пен ақылдылықты талап етеді. Сол талаптарға сай болу үшін жастар білім ізіне түсіп, мол еңбек етіп шыңдалып, өздерін танытуға тырысу үстінде. Белсенді, отаншыл жастар біздің арамызда.

1-жүргізуші:- Сырым да –осы,

Жырым да –осы,

Алдыңда.

Байқашы бір,

Бықсыдым ба, жандым ба?

... Мұхандар жоқ,

Махандардың сарқыты –

Мұқағали Мақатаев бар мұнда!

1-жүргізуші:- Құрметті тыңдарман қауым! Қазіргі жас ұрпақтың бойын жақсылыққа, ізгілікке, өз ұлтын сүйе білуге баулысақ, сол арқылы мына күрмеуі көп қиын заманда бүкіл саналы өмірінде елінің болашағын жырлап өткен, халқына деген махаббатын тек поэзияда ғана емес, өмірде де, күресте де үлкен азаматтықпен қорғай білген М. Мақатаев мұралары ешқашан өлмек емес. Осымен кешіміз аяқталды. Келіп тыңдағандарыңыз үшін рахмет. Қош, сау болыңыздар!

**Н.ҚАДЫРҚҰЛОВА,**  
**№ 77 орта мектеп.**  
Қызылорда облысы,  
Арал ауданы,  
Құланды елді мекені

## СЕМИНАР - ТРЕНИНГ

Сынып жетекшілермен өткізілген семинарымыздың эпиграфы:  
«Білімдіден не пайда, білгенін көпке айтпаса. Үйреткеннен не пайда,  
қайырымы қайтпаса» Халық даналығы.

Жоспары:

I. Әр түрлі тренингтер.

II. Сынып жетекшілер нені білуі қажет?

III. Тәрбие саласындағы соңғы жаңалықтар.

Рефлексия.

Ұйымдастыру бөлімі.

Шаттық шеңбері.

Ортада шеңбер жасап, әрқайсыңыз бүгінгі көңіл – күйіңізді бір -  
біріңізге қарап ыммен білдіріңіз.

Өзінше түсіну.

Топқа бөлу. Топта бірлесіп жұмыс жасауды ұйымдастыру.

Сіз қандай сынып жетекшісіз?

Қатардағы дөңгелектің біреуін таңда

• 1-2 таңдағандар -

• Кез келген ортада өзін көрсете алатын, ашық, жарқын, көпшіліктің  
алдына шыға алатын, істеген істерінен нәтиже шығара алатындар, бірақ  
бұл топтағыларды жиі мақтап қоймаса істері алға баспайды, мақтауды  
сүйетін жандар

• 7 - 8 таңдағандар -

• Керісінше бұл топтағылар ойын сыртқа шығара алмайтындар, бірақ  
үнемі ізденісте жүретіндер, білімділер

• 3 - 4 - 5 - 6 таңдағандар -

• Жұртқа үйреткенді жақсы көретін, жаңашыл, білмегенін сұрайтын,  
ізденіп жүрген сынып жетекшілер

«Мен кім?» Сынып жетекшілік міндетін жазу.

Сынып жетекші – сабақтан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырып,  
үйлестіріп, келістіріп өткізетін педагог. Бүгінгі күні сынып жетекші –  
кәсіпкер-педагог, ол өсіп келе жатқан бала үшін:

- жалпы адамзаттық мәдениетті меңгеруде оқушы мен қоғамның  
арасындағы рухани жалғастырушы;

- сынып ұжымының бірлескен іс-шараларын ұйымдастырушы;

- оқушы тұлғасының қалыптасуына қолайлы жағдай жасау  
мақсатымен, олардың дамуын бақылаушы, тәрбие жүйесіне қажетті  
өзгерістер енгізуші, мектеп психологымен бірігіп оқушының қоғамдық  
өміріне түзетулер жасаушы;

- сыныпта қолайлы моральдік–психологиялық ахуал қалыптастыру  
үшін, сынып ерекшеліктерін ескере отырып, қажетті тәрбиелік ықпал  
жасаушы.

Әр топқа тапсырма:

• Мына 10 затты пайдаланып

• мектеп ғимаратын салыңыздар.

• 1 принтер 6 кітап

• 2 алма 7 қалам

• 3 сызғыш 8 шахмат

• 4 кеме 9 пима

• 5 ұялы телефон 10 құмыра.

Барлық қатысушылар өз ойларын айтады.

Жауабы:

• Әр топ бір-бірін бағалайды:

• жаңашыл топ-жаңа технологиямен жұмыс істейтіндер,  
жаңашылдыққа бейім

• Ескі әдіс-тәсілдермен жұмыс істейтін, жаңалыққа ұмтыла қоймайтын  
топ

«Не істеуге болмайды?»

1. Оқушының намысын қорлауға;

2. Қосалқы ат қоюға, кемсітуге;

3. Оқу бағасын оқушыны жазалау үшін қолдануға;

4. Оқушының сенгіштігін пайдаланып, уәдесіне тұрмай, қате бағдар  
беруге;

5. Отбасын оқушыны жазалау үшін әдейі пайдалануға;

6. Әріптестерін сыртынан жамандауға немесе кәсіби беделін түсіруге  
құқы жоқ.

«Грек жаңғағы» жаттығуы.

Жаттығуды өткізу үшін маған 14 жаңғақ керек болады. Жаңғақты  
ортаға шашып, әрбір қатысушыға бір - бірден алуды ұсынамын.  
Қатысушыларға қолдарындағы жаңғаққа мұқият қарап, оның құрылысын,  
жекелеген ерекшеліктерін есте сақтап қалу керектігін айтамын. Бұдан  
кейін жаңғақтарды жинап алып дорбаға саламын, араластырып ортаға  
қайтадан шашамын. Әрбір қатысушының міндеті – өз жаңғағын табу. Әр

жаңғақ өз иесін тапқан соң талдауға көшеміз. Кім қалай өз жаңғағын есте сақтады, қандай жолмен оны тапты? Белгілі бір ерекшеліктеріне қарай тапты ма немесе бәрі алып болғанша күтті ме?

Бірінші көзге жаңғақтың бәрі бірдей сияқты болғанымен біраз уақыт жіберіп, мұқият қараса олардың әртүрлі, бірін екіншісімен шатастыруға болмайтынын көруге болады. Адамдар да сол сияқты: әртүрлі, есте қалатындай әркімнің өзіндік жеке ерекшелігі, өзіндік әдемілігі және тартымдылығы болады. Бірақ оны сезіне және түсіне білу қажет. Жаттығу соңында жаңғақты қатысушыларға сыйлаймыз.

«Өрмекші торы» жаттығуы.

Нұсқау: Қатысушылар шеңбер құра отырады. Ойынға барлығы қатысуы тиіс. Жіп кімнен ілініп басталса, сонымен аяқталып өрмек жиналу керек.

Жаттығу шарты: Топта бірін-бірі жақын танығандықтан, әр кім 1-өзінің әріптесіне айтар тілегін, қошеметін, жағымды қылықтарын білдіріп жіпті саусағына іледі, өрмек тоқылды. 2-кері бағытта, бірақ сол ізбен әріптестерінің бойындағы қажет емес қасиеттерін, қылықтарын айту. Өрмекті жию.

Рефлексия: Айтылған тілектер мен сынды қабылдаймыз ба? Сын орынды айтылды ма? Бұл жаттығудың мақсаты да сол, сын түзелмей, мін түзелмейді – дегендей, айтылған ескертпе, сындарды түзете білейік. Болдырмайық.

«Қайта байланыс» жаттығуы

Ұстаздар шеңбер құра отырады да, допты әр қайсысы кезекпен кезек ала отырып тренингтің өткізілуіне байланысты өз ойларын білдіреді:

- Тренингте ең бірінші не ұнады?

- Не ұнаған жоқ?

- Өзің жаңадан не білдің?

б) Рефлексия

«Алған әсеріңіз қандай?»

Қыран түлегіне қайрылмас қанат сыйлайды,

Ұстаз түлегіне алға бастар талап сыйлайды - демекші қадірлі әріптестер шәкірттеріміз білім әлемінде биіктерден көрініп, еңбектеріңіз жана берсін деп бүгінгі тренингімізді аяқтаймыз.

Бір тақырыпқа - екі мақала

**Г.ДӘУРЕНОВА,**

**Т.Әубәкіров атындағы шжо мектебі.**

Оңтүстік Қазақстан облысы,

Түлкібас ауданы,

Еңбек ауылы

## **XXI ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ**

Мақсаты: оқушылардың білімдерінің деңгейін анықтау, қазақ тілі және әдебиет пәніне деген қызығушылығын арттыру, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорын байыту, сөйлеу мәдениетін жетілдіру. Көрнекілігі: Білім, тіл туралы қанатты сөздер, мақал-мәтелдер жазылған плакаттар, ойынға керекті кеспе қағаздар, суреттер. Түрі: зияткерлік ойын.

Жүргізуші: -Армысыздар құрметті ұстаздар мен оқушылар және ойынға қатысушы сайыскерлер! «Халықтың кемеліне келіп, өркендеп өсуі үшін, ең алдымен, азаттық пен білім қажет» деп Шоқан Уәлиханов, «Ғылым майданындағы қатардағы жауынгері тек үнемі оқу, үнемі іздену, талпыну, тану, өмір мектебіне өту арқылы ғана оның ірі қайраткері дәрежесіне дейін көтеріледі» деп Қаныш Сәтбаев айтып кеткендей, еліміздің болашағы тек білімді жастар екендігі даусыз.

Осы мақсатпен қазақ тілі және әдебиет пәнінен 7-9-сыныптар арасында «XXI ғасыр көшбасшысы» зияткерлік ойынын өткізгелі отырмыз.

Алдымен қатысушы оқушыларды таныстыру. Сайыс 5 бөлімнен тұрады:

I бөлім - «Бәйге».

II бөлім - «Тіл өнері».

III бөлім - «Жеті жұмбақ».

IV бөлім - «Тапқырлық».

V бөлім - «Жорға».

Жүргізуші: -Сонымен оқушылар, іске сәт, жұлдыздарыңыз жансын!

Жүргізуші: -Бірінші «Бәйге» бөлімінде қатысушылар қойылған сұраққа тез және нақты жауап беру керек.

1. Қазақ тілі алғаш мемлекеттік тіл мәртебесін қай жылы алды? (1989ж)

2. Қазақстан Республикасында тілдер мерекесі қашан? (22-қыркүйек)

3. Абай білім алған медресе? (Ахмет - Риза)

4. Қайрат, ақыл, жүрек туралы Абайдың нешінші кара сөзінде айтылады? (17)

5. «Қара ой» кім туралы шығарма? (Махамбет)
6. Шөже неше ақынмен айтысқан? (7)
7. М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасындағы көл аты? (Жетімкөл)
8. Қамбар батырдың жары? (Иазым)
9. «Маса» жинағының авторы? (А.Байтұрсынұлы)
10. Жүсіпбек Аймауытовтың «Әнші» әңгімесіндегі әнші жігіт? (Әмірқан)

11. «Көксерек» әңгімесінің басты кейіпкері? (Құрмаш)
12. «Шығыс ұлына хат» кімнің шығармасы? (Баубек Бұлқышев)
13. «Қазақ хрестоматиясын» жазған кім? (Ы.Алтынсарин)
14. Физулидің «Ләйлі-Мәжнүн» қазақша аударған кім? (Шәкәрім)
15. Ақан сері жүйрік тазысын қалай атады? (Базаралы)
16. Жәңгірханның немересі, әдебиет өкілі? (Ш.Бөкеев)
17. «Оян, қазақ» жинағының авторы? (М.Дулатов)
18. «Алпамыс батыр» жырындағы Гүлбаршынның анасы? (Алтыншаш)
19. Құлагер кімнің асында мерт болады? (Сағынай)
20. «Ертарғын» жырындағы дана жырау? (Сыпыра)
21. Салт айтысының түрлері қандай? (Қыз бен жігіт, ақындар айтысы)
22. Шөжеде қандай мін болады? (Соқырлығы, бір атасы қырғыз)
23. Сара неше жасынан қолына домбыра алады? (13)

Жүргізуші: Екінші бөлім - «Тіл өнері». Берілген мақалдағы жасырын сөздерді тауып, мақалды жалғастыру.

1. Тіл тас жарады, тас жармаса ... (бас жарады)
2. Бал тамған тілден ... (у тамған)
3. Сөз тапқанға... (қолқа жоқ)
4. Жыртық үйді жел табар,... (өтірік сөзді шын табар)
5. Тауды, тасты жел бұзар,... (адамзатты сөз бұзар)
6. Жаксы сөз ... (жарым ырыс)
7. Ине көзінен сынды,... (шешен сөзінен сынды)
8. Қаһарлы сөз ... (қамал бұзар)
9. Шебердің қолы ортақ, ... (шешеннің тілі ортақ)
10. Жаксы байқап сөйлер,... (жаман шайқап сөйлер)
11. Сүнгі жарасы бітер,... (тіл жарасы бітпес)
12. Бас кеспек болса да... (тіл кеспек жоқ)
13. Дәлелсіз сөз ... (желмен тең)
14. Тіл қылыштан ... (өткір)
15. Піл көтермегенді... (тіл көтереді)

Екі бөлімнен кейін ұпайы аз 2 оқушы ойыннан шығады.

Жүргізуші: Үшінші бөлім - «Жеті жұмбақ». 20, 30, 40 деген сандарды алып, сұрақтарға жауап беру. Сұрақты ұпайы аз оқушы таңдайды.

Аллитерация- бірыңғай дауыссыз дыбыстардың қайталануы.

2. Градация - дамыту, алдыңғы сөзден соңғы сөзді, алдыңғы ойдан соңғы ойды асыра, асқақтата түсу.

3. Жанрдың түрлері- 3 түрі бар: эпостық жанр, лирикалық жанр, драмалық жанр.

4. Диалогия - екі бөлімнен тұратын көлемді көркем шығарма.

5. Кейіпкер - көркем шығармада суреттелетін оқиғаға қатысушы адам.

6. Стильдің түрлері - ғылыми, көркем әдеби, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, іс-қағаздар.

7. Реализм - әдебиетте өмір құбылысын бар қалпында, шыншылдықпен бейнелейтін көркемдік әдіс.

8. Эпилог - көркем шығарманы қорытындылайтын компонент.

9. Юмор - өмірдегі күлкілі болмыс, оқиғаларды зілсіз қалжыңмен әжуалайтын комедиялық жанрлардың бір түрі. Тағы да ұпай саны аз оқушы ойыннан шығады.

Жүргізуші: Төртінші бөлім - «Тапқырлық». Берілген қазақ - ақын жазушылардың суреттерін аты-жөнімен атау.

Жүргізуші: -Соңғы бесінші бөлім - «Жорға». Бір минут ішінде берілген сұрақтарға тез жауап беру.

1. Қазақ даласының жарық жұлдызы? (Ш.Уәлиханов)

2. «Үлкен» сөзі заттың қандай сынын білдіреді? (көлемін)

3. Қазақ әдебиетіндегі алғашқы роман? (М.Дулатов «Бақытсыз Жамал»)

4. Ақылды сөзінің түбірі?(ақыл)

5. Абайдың туған жылы? (1845)

6. Қазақ ертегілерін 3 топқа бөлген кім? (М.Әуезов)

7. Айтыстың ең көне түрі? (Бәдік айтысы)

8. Алпамыс батырдың тұлпары? (Байшұбар)

9. «Махаббаттың қос шынары» кімдер? (Қозы мен Баян)

10. Үстеудің неше түрі бар? (7)

11. Орфография қай елдің сөзі? (грек)

12. Шоқанның әжесі? (Айғаным)

13. Тұңғыш кемеңгер? (Ыбырай)

14. Абайдың қанша кара сөзі бар? (45)

15. Ақанның шын аты? (Ақжігіт)

Ойынды қорытындылау.

## XXI ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ

Мақсаты: оқушыларды өз бетінше ізденуге, ойларын еркін жеткізе білуге үйрету. Ой-өрісін, тілін, ойлау қабілетін дамыту. Шығармашыл, белсенді тұлға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: интербелсенді тақта, мақал-мәтелдер жазылған үлестірмелі қиықшалар, сызба, сандар.

Түрі: зияткерлік ойын.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

– Тыңдаңыздар! Тыңдаңыздар!

Сайыстан тыс қалмаңыздар!

Мұнда қызық табылар,

Білім нұры шашылар.

Ақыл, тілі дамыған,

Үлгі алайық қыздардан!

- Құрметті ұстаздар, ата-аналар, оқушылар! Еліміздің болашағы тек қана білімді жастар екені даусыз. Осы мақсатпен 7, 8, 9, 10-сынып оқушыларының арасында «XXI ғасыр көшбасшысы» зияткерлік ойынын өткізгелі отырмыз.

Келді бүгін көп достар.

Ұстаздар мен жолдастар,

Мерекесін елімнің

Бірлікпенен тойлайық.

Егеменді елімнің қуанышын қолдайық!

Білімді де дарынды

Жастары көп елімнің

Озат алғыр, лидерлер

Болашағы Отанның.

Қуаныш пен қол соғып «XXI ғасыр көшбасшыларын» қарсы алайық! (Қуанышты музыка)

Казалось бы, нет ничего сложного в том, чтобы принять участие в нашей игре. Эрудиция, широкий кругозор, хорошая память - этих качеств сегодняшним игрокам не занимать. Но только одному из них улыбнется фортуна, тому, кто способен побеждать. Вот они, лучшие из лучших, генераторы идей, азартные игроки, те, кого обычно называют лидерами! Білімдінің ең озатын алуға. Төралқа отыр таразыға салуға.

Төралқа мүшелері:

Сайыс 7 бөлімнен тұрады.

I бөлім – «Танысу».

II бөлім – «Бәйге».

III бөлім– «Полиглот».

IV бөлім – «Білімпаз».

V бөлім – «Шығармашылық тур».

VI бөлім – «Тілөнері»

VII бөлім – «Жорға» деп аталады.

– Әрбір дұрыс жауап үшін қатысушыларға 5 ұпайдан беріледі. Әр турдан кейін ұпайы төмен оқушылар шығып отырады. Ең соңында бір оқушы, яғни, көшбасшысы қалу керек. Сонымен, қатысушыларға сәттілік тілей отыра, ойынымызды бастаймыз.

Основные критерии оценки.

Чтобы быть признанным в качестве лидера, участнику необходимо быть эрудированным, активным, решительным, проявить себя в неожиданной ситуации и повести за собой других.

1. Знание не менее 3-х языков;

2. Логика изложения, отсутствие повторов;

3. Выразительность и правильность речи;

4. Оригинальность подачи материала, умение

владеть собой.

Оценивание по пятибальной системе. Имена участников на табло. Подведение итогов жюри делает после 3, 5, 6, 7 туров.

1 тур. Танысу (гонг)

Ежелгі шығыс елінің

Аңсаған арман ойы бар.

Кездескенде қауыммен

Танысу деген салты бар.

В первом туре «Моя визитная карточка» вы должны рассказать о себе, продемонстрировать при этом владение тремя языками - казахским, русским, английским.

Ал енді қатысушыларға сөз береміз.

II бөлім “Бәйге” бөлімінде қатысушылар қойылған сұраққа тез және нақты жауап беруі керек.

Білімдерін сынауға

Күш сынасты озаттар

Күтіп отыр қауым да

Бәйгеден озар лидерді.

Наш народ ценит коня,

А не царский трон.

Мрет казахская душа, когда

Пыль от скачек ветровых скроет небосклон.

Чуть колышутся травы несмятые,

Скакуны пролетают крылатые.

Будь их сто, будь их тысяча,

Но побеждает один все равно.

Правила тура: ведущие задают вопросы, отвечает участник, первым поднявший сигнальную карточку.

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. (қазақ тілі)

2. Қ Р ақшасы қашан енгізілді? ( 15.11.2003ж)

3. Басты байлық. (денсаулық)

4. 12 ай (жыл)

5. Күйді орындаушы адам (күйші)

6. Заттың атын білдіретін сөз табы (зат есім)

7. Қазақша жылдың басы не? (тышқан)

8. 25 қазан қандай күн? (Республика күні)

9. ҚР мемлекеттік рәміздерін ата.

10. Жаңа әнұранның сөзін кім жазған?(Ж. Нәжімеденов, Н.Назарбаев)

11. ҚР тұңғыш ғарышкері кім? ( Т.Әубәкіров)

12. Көру мүшесі не? (көз)

13. 100 жыл (ғасыр)

14. Заттың қимылын білдіретін сөз табы? (етістік)

15. 9 мамыр қандай күн?

16. Абылайдың шын аты кім? (Әбілмансұр)

17. Осы жыл ненің жылы?

18. Орман дәрігері? (тоқылдақ)

19. Жаңа әнұранның әнін жазған кім? (Ш.Қалдаяқов)

20. ҚР тәуелсіздігі қашан жарияланды? (16.12.1991)

3 тур - Полиглот.

Тілдерді меңгеремін, тең көремін.

Полиглот сайысында күшімді сынап көремін.

Полиглот - грек тілінен аударғанда көп тілді меңгеруші адам деген мағынаны білдіреді.

Суть этого тура в том, что вы должны внимательно послушать пословицы и должны их закончить. Дополненное слово должно звучать на трех языках - на русском, казахском и английском. Начинает тот участник, у кого меньшее количество баллов. Если кто-то не смог ответить, тогда остальные участники поднимают сигнальные карточки.

1. Мектеп - кеме, білім -... (теңіз, море, sea)

2. Өлімнен ұят... (күшті, сильный, strong)

3. Денсаулық - зор... (байлық, богатство, richness)

4. Ананың сүті -... (бал, мед, honey)

5. Білім - сандығы... (кітап, книга, Book)
6. Жақсы ат - жанға... (серік, друг, спутник, friend)
7. Әдепті бала - арлы... (бала, ребенок, child)
8. Бала тілі... (бал, мед, sweet, honey)
9. Тіл адам жанының... (тілмәші, переводчик, interpreter)
10. Ашу-дұшпан, ақыл -... (дос, друг, friend)

IV бөлім – «Білімпаз».

Ойынға бүгін келіп тұр

Ғылым сүйген шәкірттер

Кестенің атын, санына тап сұрақтарына жауап беру.

Жауап бере алмаған жағдайда қарсылас ойыншы сол сұраққа жауап бере алады.

Начинает тот участник, у кого наименьшее количество баллов. Если участник не сможет ответить, тогда другие участники поднимают сигнальные карточки получают соответствующие баллы.

«Ақындар».

10 - Бес жақсы, бес жаман әдет туралы жазған ақынды ата.(Абай)

20 - Кезінде “қазақ даласының жұлдызы” атанған ақын, жазушыны ата. (Ыбырай)

30 - Төрт жасынан бастап мектепке барған ақынды ата. (Мағжан Жұмабаев)

«Ойлан, тап»

10 - 2 сағат 15 минут неше минутқа тең? (120+15)

20 - Шанаға қосарланып жегілген екі ат 20 км жүріп өтті. Әр атқанша км жүріп өтті? ( 20 км)

30 - Сәуле, Әсет, Батыр – туыстар. Сәуле – Әсеттің қызы; Әсет - Батырдың ұлы. Сәуле Батырға кім болады? ( немере)

Табиғат

10 - Ең алғашқы пайда болған өсімдікті ата (балдырлар)

20 - Бұл кітап өсімдіктер мен жануарлардың көптеген түрлерінен жер бетінен жоғалып, құрып кету қаупі төнгенін ескертеді. (Қызыл кітап)

30 -“құс патшасы” деп қай құсты атайды? (аққу)

V бөлім – «Шығармашылық туры»

(Қатысушыларға жеке өнерін көрсетуге рұқсат беріледі)

VI бөлім “Тіл өнері.”

Таңдаған тақырып бойынша мақалдарды айту. Көп мақал айтқан ойыншыға 10 ұпай. Тақырыптары: “Отан”, “Еңбек”, “Білім”, “Жақсы, жаман”.

VIII бөлім – “Жорға”

1 минут ішінде берілген сұрақтарға жауап беру.

1. Облысымыз қалай аталады? (Солтүстік Қазақстан)

2. Оңтүстік астанамызды ата.(Алматы)

3. Жер шарының үлгісі.(глобус)

4. Қарағандыда қандай пайдалы қазба бар? (көмір)

5. Жер астынан фонтанша атқылайтын су? (артезиан)

6. Алғаш «Қазақ хрестоматиясын» жазған кім? (Ыбырай )

7. Атақты қазақ күйшісі? (Құрманғазы)

8. Ұя салмайтын құс (көкек)

9. Есту мүшесі (құлақ)

10. Жеті күн (апта)

11. Заттың сынын білдіретін сөз табы? (сын есім)

12. 30 тамыз қандай күн? (конституция күні)

13. “Жақсылардың жақсысын” ата. (білім, еңбек)

14. Алфавитте қанша әріп бар? (42 әріп)

15. Қазақстан бұлбұлдын ата. (Бибігүл)

16. Атақты суретшіні ата. (Қастеев)

VII. Қорытынды.

Жеңімпаз оқушыны анықтап, қорытындылау.



**Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті” –**  
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-  
педагогикалық және әдістемелік журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»**  
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 04.04.2016 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы –5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСИ – 75746.**

**Мекен-жайымыз:** 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

**Электрондық пошта:** Kazulagat@mail.ru.

**Журнал сайты:** www.kazhu.kz

**Басылатын жері** – ЖК Асубаев С.Ш.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ  
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ  
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН  
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №4, 2016 ж., 144 бет, Алматы.